Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 323(574-25)(043.3)

Қолжазба құқығында

ӘЛІШЕРОВА АЙГЕРІМ БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

Саяси реформалар кезіндегі студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктері (Алматы қаласы мысалында)

8D03104 – Саясаттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
PhD, қауым.профессор Төлен Ж.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, профессор Александр К.Динер
(АҚШ, Канзас университеті)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР..... 4
КІРІСПЕ..... 5
1 ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ ДИСКУРС..... 17
1.1 Саяси мәдениет ұғымы және оның теориялық-концептуалдық аспектісі..... 17
1.1.1 Саяси мәдениеттің теориялық түсіндірмелері, классикалық типологиялары және қазақстандық контекст..... 17
1.1.2 Саяси мәдениеттің функциялары мен негізгі компоненттері..... 20
1.1.3 Жастардың саяси қатысуы мен белсенділігінің теориялық үлгілері..... 22
1.2 Жастар саяси мәдениет субъектісі ретінде: әлеуметтік-мәдени, құндылықтық аспектісі..... 26
1.2.1 Қазақстан жастарының саяси мәдениеті мен құндылықтық бағдарлары... 26
1.2.2 Жастардың саяси әлеуметтену ерекшеліктері..... 29
1.2.3 Саяси мәдениет динамикасы: транзиттік қоғам жағдайындағы өзгерістер 31
1.3 Студенттік жастардың саяси мәдениетін зерттеудің жаһандық бағыттары: библиометриялық талдау..... 38
1.3.1 SCOPUS базасындағы мақалаларға библиометриялық талдауды студенттік жастардың саяси мәдениетін зерттеуде қолдану..... 38
1.3.2 SCOPUS базасы бойынша ғылыми жарияланымдарды талдаудың әдіснамалық тәсілдері..... 39
1.3.3 VOSviewer және R Studio бағдарламаларын ЖОО студенттерінің саяси мәдениетін зерттеуде қолдану тәжірибелері..... 40
1.3.4 Библиометриялық талдау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижелері..... 41
2 САЯСИ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ..... 50
2.1 Саяси трансформациялар контекстіндегі саяси мәдениет: қазақстандық ерекшелік..... 50
2.1.1 Қазақстандағы саяси жүйе эволюциясы және саяси мәдениеттің өзгеруі.. 50
2.1.2 Қазақстандағы саяси трансформацияның индикаторлары..... 53
2.1.3 Саяси мәдениеттің терең трансформациясын тежейтін әлеуметтік-мәдени және құрылымдық кедергілер..... 55
2.2 Қазақстандағы саяси реформалар: институционалдық өзгерістер және олардың жастарға ықпалы.....59
2.2.1 “Жаңа Қазақстан” саяси реформаларының мәні мен мазмұны.....59
2.2.2 Саяси реформалар жағдайындағы жастардың парламенттік өкілдігі: партиялық сайлау тізімдеріндегі жас кандидаттар үлесінің сандық талдауы..... 62
2.2.3 Жастардың мүдделерін парламенттік деңгейде көтеру: жас депутаттар

сауалдарының мазмұны..... 65
2.2.4 Саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларындағы жастар дискурсы: мазмұндық және статистикалық талдау..... 69
2.2.5 Онлайн-петициялар институты жастардың цифрлық саяси қатысуының арнасы ретінде.....76
2.3 Жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуындағы әлеуметтік медианың рөлі..... 79
2.3.1 Интернет пен әлеуметтік медианың жастар саяси мәдениетін қалыптастырудағы орны..... 79
2.3.2 Қазақстан мен Ресей жастарының саяси қатысуында әлеуметтік медианы пайдалану ерекшеліктері..... 83
3 ҚАЗІРГІ САЯСИ РЕФОРМАЛАР КЕЗЕҢІНДЕГІ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ (Алматы мысалында).....90
3.1 Саяси реформалар жағдайындағы студенттік жастардың саяси мәдениеті (Алматы қаласының ЖОО мысалында)..... 90
3.1.1 Зерттеу әдістемесі: Алматы қаласы студент жастарының саяси мәдениетін эмпириялық талдаудың үлгісі және деректер жиынтығы.....90
3.1.2 Респонденттердің демографиялық және әлеуметтік сипаттамалары..... 91
3.1.3 Студент жастарының саяси мәдениет көрсеткіштері: сауалнама нәтижелері және интерпретациясы.....93
3.1.4 Саяси мәдениет индикаторлары мен реформалар туралы хабардарлық арасындағы корреляциялық байланыстар..... 112
3.2 Алматы жастарының саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшелігі.....116
3.2.1 Сараптамалық сауалнама әдістемесі: эксперттерді таңдау және сапалық талдау тәсілдері.....116
3.2.2 Жастардың саяси мәдениетінің ерекшеліктері: сарапшылар көзқарастары мен бағалары..... 117
3.2.3 Сарапшылар ұсынған жастардың саяси мәдениетін арттыру тетіктері.... 126
ҚОРЫТЫНДЫ..... 128
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....132
ҚОСЫМША А..... 145
ҚОСЫМША Б.....155
ҚОСЫМША С..... 160

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Инклюзивті – әртүрлі әлеуметтік топтардың (соның ішінде мүгедектер, әйелдер, жастар, этникалық азшылықтар және т.б.) қоғам өміріне тең және толыққанды қатысуын қамтамасыз ету қағидасы.

Консерватизм – дәстүрлі құндылықтарды, тарихи қалыптасқан нормалар мен институттарды сақтау қажеттігін алға тартатын саяси-идеологиялық бағыт.

Плюрализм – қоғамда әртүрлі саяси көзқарастардың, мүдделердің және әлеуметтік топтардың қатар өмір сүруі мен өзара бәсекелестігін мойындайтын қағида.

Субмәдениет – белгілі бір әлеуметтік топтың негізгі мәдениеттен ерекшеленетін, өзіне тән құндылықтар, мінез-құлық үлгілері мен өмір салты бар мәдени кеңістігі.

Урбанизация – халықтың ауылдық жерлерден қалаларға көшуі және қалалық өмір салтының таралуы арқылы қалалардың өсуі мен дамуы.

БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары

ЕСЕП - Елін сүйген ерлер партиясы

ЖОО - жоғары оқу орны

КСРО - Кеңес Социалистік Республикалар Одағы

ҚазҰПУ - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ҚазҰУ - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҚазХҚжӘТУ - Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

ҚКХП - Қазақстан коммунистік халық партия

ҚР - Қазақстан Республикасы

ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ - Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты

ҮЕҰ - Үкіметтік емес ұйым

SPSS - Statistical Package for the Social Sciences

WVS - World Values Survey

NEET - Not in Employment, Education, or Training

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық зерттеу Қазақстандағы саяси реформалардың студенттік жастардың саяси мәдениетіне тигізетін ықпалын кешенді түрде қарастырады. Қазақстандағы соңғы жылдардағы саяси өзгерістер студенттердің саяси қатысуы мен көзқарастарына қалай әсер еткенін талдау негізгі зерттеу мәселесі болып табылады.

Жұмыста жастардың саяси мәдениеті ұғымының теориялық негіздері, оның құрылымдық ерекшеліктері мен түрлері зерделенеді. Сондай-ақ Қазақстандағы саяси реформаларға талдау жүргізіліп, олардың студент жастардың саяси санасына, белсенділігіне және әлеуметтену бағдарларына ықпалы қарастырылады.

Зерттеу Алматы қаласының студенттік жастарын мысалға ала отырып жүргізіледі, себебі бұл қала – саяси, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан белсенді жастардың шоғырланған ортасы. Эмпирикалық деректер негізінде Алматыдағы студенттік жастардың саяси мәдениетінің ерекшеліктері мен белсенділігінің трансформациялану үрдісі сипатталады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Біріншіден, жастар кез-келген қоғамның ең негізгі қозғаушы күші әрі саяси процестерге белсенді қатысатын әлеуметтік топ болып есептеледі. Қазіргі кезеңдегі жастардың саяси мәдениетін, құндылықтары мен бағдарларын, көзқарастары мен жүріс-тұрыс үлгілерін зерттеу өте өзекті мәселе болып табылады. Президент Қ. Тоқаевтың бастамалары саяси институттарды айтарлықтай өзгертуге, азаматтардың белсенді қатысуын дәйекті түрде арттыруға және нәтижесінде Қазақстанда жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға бағытталған реформалардың мұқият әзірленген бағдарламалары ретінде сипатталады.

2025 жылы ақпан айының 6 күні ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ "КИСИ GPS: Gylym. Pikir. Sayasat" ұлттық сараптамалық алаңының "Қ.К. Тоқаевтың үш жылдық саяси реформаларының қорытындылары" тақырыбындағы отырысында сарапшылар реформалардың сәтті жүзеге асып, нәтиже беріп жатқандығын талқылады. Осы отырыста Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Анастасия Щегорцова қазіргі Қазақстан қоғамы жаңа саяси шынайылықты бастан кешіріп жатқандығын, сондай-ақ бұл үдеріс жаңартылған құқықтық нормалармен, жаңа этикалық қағидаттармен және саяси мәдениеттің трансформациясымен сипатталатынын мәлімдейді. А. Щегорцова: “Азаматтық қоғам реформалардың бенефициары ғана емес, сонымен қатар олардың белсенді қатысушысына айналып отыр… Конституциялық сот пен онлайн петициялар сияқты институттардың пайда болуы осы өзгерістердің айқын көрінісі болып табылады” - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар, Astana Open Dialogue аналитикалық платформасының тең құрылтайшысы, Мәжіліс жанындағы қоғамдық палатаның мүшесі Александр Данилов қазіргі саяси реформалар үдерісіне қатысты: «Соңғы үш жылда жүзеге асқан саяси өзгерістер кері шегініссіз, бірізді жүргізіліп келеді және бұл бағыттағы либералдандыру жалғасуда. Алайда, осы реформалардың тиімділігі мен нәтижелілігін кешенді түрде бағалау үшін әлі де терең әрі жүйелі зерттеулер қажет», – деп атап өтті. Бұл пікір еліміздегі саяси трансформация

үдерісінің қайтымсыз сипат алғанын, сонымен қатар оның шынайы ықпалын бағалау үшін ғылыми қауымдастықтың белсенділігі мен аналитикалық әлеуетінің маңызын айғақтайды. Осы тұрғыда, саяси мәдениеттің трансформациялану ерекшеліктерін, әсіресе жастар арасындағы саяси бағдарлар мен үрдістерді талдау қазіргі кезеңде өзекті әрі ғылыми-тәжірибелік маңызы жоғары бағыттардың бірі болып табылады.

Екіншіден, қарқынды өзгеріп жатқан саяси жағдайда жастардың саяси белсенділігін үнемі қадағалап отыру маңызды. Оның өзектілігі саяси модернизация немесе трансформация кезеңінде жас қазақстандықтардың саяси санасын дамыту үдерісі ерекше мәнге ие болуымен анықталған. Жастар – бұл елдің болашағы ғана емес, оның бүгіні. Ал жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына қазірден қолдау көрсету, өскелең ұрпақтың қоғамға кірігуіне жағдай жасау – маңызды мемлекеттік міндет.

Студенттер – жастар арасындағы ең білімді әрі белсенді топ ретінде жаңа саяси құндылықтардың қалыптасуына ықпал ететін негізгі әлеуметтік күштердің бірі. Жоғары білім беру жүйесіндегі студенттер қоғам аясындағы маңызды саяси субъектілер ретінде жиі қарастырылады, сондықтан олардың саяси белсенді болуы күтіледі [13]. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны ретінде Алматы қаласының студенттік жастары алынды. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 14-35 жас аралығындағы жастардың 41,1%-ын студенттер, 11,5%-ын оқушылар, 6,8%-ын NEET санатындағы жастар, ал оның ішіндегі жұмыссыздар 3,3% құрайды. Демек, студенттер - жастар құрылымындағы үлесі ең жоғары әрі саяси белсенділік әлеуеті айтарлықтай күшті топ болып табылады [121].

Неліктен Алматы және студенттік жастар алынып отыр деген сұраққа жауап, біріншіден азаматтық белсенділік – Алматыда жастар бастамалары, наразылық акциялары және саяси белсенді қауымдастықтар дәстүрлі түрде көп. Екіншіден, білім беру ортасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Нархоз, Тұран сынды ірі университеттер саяси дискуссияларға ықпал ететін интеллектуалдық орта қалыптастырады. Үшіншіден, наразылық мәдениеті – Алматы тарихи тұрғыдан алғанда наразылық қозғалыстарының орталығы болды, оған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан бастап 2022 жылғы Қаңтар оқиғасына дейінгі кезең дәлел. 1986 жылғы көтеріліс кезінде негізгі қозғаушы күштер студенттік жастар мен жас жұмысшылар екендігін және қандай нәтижеге жеткендігін ескерсек, жастардың ықпалы осал еместігін байқауға болады.

Үшіншіден, жастардың саяси мәдениетін олардың саяси бағдарлары, институционалдық сенім деңгейі, саяси ақпаратты қабылдау және бағалау ерекшеліктері тұрғысынан кешенді талдау арқылы мемлекеттік жастар саясатының тиімділігін арттыруға қажетті ұсынымдар мен стратегияларды ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай талдау жастардың қоғамдық-саяси үрдістерге қатысуын ғылыми тұрғыда бағалауға, олардың саяси құзыреттілігін қалыптастыруға, жастар саясатын жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдауда маңызды негіз бола алады.

Зерттеу тақырыбының ғылыми зерттелу деңгейі. Бүгінгі таңда әлемдік академиялық ғылымда жастардың, соның ішінде студенттік жастардың саяси мәдениеті феномені саясаттану, әлеуметтану, әлеуметтік психология, коммуникация теориясы, медиа және мәдениеттану тоғысындағы көпсалалы зерттеу нысаны ретінде қарастырылуда. Шетелдік әдебиетте саяси мәдениет ең алдымен демократиялық азаматтықтың, саяси режимдердің тұрақтылығы мен легитимділігінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде түсіндіріледі. Almond & Verba [1], Dahl [2], Norris [3], Huntington [4; 5], Inglehart & Welzel [6], Pye [7] еңбектерінде саяси мәдениет азаматтардың билік институттарына, саяси жүйеге және саяси қатысуға қатысты құндылықтары, ұстанымдары мен мінез-құлық модельдерінің жиынтығы ретінде анықталады. Wilson [8], McLean мен McMillan [9], сондай-ақ Nguyen [10] мақаласы саяси мәдениет ұғымының теориялық-концептуалдық эволюциясын, оның саяси режимдер, азаматтық қатысу және легитимдікпен байланысын жүйелі түрде қарастырады. Жастар мен студенттердің саяси әлеуметтенуі, саяси білім мен саяси қатысу арасындағы байланыс шетелдік әдебиетте дербес бағыт ретінде дамыған. Jennings пен Niemi [11] отбасылық және мектептік контекстегі жасөспірімдердің саяси мінез-құлқын талдаса, Mezey [12], Abrahams, J., & Brooks, R. [13] университет студенттерінің саяси білімдері, тиімділік сезімі мен саяси қатысу тәжірибесін эмпириялық тұрғыдан зерттеп, ЖОО кеңістігін саяси әлеуметтенудің маңызды институты ретінде көрсетеді. Pfaff [14] жастар субмәдениеті мен құрдастар ортасын саяси үйренудің ерекше алаңы ретінде сипаттайды, ал Milner [15] жас канадалықтар мен американдықтардың саяси білімі мен қатысуындағы алшақтықтарды салыстырмалы тұрғыда көрсетеді.

Соңғы онжылдықта жастардың саяси мәдениеті цифрлық медиа және әлеуметтік желілер контексінде қарқынды зерттелуде. Dalton [16] «жақсы азамат» концепциясын қайта ойластырып, дәстүрлі «борышты» азаматтықтан гөрі белсенді, “өзін-өзі жүзеге асыратын” азаматтық үлгілері күшейгенін көрсетеді. Ekman мен Amna [17] саяси қатысу мен азаматтық белсенділіктің “айқын” және “латенттік” формаларын ажыратып, «күтетін азаматтар» (“standby citizens”) ұғымын енгізеді. Bennett [18], сондай-ақ Yamamoto [19], Vitak et al. [20], Bode [21], Feezell [22], Gaby [23], Schafer [24], Loader мен Mercea [25], Smyth пен Best [26], Miller et al. [27] әлеуметтік желілер мен онлайн-коммуникацияның жастардың саяси мобилизациясы, «төмен кедергілі» қатысу («кликтивизм»), желілік азаматтық және жаңа репертуарлар қалыптастырудағы рөлін талдайды. Lonkila мен Jokivuori [28] фин студенттерінің Facebook-тағы «like» пен «share» тәрізді микро-әрекеттерін «nano-деңгейдегі» азаматтық және саяси қатысу ретінде түсіндірсе, Chen [29] және әріптестері қытайлық студенттердің қысқа видеолар платформалары (Douyin/TikTok) арқылы саяси жаңалықтарды тұтыну тәжірибесінің саяси таным мен тиімділік сезіміне ықпалын сипаттайды. Gupta [30] студенттер мысалында бұқаралық ақпарат құралдарының саяси әлеуметтенудегі рөлін эмпириялық тұрғыда талдап, медиа жастардың саяси білімін, құндылықтық бағдарлары мен саяси қатысу ниетін қалыптастырудағы негізгі агенттердің бірі екенін көрсетеді.

Ресейлік және ТМД кеңістігінде саяси мәдениет ұғымы көбіне өркениеттік, идеологиялық және тарихи контекстте қарастырылады. Гаджиев [31], Панарин [32], Бухнер [33], Клімова [34], Рязанов пен Морохова [35], Тульчинский [36] еңбектерінде саяси мәдениеттің тарихи жады, менталитет, идеологиялық мұра және посткеңестік трансформациямен байланысы ашылады. Ордуханян [37] мен Поснова [38] постсоветтік интеграциялық және демократиялық процестер жағдайындағы жастардың саяси мәдениеті мен саяси санасының өзгеруін сипаттайды. Жастар мен студенттік жастарға бағытталған зерттеулерде Ключникова мен Исаева [39], Расторгуев [40], Норманская мен Кривчик [41], Старосоцкая [42], Борисова [43], Притчина Е.В. [44] қазіргі ресейлік жастардың саяси құндылықтарының трансформациясын, олардың саяси апатиядан біртіндеп неғұрлым саналы әрі «жетілген» қатысу формаларына өту үрдісін теориялық тұрғыдан сипаттайды. Автор саяси сананың эволюциясын талдай отырып, заманауи ақпараттық орта мен медиа тәжірибелердің саяси мәдениетті жаңғыртудағы рөлін айқындайды.

Қазақстандық ғылыми кеңістікте саяси мәдениет пен жастардың саяси санасы мәселесі кеңінен қарастырылғанымен, көбіне жалпы сипатта немесе ұлттық-мемлекеттік деңгейде талданады. Нысанбаев [45;46] редакциясындағы оқулық, Машан [47;48], Қадыржанов [49], Чеботарев [50], Рыстина [51], Сайрамбай [52], Карабекова [53], Курганская, Дунаев, Сагикызы [54], еңбектерінде Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясы, посттоталитарлық трансформация, саяси мәдениеттің патриархалдық-бодандық ерекшеліктері және ұлттық бірегейлік пен модернизацияның өзара ықпалы сипатталады. Сондай-ақ, азаматтық қоғам (Мұсатаев [55]), жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуі (Әуелғазина [56]), ақпараттық саясат (Алияров [57]) пен саяси коммуникация (Сұлтанбаева [58]) бойынша докторлық диссертация жұмыстары құнды ақпарат береді.

Жастар мен студенттік жастарға арналған эмпириялық зерттеулер Зайниева [59], Абдирайымова [60] және Шнарбекова [61], Шадинова, Колеген [62], Төлен [63], Насимова мен Кенесов [64], Кульбаева мен Омирзакова [65], Қилыбаева et al. [66], Акесина мен Тоқтаров [67], Несипкалиев пен Tufekcioglu [68], Саитова et al. [69;70;71], Жампетова, Атай, Алкан [72] жұмыстарында кеңінен көрініс табады. Бұл еңбектерде қазақстандық жастардың саяси құндылықтары, саяси қатысу деңгейі, элитаға сенім, миграциялық ниет, ұлттық бірегейлік пен патриотизм мәселелері қарастырылады. Соңғы жылдары цифрландыру мен әлеуметтік медиаға байланысты зерттеулерде Төлен et al. [73], Айтымбетов, Набиева [74] мен Нышанбаев [75] цифрлық саяси белсенділік, онлайн-мобилизация және қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің трансформациялануын талдайды.

Халықаралық, ресейлік/ТМД және қазақстандық әдебиетте саяси мәдениет, жастардың саяси әлеуметтенуі және цифрлық саяси қатысу мәселелері жан-жақты зерттелгенімен, Қазақстанда жүргізілген саяси реформалар жағдайында, нақты Алматы қаласы мысалында студенттік жастардың саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға арналған арнайы зерттеулер жеткіліксіз. Ұсынылып отырған

диссертациялық жұмыс осы ғылыми олқылықты толтыруға, студенттік жастардың саяси мәдениетінің өзгерісін саяси реформалар, жоғары білім беру ортасы және цифрлық коммуникациялар контексінде эмпириялық негізде зерделеуге бағытталады.

Диссертациялық зерттеудің гипотезасы. Қазақстанда билік транзитінен кейін қабылданған саяси реформалар аясында студенттік жастардың саяси мәдениеті трансформацияланды. Бұл олардың саяси санасының күшеюі, азаматтық белсенділігінің артуы және саяси қатысу формаларының дәстүрлі форматтан цифрлық активизмге ауысуымен ерекшеленеді.

Зерттеудің негізгі гипотезасына сәйкес бірнеше **зерттеу сұрақтары** әзірленді:

- Билік транзитінен кейінгі саяси реформалар студенттік жастардың саяси мәдениетіне қалай әсер етті?
- Саяси реформалар туралы хабардарлық пен саяси белсенділіктің арасында байланыс бар ма?
- Студенттік жастардың билікке, саяси институттарға және реформаларға деген сенімі қандай деңгейде, және олардың саяси белсенділігіне қалай әсер етеді?
- Жастар арасында дәстүрлі саяси қатысу (мысалы, сайлауға бару) мен онлайн саяси қатысу (мысалы, петицияларға қол қою, әлеуметтік желілердегі саяси пікірталастарға қатысу) арасында айырмашылық деңгейі қандай?

Зерттеудің нысаны - студенттік жастардың саяси мәдениеті.

Зерттеудің пәні - саяси реформалар жағдайындағы Алматы қаласының студенттік жастарының саяси мәдениетінің өзгеруі мен ерекшеліктері.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы саяси реформалар жағдайында Алматыдағы студенттік жастардың саяси мәдениетінің өзгерісі мен ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің объектісі, пәні мен мақсаты оның **негізгі міндеттерін** айқындады:

- саяси мәдениет тұжырымдамасының теориялық-концептуалдық негіздерін талдау;
- жастарды саяси мәдениет субъектісі ретінде қарастырып, олардың әлеуметтік-мәдени және құндылықтық ерекшеліктерін анықтау;
- саяси трансформациялар жағдайында Қазақстандық саяси мәдениеттің ерекшеліктерін айқындау;
- билік транзиті кезіндегі Қазақстандағы саяси реформалардың мәні мен мазмұнын талдау;
- әлеуметтік медианың жастардың дәстүрлі және дәстүрлі емес саяси қатысуына ықпалын зерделеу;
- Алматы қаласының студенттік жастарының саяси мәдениетінің трансформациясын саяси реформалар аясында саралау, оның негізгі бағыттары, ықпал етуші факторлары мен ерекшеліктерін талдап көрсету;
- студенттік жастардың саяси мәдениетін жоғарылатуға қатысты ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеу барысында автор тарапынан сапалық және сандық әдістерді қолдану арқылы әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Ақпаратты жинау үшін жастарға байланысты статистикалық мәліметтерді қайта сараптау, мемлекеттік құжаттарға шолу жасау, дереккөздер мен материалдарды синтездеу, тарихи шолу, контент-талдау, құрылымды-функционалдық талдау, библиометриялық талдау, студенттік және эксперттік сауалнама, сондай-ақ тұжырымдар мен нәтижелерді жүйелеу және жалпылау әдістері қолданылады. Атап айтқанда:

1. Алматы қаласы студенттерінен әлеуметтік сауалнама. 2025 жылы сәуір айында Алматыдағы 6 ЖОО (3 ұлттық және 3 жекеменшік университеттер) жалпы N=591 студенттерден онлайн сауалнама алынып, бірақ жарамды N=563 жауап талданды. Квоталық таңдау жастардың жынысы, жасы, ЖОО, білім беру бағыты, этникалық құрамы бойынша жүргізілді. Сауалнама деректері Google Forms арқылы жинақталып, нәтижелерін өңдеу мақсатында IBM SPSS Statistics 28.0.0.0 бағдарламалық құралы қолданылып, сандық деректерге статистикалық талдау, жиілік, айқаспалы кесте, корреляция әдістері қолданылды.
2. Эксперттік сауалнама. Жастардың саяси мәдениеті саласындағы зерттеуші ғалымдар, университет мұғалімдері мен қоғамдық ұйым өкілінен эксперттік сауалнама алынды. Эксперттік сауалнаманы жүргізу үшін тікелей пошталық хабарлама әдісі (direct-mail) пайдаланылды: сауалнама сұрақтары Google Forms платформасы арқылы әзірленіп, сарапшылардың электрондық поштасына жолданды. Электрондық пошта арқылы сауалнама сілтемесі жолданғаннан кейін жауап болмаған жағдайда, сарапшылармен балама байланыс арналары (әлеуметтік желідегі жеке хабарлама, мессенджер) арқылы жеке байланыс орнатылып, сауалнамаға қатысуға қайта шақыру жүргізілді. Жалпы жастар мен саяси мәдениетті зерттеуші 13, оның ішінде 6 ғалым мен 6 мұғалім және 1 жас эксперттер қатысты. Басты критерий ретінде олардың қызмет ету саласы мен тәжірибесі негізге алынды.
3. Зерттеу әдістерінің бірі ретінде библиометриялық талдау қолданылды. Бұл әдіс студенттік жастардың саяси мәдениеті жөніндегі ғылыми әдебиеттің даму динамикасын, жетекші авторлар мен жарияланымдарды, тақырыптық кластерлер мен зерттеу бағыттарының эволюциясын жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді. Scopus дерекқорынан 2020–2025 жылдар аралығында жарияланған мақалалар PRISMA протоколына сәйкес іріктеліп, түпкілікті 133 мақала талдауға енгізілді. Деректер VOSviewer және R Studio өнімділігі жоғары Bibliometrix пакеті арқылы өңделіп, кілт сөздер картасы, ең көп дәйексөзделген жұмыстар мен авторлар, тақырыптық кластерлер мен желілік байланыстар визуализацияланды. Бұл библиометриялық талдау студент жастардың саяси мәдениетін зерттеу саласындағы негізгі ғылыми бағыттарды, теориялық олқылықтарды және ғылыми трендтердің қалыптасуын анықтап, зерттеудің ғылыми негізділігін күшейтті.
4. Әлемдік және қазақстандық ғылыми-зерттеу нәтижелерін қайта талдау. Әлемдік құндылықты зерттейтін WVS жүргізген сауалнама ішінен 16-24 жас аралығындағы жастардың саяси қатысу аспектілеріне қайта талдау;

демократия деңгейін зерттейтін Freedom House ұйымының 2016-2024 жыл аралығындағы Қазақстандағы демократия мен интернеттегі еркіндік деңгейлерін анықтау; Bertelsmann Stiftung Трансформация Индексі (BTI) 2024 деректеріне салыстырмалы талдау жасау; Фридрих Эберт қорының қолдауымен «Қоғамдық пікір» зерттеу институты Қазақстанда жүргізген зерттеулердің нәтижелеріне қайта талдау жүргізілді. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының "Қазақстан жастары" жыл сайынғы ұлттық баяндамалары ұсынған деректерді қайта сараптау жүргізілді.

5. Жастардың мүдделері мен институционалдық қатысуын талдауға бағытталған кешенді салыстырмалы және контенттік зерттеу. 2021 және 2023 жылғы Парламенттік сайлау нәтижелеріне; 2016, 2021 және 2023 жылы партиялық сайлау тізімі мен квота бойынша сайланған жас депутаттарға салыстырмалы сандық талдау, олардың депутаттық сауалдарына және партиялардың сайлауалды бағдарламаларына мазмұндық сапалық талдау жүргізілді. Қазақстан мен Ресей жастарының әлеуметтік медианы қолдануына салыстырмалы талдау, жастардың онлайн саяси қатысуына кейс-стади сияқты талдаулар жасалды. Сондай-ақ, онлайн петицияларға сандық талдау жүргізілді.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізі ретінде Қазақстан Үкіметінің ресми құжаттары, стратегиялық бағдарламалары мен нормативтік құқықтық актілері пайдаланылды. Олардың ішінде:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан отыз бес жасқа дейінгі азаматтары
2. 2019 жылғы 02 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» ҚР Президентінің Жолдауы
3. 2020 жылғы 01 Қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» ҚР Президентінің Жолдауы
4. 2021 жылғы 01 Қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» ҚР Президентінің Жолдауы
5. 2022 жылдың 16 Наурызындағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»
6. Мемлекет Басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы "Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 29 наурыздағы № 847 Жарлығы
7. 2022 жылдың 01 Қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам
8. 2023 жылдың 01 Қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Диссертациялық зерттеу барысында мемлекеттік жастар саясаты саласындағы кең тақырыптық спектр бойынша түрлі ақпаратты таба алатын Интернет желісінің көптеген көздері зерттелді.

Диссертациялық зерттеу нәтижесінің ғылыми жаңалығы:

(1) Автор «студенттік жастардың гибридті-цифрлық саяси мәдениеті» концепциясын ұсынады. Бұл тұжырымдама студенттік жастардың саяси мәдениетін офлайн (дәстүрлі құндылықтар, саяси институттарға қатынас, сайлау, партиялар) және онлайн кеңістіктегі (әлеуметтік желілер, онлайн-петициялар, eOtinish, цифрлық белсенділік) практикалардың біртұтас гибридті құрылымы ретінде түсіндіріледі. Осы арқылы зерттеу қазіргі қазақстандық студент жастардың саяси мәдениеті тек дәстүрлі типологиялармен (қатысушы, бодандық, патриархалдық) шектелмей, цифрлық орта мен саяси реформалардың ықпалымен трансформацияланып жатқан ерекше гибридті феномен екенін эмпирикалық тұрғыда негіздейді.

(2) Scopus деректер базасындағы мақалаларға библиометриялық талдау (авторлар, журналдар, тақырыптық кластерлеу, кілтсөздер желісі) қолданылып, жастардың саяси мәдениеті жөніндегі зерттеулердің негізгі бағыттары кластерлер түрінде көрсетіледі. Осылайша, жұмыс әлемдік ғылыми әдебиеттегі негізгі трендтерді, зерттеу олқылықтарын және қазақстандық контекстің сол өрістегі орнын айқындайтын библиометриялық картаны ұсынады.

(3) Зерттеуде Қазақстандағы жастардың институционалдық саяси өкілдігі алғаш рет динамикада көпдеңгейлі түрде кешенді қарастырылды. 2016, 2021 және 2023 жылдардағы Мәжіліс пен мәслихат сайлауларында жас кандидаттар үлесі, 30% квотаның нақты құрылымы және жас депутаттар саны салыстырмалы түрде талданып, жастардың үлесі анықталды. Жас депутаттардың саны мен депутаттық сауалдарына мазмұндық талдау жүргізу арқылы жастар мүдделерін білдіру деңгейі сандық көрсеткіштермен қатар, көтерілген мәселелердің мазмұны арқылы өлшенді. Сонымен қатар, 2021 және 2023 жылдардағы партиялық сайлауалды бағдарламаларға сандық талдау мен дискурс-анализ жүргізіліп, жастарға қатысты саясаттың фрагментарлы және үстірт сипатта екені көрсетілді.

(4) Саяси әлеуметтену мен ақпараттанудың дәстүрлі агенттерінен әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларға (Instagram, TikTok, YouTube, Telegram және т.б.) құрылымдық ығысуы эмпириялық түрде дәлелденді. Сауалнама нәтижелері негізінде студенттік жастардың саяси жаңалықтарды тұтыну арналарының 2013 жылғы деректермен салыстырғанда түбегейлі өзгергені, саяси ақпаратты пассивті түрде теледидардан қабылдаудан гөрі, әлеуметтік желілерде мақсатты түрде іздеу және кездейсоқ немесе инциденталды ақпараттану форматына көшкені көрсетіледі. Бұл өзгеріс жастардың саяси мәдениетінің цифрлық контентке, инфлюенсерлерге, онлайн-сарапшыларға тәуелді жаңа құрылымдық үлгіге ауысқанын көрсететін эмпириялық негізделген тұжырым ретінде ұсынылады.

(5) Саяси реформалар туралы хабардарлық деңгейі мен студент жастардың саяси қатысуының әртүрлі формалары (саясатқа қызығушылық, сайлауға қатысу, митингілерге қатысу, онлайн-петицияға қол қою, eOtinish

қолдану) арасындағы статистикалық корреляциялық байланыс анықталды. Зерттеу нәтижелері саяси реформалар мен жастардың саяси мәдениетінің трансформациясы арасында белгілі бір байланыс бар екенін көрсетеді. Бұл реформалар жастардың саяси мәдениетін толық «өзгертіп жіберді» деп емес, бірақ олардың дәстүрлі және дәстүрлі емес қатысу формаларын заңды әрі легитимді арналар ретінде қабылдауына ықпал ететін фактор ретінде түсіндірілетінін көрсетуге мүмкіндік берді.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы ұсынылған мәселені ғылыми зерттеу барысында жасалған материалдар мен тұжырымдарды қазіргі саясаттану курстарында, жастардың саяси мәдениетінің жағдайын жақсартуға, Қазақстандағы жастардың азаматтық құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасауға мүмкіндік беретін жастарды саяси әлеуметтендіру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау процесінде қолдануға болатындығымен анықталады. Зерттеу нәтижелері саяси мәдениетті зерттеушілерге, саясаткерлерге, азаматтық қоғам ұйымдарына және жастардың саяси процеске қатысуын кеңейтуге ұмтылатын басқа да мүдделі тараптарға құнды ақпарат береді.

Жастардың саяси білім деңгейі, құндылықтары мен саяси қатысу ерекшеліктері жөніндегі зерттеулер мен талдаулардың жеткіліксіздігі бұл саладағы түсініктердің толық қалыптасуына кедергі келтіреді. Бұл зерттеу жастарды саяси процеске тартуға және олардың азаматтық белсенділігі мен жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған тиімді стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеуге негіз бола алады.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдамалар:

(1) Саяси мәдениет ұғымына авторлық анықтама және «гибридті-цифрлық саяси мәдениет» концепциясы ұсынылады. Зерттеуде саяси мәдениет адам мен қоғамның саяси қатынастарды түсіну, бағалау және солармен әрекет ету деңгейін, саяси білімнің тереңдігі мен сапасын, құндылықтар мен мінез-құлықтың жиынтығын қамтитын күрделі әлеуметтік-саяси феномен ретінде авторлық тұрғыда анықталады. Осы негізде студенттік жастарға қатысты саяси мәдениетті сипаттайтын «студенттік жастардың гибридті-цифрлық саяси мәдениеті» концепциясы енгізіліп, жастардың саяси санасы мен қатысуы офлайн институттар (білім беру, партиялар, сайлау) мен онлайн кеңістік (әлеуметтік желілер, онлайн-петициялар, eOtinish, цифрлық медиа) тоғысында қалыптасатын гибридті құбылыс ретінде түсіндіріледі.

(2) Жастардың саяси мәдениеті тарихи-мәдени қабаттар мен қазіргі модернизациялық үрдістер тоғысындағы динамикалық процесс ретінде негізделеді. Жұмыста жастардың әлеуметтік-мәдени және құндылықтық бағдарлары отаршылдық мұра, кеңестік кезең, тәуелсіздік жылдары, Назарбаев дәуірі және билік транзиті сияқты тарихи кезеңдердің ықпалымен қалыптасатын көпқабатты құрылым ретінде қарастырылады. Саяси мәдениет эволюциялық-трансформациялық сипатқа ие екені, дәстүрлі құндылықтар (қоғамдастық, тәртіп, тұрақтылық) пен жаңа құндылықтардың (жеке белсенділік, құқықтық сана, цифрлық еркіндік) ұрпақаралық үйлесуі арқылы

жастардың қазіргі саяси көзқарасы мен мінез-құлқы жаңарып отыратыны көрсетіледі. Осылайша, тарихи-мәдени контекст, қазіргі реформалық орта және цифрландыру тоғысында Қазақстан жастарының саяси мәдениеті гибридті, көпөлшемді және трансформацияланушы феномен ретінде көрініс табады.

(3) Қазақстандағы билік транзиті мен саяси реформалар саяси мәдениетті жаңғыртуға мүмкіндік беретін, бірақ бірқатар кедергілермен шектелген ұзақмерзімді процесс ретінде сипатталады. Зерттеу нәтижелері билік транзиті мен «Жаңа Қазақстан» саяси реформалары автократиялық элементтерден демократиялық институттарға қарай ілгерілеудің институционалдық негізін қаласа да, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, сенім дағдарысы, жемқорлық, саяси репрессия тәжірибесі сияқты факторлар демократиялық құндылықтардың жастар санасына терең енуіне кедергі болып отырғанын көрсетеді. Жұмыста осы кедергілерді еңсеру үшін биліктің ашықтығын арттыру, шешім қабылдауға азаматтық қатысуды кеңейту және күштік қысымды азайтуға бағытталған ұсыныстар тұжырымдалады.

(4) 2021 және 2023 жылдардағы парламенттік сайлауларды салыстырмалы талдау жастардың институционалдық өкілдігінің кеңейгенін, бірақ әлі де жеткіліксіз екенін айқындайды. Партиялық тізімдерге жастарды көбірек енгізу және 30% квота механизмі жастардың парламенттік саясатқа формалды кіру мүмкіндіктерін арттырғаны сандық талдау арқылы көрсетіледі. Сонымен қатар, жас депутаттардың депутаттық сауалдар мазмұны жастар мүдделерін нақты саяси мәселелер тұрғысынан көтеру тәжірибесінің қалыптаса бастағанын, яғни символдық өкілдіктен мазмұнды өкілдікке қарай баяу өтуді білдіретіні анықталды.

(5) Әлеуметтік медиа мен цифрлық платформалар студент жастардың саяси әлеуметтенуінің жетекші агентіне айналғаны эмпириялық түрде дәлелденеді. Алматы қаласы ЖОО студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері саяси ақпарат алу арналарының құрылымы түбегейлі өзгергенін көрсетті: теледидар мен дәстүрлі БАҚ-тың үлесі күрт төмендеп, басты ақпарат көзі ретінде Instagram, TikTok, YouTube, Telegram сияқты әлеуметтік желілер алдыңғы орынға шықты. Салыстырмалы талдау 2013 жылғы ұлттық деректермен салыстырғанда саяси ақпараттың теледидардан цифрлық медиаға ауысқанын, жастардың саяси жаңалықты пассивті тұтынушыдан онлайн режимде іздеп, бөлісіп, талқылайтын белсенді акторға айнала бастағанын, сондай-ақ саяси белсенділіктің жаңа формалары қалыптасқанын көрсетеді.

(6) Саяси реформалар мен студенттік жастардың дәстүрлі және цифрлық саяси қатысуы арасындағы байланыстар корреляциялық талдау арқылы айқындалады. IBM SPSS бағдарламасында жүргізілген Pearson корреляциясы саяси реформалар туралы хабардарлық пен бірқатар саяси мінез-құлық көрсеткіштері (саяси оқиғаларға қызығушылық, сайлауға қатысу, митинг/ереуілдерге қатысу, онлайн петицияларға қол қою, eOtinish сервисін пайдалану) арасында статистикалық тұрғыдан мәнді, негізінен әлсіз және орташа оң байланыстар бар екенін көрсетті. Әсіресе бейбіт жиналыстар туралы заңнаманы жетілдіру, партия тіркеу талабын жеңілдету, квоталар енгізу, «барлығына қарсы» бағаны және онлайн-петициялар институтын заңдастыру

реформалары жастардың институционалдық және цифрлық саяси белсенділігімен байланысты болып шықты. Аталған эмпириялық деректер саяси реформалардың жастардың саяси мәдениетінің өзгерісінде елеулі рөл атқаратынын, бірақ бұл трансформация тек реформалармен ғана шектелмей, басқа да әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлардың ықпалымен жүретінін көрсетеді. Сонымен қатар, онлайн петицияға қол қою мен eOtinish платформасын пайдалану арасындағы орташа оң корреляция жастардың классикалық институционалдық арналарға сенімсіздік фонында цифрлық әрі салыстырмалы ашық механизмдер арқылы саяси және азаматтық талаптарын білдіруге бейім екенін көрсетеді.

(7) Жастардың саяси мәдениетін жетілдіруге бағытталған кешенді білім беру және институционалдық ұсыныстар әзірленді. Зерттеу нәтижелері негізінде орта және жоғары білім беру жүйесінде азаматтық-саяси білім мазмұнын тереңдету, құқықтық және медиа-саяси сауаттылықты күшейту, ЖОО базасында жастар парламенттері, пікірсайыс клубтары, «жас саясаткерлер мектебі» сияқты тұрақты алаңдарды дамыту қажеттігі негізделеді. Сонымен бірге, жастардың саяси институттардағы өкілдігін арттыру, шешім қабылдау процестеріне қатысудың ашық және инклюзивті механизмдерін (тағылымдамалар, қоғамдық кеңестер, жастар үшін квоталанған лауазымдар, ашық тыңдаулар) кеңейту, әкімшілік кедергілерді азайту, жемқорлықпен күресті күшейту және кез келген бейбіт азаматтық белсенділікке күштік қысым көрсетпеу саяси мәдениеттің демократизациясын жеделдететін қажетті шарттар ретінде ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Зерттеу нәтижелері әртүрлі ғылыми алаңдарда апробациядан өтті, соның ішінде ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын 2-тізімдегі журналдарда 3 мақала жарияланды. Сонымен қатар, зерттеудің жекелеген аспектілері 4 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарық көрді. Зерттеу аясында дайындалған мақала Journal of Social Studies Education Research атты SCOPUS дерекқорында индекстелетін ғылыми журналда жарияланды (Q1, 2024 жылы – 75%; автордың Хирш индексі – 1).

Жарық көрген ғылыми еңбектер:

1. Әлішерова А.Б., Төлен Ж.М. Қазақстандағы жастардың саяси қатысуындағы жаңа медианың рөлі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.Саяси ғылымдар, Аймақтану, Шығыстану, Түркітану сериясы ISSN:2616-6887, eISSN:2617-605X836. . – 2023. – №3 (144).– Б. 23-36

2. Әлішерова А.Б., Төлен Ж.М. Саяси мәдениет ұғымы және оның теориялық концептуалдық аспектісі // Адам әлемі. – 2024. – №3 (101). – Б. 102-112.

3. Әлішерова, А., Төлен, Ж., Курпебаева, Г. (2024). ҚР сайлау жүйесіндегі партиялардың бағдарламаларындағы жастар мәселесі (2021, 2023 жылдардағы Парламент сайлауы). ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және Мәдениеттану, 90(4). https://doi.org/10.26577/jpcp.2024.v90.i4.a10

4. Tolen, Z., Aitymbetov, N., Ismagambetov, T., Toktarov, Y., Alisherova, A. The Impact of Digitalization on Political Engagement Among Kazakh Youth: A Comparative Study Before and After Qandy Qantar (Sanguinary January) of 2022. Journal of Social Studies Education Research, 2023, 14(3), pp. 97-116

5. Әлішерова А.Б. Қазақстанның мемлекеттік жастар саясаты контекстіндегі жастардың орны мен рөлі. «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция материалдары, Алматы, Қазақстан, 06-08 сәуір 2023ж. 2 том. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 478 б. – ISBN 978-601-04-6275-5

6. Әлішерова А.Б. Жаңа Қазақстандағы саяси реформалар. «SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES OF THE XXI CENTURY» XIV Халықаралық ғыл.-прак. конф. (САЯСАТТАНУ) / құр.: Е. Ешім. – Астана, 2023, 10-12 б.

7. Alisherova A.B. (2024). Enhancing Political Awareness Among Kazakhstani Youth: Strategies for Improvement. Reviews of Modern Science, (6). Retrieved from https://ojs.publisher.agency/index.php/RMS/article/view/3597

8. Yakasai B.A., Alisherova A. Need to implement political and civic education in post-soviet schools. Materials of International Scientific and Practical Conference “Education and Psychological, Pedagogical Science: System, Continuity, Innovation”. Tazhibaev Readings. – Almaty: Kazakh University, 2023. – 593 p. – ISBN 978-601-04-6282-3

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, әр тарау бірнеше бөлімдерден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс 161 беттен, 30 сурет, 27 кесте және 1 сызбадан тұрады.

1 ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ ДИСКУРС

1.1 Саяси мәдениет ұғымы және оның теориялық-концептуалдық аспектісі

1.1.1 Саяси мәдениеттің теориялық түсіндірмелері, классикалық типологиялары және қазақстандық контекст

Саяси мәдениет ұғымы қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда көпқырлы, даулы және динамикалық категория ретінде қарастырылады. Ол бір ғана саясаттанудың шеңберімен шектелмей, мәдениеттану, саяси философия, саяси әлеуметтану, саяси антропология және коммуникация теориясы сияқты пәнаралық өрістердің тоғысында талданады. Осыған байланысты саяси мәдениеттің теориялық дискурсы да біртекті емес: түрлі ғылыми мектептер мен әдіснамалық бағыттар бұл ұғымға әртүрлі акценттер қояды.

Саяси мәдениет - белгілі бір саяси жүйе шеңберіндегі жеке адамдар мен топтардың көзқарастарының, құндылықтарының, сенімдері мен мінез-құлқының ерекшеліктерін сипаттайтын саясаттанулық ұғым. Саясаттануда "саяси мәдениеттің" жалпыға бірдей қабылданған нақты анықтамасы жоқ. Бірақ ол әртүрлі жолдармен, атап айтқанда саяси мәдениеттің түрлерін негізгі құрамдас бөліктер, саяси әлеуметтену процестері, саяси белсенділік пен қатысу, динамикалық процестер, мәдени және тарихи ерекшеліктер сияқты жолдармен анықталады [10].

Оксфордтың саясаттану бойынша анықтамалығына сәйкес, "саяси мәдениет" - бұл саясаттануда қоғамның жекелеген мүшелерінің саясатқа деген терең сенімдерін, құндылықтары мен көзқарастарын сипаттау үшін қолданылатын ұғым [9]. Бұл ортақ нанымдар адамдардың өздерінің саяси жүйесі мен онымен қарым-қатынасы туралы түсінігін қалыптастырды.

Азаматтардың саяси процестерге қатысу деңгейі, билікке деген көзқарастары мен сеніміне қарай бірнеше типке бөлу арқылы анықталуы мүмкін. «Саяси мәдениет» терминін ғылыми айналысқа неміс философы, ағартушы I. Herder енгізсе, саяси ғылымға американдық ғалым G. Almond енгізді. Оның саяси мәдениет концепциясын бүгінгі таңда үлкен базалық рөл, классикалық негіздеме деп алуға болады. 1956 жылы шыққан «Салыстырмалы саяси жүйелер» мақаласында, G. Almond саяси мәдениетті «саяси қозғалыстардың белгілі бір үлгісі» деп қарастырады. G. Almond пен S. Verba "Азаматтық мәдениет: бес елдегі саяси көзқарастар мен демократия" атты кітабында саяси мәдениетке деген көзқарасын құндылықтар жүйесі ретінде қарастырады және оларды дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға жіктейді [1]. Кітапта АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Италия және Мексиканың саяси мәдениеті, атап айтқанда, азаматтардың қатысуы мен демократиялық құндылықтардың маңыздылығын баса көрсете отырып, саяси мәдениет пен демократиялық тұрақтылық арасындағы байланысты ашады.

Саяси мәдениетті L.Pye (1966) саяси дамудың символдық-психологиялық өлшемі ретінде қарастырып, элита мен массаның құндылықтары, символдары, рөлдік күтулерін саяси жүйенің тұрақтылығымен байланыстырады [7].

Ресейлік ғалым К.С. Гаджиевтың (2001) пайымдауынша, саяси мәдениет – бұл қатынастар жүйесі ғана емес, сонымен қатар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын элементтерді өндіру және қайта өндіру үдерісі болып табылады [31]. Ал Рязанов А.В. пен Морохова Е.И. (2020) саяси мәдениетті әрі үдеріс, әрі үнемі өзгеріп отыратын нәтиже ретінде қарастырады. Оның ішінде менталитет, тарихи жады, құндылықтар мен өмірлік ұстанымдар, дүниетаным, этносаяси және ұжымдық тәжірибе, тұлғалық пен қоғамдық сананың тепе-теңдігі, өткеннің мұрасы мен болашаққа бағытталған даму жобасы сияқты тығыз байланысқан элементтерді қамтиды [35].

Саяси мәдениет туралы Г.А. Тульчинский: «Саяси мәдениет бірнеше деңгейде жүзеге асады: ұлттық саяси мәдениет ретінде, аймақтық саяси мәдениеттер ретінде, сондай-ақ саяси субмәдениеттер ретінде, олар ең алдымен адамдардың саяси көзқарастарына, наным-сенімдеріне және мақсаттарына байланысты ерекшеленеді» - деп жазады [36].

Wilson R.W. (1997) көзқарасы бойынша саяси мәдениет – бұл жеке қасиеттер мен әлеуметтік жүйелерді қамтитын саясаттың психологиялық және психикалық аспектілерінің көрінісі. Қоғамдар арасындағы айырмашылықтар үлкен болғанымен, құқықтар мен міндеттерге баса назар аудару арқылы әртүрлі саяси мәдениеттерді салыстырады. Уилсонның пікірінше, саяси мәдениет теориясы төрт нәрсені қамтуы қажет: 1) әлеуметтік және психологиялық айнымалыларды аналитикалық түрде ажырату; 2) мотивация теориясында басымдықтың қалыптасуын белгілеу; 3) нормативтік өзара әрекеттестіктің сипатын және артықшылықты қалыптастыру деңгейін анықтау; 4) гипотезаларды сәтті тексеруге болатын әлеуметтанулық контекстті көрсетуі керек [8].

Саяси мәдениет саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану сияқты әр түрлі ғылыми бағыттың зерттеу объектісіне кіреді. S. Huntington “Өркениеттер қақтығысы” жұмысында әлемдегі әр түрлі елдердің мәдениетіндегі ерекшеліктер көрініс табады [4]. Бұл жұмыс әлемді өркениет шеңберінде бөліп, саяси мәдениет әр елдегі мәдени дамудың бірегейлігіне сәйкес қалыптасады деген қорытындыға келеді. Сонымен қатар, Huntington саяси мәдениетегі айырмашылықтарды талдай отырып, оның саяси жүйені құруда және жұмыс істеуінде қаншалықты маңызды екенін анықтайды. Ол саяси мәдениетті бірнеше түрге, яғни «қатысу», «сәйкестік» және «субъективтілік» деп жіктейді [5]. Ол сондай-ақ мәдени элементтердің демократия мен мемлекеттік институттардың дамуына әсерін зерттеп, саяси мәдениеттердің кейбір түрлері қоғамдағы демократияның шоғырлануына әсерін атап көрсетеді.

Орыс саясаттанушысы А. Панарин (2000) де өзінің жұмысында саяси мәдениет пен өркениеттік көзқарасты байланыстырады. Ол “Саяси мәдениет

тек институттар мен нормалар жиынтығы емес, ұлттың тарихи тағдыры мен құндылықтық бағдарларын бойына сіңірген рухани құрылым”- деп жазады [32]. Мұндай көзқарас саяси мәдениеттің терең тарихи және құндылықтық тамырларын ашып көрсетеді. Қазіргі саяси мәдениет өркениеттің байлығымен, саяси білім мен саяси сананы игерумен қалыптасатынын және саяси мінез-құлықта қоғамның рухани өмірінің маңызды элементтері ретінде көрінетін Поснова Т. (2004) баяндайды [38].

Саяси мәдениеттің негізгі үш типін G. Almond пен S. Verba - қатысушы, бодандық, патриархалдық деп анықтап көрсетеді [1]. Қатысушы мәдениет - азаматтардың саяси қызметке белсене араласатын, қоғамдық мәселелерге үлкен қызығушылық танытатын, саяси белсенділіктің жоғары деңгейін көрсететін мәдениет типі. Бодандық мәдениет - азаматтардың саясатта өз пікірлері мен мүдделері бар, бірақ қоғамдық өмірге тікелей әрі белсенді қатысуы шектеулі мәдениет типі. Патриархалдық саяси мәдениет - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға негізделген, иерархиялық құндылықтарды басшылыққа алатын, билік пен саяси институттар туралы түсінігі шектеулі мәдениет типі.

Олардың зерттеулері қазіргі кездегі азаматтардың саяси мәдениетін және демократияның қалыптасуы мен дамуындағы саяси мәдениеттің рөлін түсінуде әлі де маңызды болып табылады. Саясаттану ғылымында классикалық теория ретінде елеулі орын алады. Алайда, бұл мәдениет түрлерінің миксі тұрақты демократияны қалыптастырғанымен, қазіргі уақытта сыни көзқараспен қаралады. Себебі, қазіргі қоғамдар Г. Алмонд пен С. Верба ескермеген цифрлық белсенділікті бастан кешіруде.

Қазақстандық ғалым Е. Сайрамбай (2021) өз еңбегінде бұл типологияға қосымша “саяси қарсылық” (contestation), яғни саяси мәдениеттің 4-ші типті ұсынады. Саяси қарсылық – бұл қолданыстағы, әсіресе тиімді саяси қатысу тетіктері шектеулі қоғамдардағы саяси жүйеге қарсы әрекеттерді білдіреді. Қарсылықтың түрлі нысандарына наразылық акциялары, көтерілістер және демонстрациялар жатады. Бұл тұрғыда қарсылық білдірушілер (contestants) – саяси мәселелерден хабардар және қолданыстағы саяси тәртіпке күмән келтіріп, оны өзгертуге ұмтылатын азаматтарды атайды [52].

Курганская В.Д., Дунаев В.Ю., Сагикызы А. (2023) “Ценности и нормы политической культуры в общественном сознании казахстанцев” [54] мақаласында Г. Алмонд пен С. Вербаның классикалық саяси мәдениет типологиясына сүйене отырып, Қазақстан азаматтарының саяси санасы патриархалдық және бодандық мәдениет типі басым екенін көрсетеді. “Қазақстандағы саяси мәдениеттің іргелі құндылықтары мен нормалары анықтамалық топтағы беделді тұлғалармен қарым-қатынас және олардың саяси ұстанымдары арқылы қалыптасады, оларға мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары мен институттар әсер етеді. Сонымен қатар, қазақстандықтардың қоғамдық саяси санасында азаматтық белсенділік пен қатысушылық мәдениетінің элементтері де орын алады”- деп тұжырымдайды.

Осы тұжырыммен ұқсас Қарабекова Ж. (2014) Қазақстанның саяси мәдениеті әркелкі сипатқа ие екендігін айтады. Онда негізінен дәстүрлі, яғни патриархалдық-бодандық үлгі үстемдік етеді. Сонымен қатар, оның құрамында этнолингвистикалық, діни, әлеуметтік, урбанизациялық және өзге де субмәдениеттер байқалады [53].

Қазақстан жағдайында, әсіресе Алматы қаласындағы жастар арасында саяси мәдениет көбінесе аралас сипатқа ие. Мұнда дәстүрлі бағыныштылық пен саяси пассивтіліктің элементтері сақталғанымен, жаңа саяси реформалар мен цифрлық орта ықпалы жастардың қатысушы саяси мәдениетке бет бұруына жол ашып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, саяси мәдениет классикалық модельдерден алшақтап, жаңа аралас әрі динамикалық сипатқа ие болуда. Саяси мәдениет ұғымы жастардың саясатқа қатынасы мен мінез-құлқын түсіндірудің әмбебап теориялық негізін береді, ал Қазақстан контексінде ол дәстүрлі және заманауи формалардың үйлесімі арқылы көрініс табады.

1.1.2 Саяси мәдениеттің функциялары мен негізгі компоненттері

Саяси мәдениеттің мазмұнын толық ашу үшін оның қоғам өміріндегі атқаратын функциялары мен құрылымдық компоненттерін жүйелі түрде талдау қажет. Саяси мәдениеттің негізгі атқаратын функциялары Кесте 1-де қысқаша көрсетілген.

Кесте 1 - Саяси мәдениеттің функциялары

Функциясы	Мазмұны
Танымдық	азаматтардың қоғамдық-саяси білімдерін, көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыру
Интегративті	қоғам мен саяси жүйе арасындағы келісімді қамтамасыз ету, ортақ мақсаттарға жетуге күш біріктіру
Коммуникативті	саяси процеске қатысушылар арасында байланыс орнатып, саяси тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізу
Реттеуші	Қоғамда саяси құндылықтар мен нормаларды бекіту
Тәрбие	азаматтардың саяси сана мен қызмет дағдыларын дамыту
Нормативтік	Құндылықтар саяси нормаларды қалыптастыру және нығайту
Әлеуметтендіру	Азаматтарға өз құқықтарын жүзеге асыруға қажетті саяси дағдыларды үйрету

Ескерту – дереккөз [33]

Вьетнамдық авторлар H.V.Viet (2009), T.T.May (2014), N.D.Van (2014) саяси мәдениеттің: ұлт мүддесіне сай саяси сананы қалыптастыру; саяси көзқарасты бағдарлау; биліктегі топтарды қолдау; мемлекет пен билік институттары арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету сияқты негізгі төрт функциясын атап өтеді [10]. Бұл жіктеу саяси мәдениеттің когнитивтік (саяси сана мен білім), құндылықтық-нормативтік (бағдарлар мен ұстанымдар), легитимациялық (билікке қолдау көрсету) және интегративтік

(қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенім мен келісім) қырларын айқын көрсетеді.

Саяси мәдениеттің негізгі компонеттеріне саяси әлеуметтену (отбасы, білім беру жүйесі, БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы саяси құндылықтарды қабылдау), саяси коммуникация (ақпарат алмасу және қоғамдық пікір қалыптастыру), саяси қатысу (сайлау, митингілер, онлайн-петициялар, әлеуметтік желідегі белсенділік) және саяси сенім (азаматтардың билікке деген көзқарасы, легитимділікті қабылдау деңгейі) жатады (Сызба 1) [112].



Сызба 1 – Саяси мәдениеттің негізгі компоненттері

Ресейлік зерттеуші Старосоцкая саяси мәдениетті тұлғаның саяси сана-сезімінің даму деңгейін сипаттайтын кешенді әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қарастырады [42]. Оның пайымдауынша, бұл кешенге жеке адамның саяси ақпаратты талдау қабілеті, фактілер мен құбылыстарды салыстыра отырып, негізделген бағалау мен тұжырым жасау, саяси мәселелерді шешудің тиімді жолдарын табу дағдылары кіреді. Мұндай көзқарас саяси мәдениеттің когнитивтік компонентін – саяси сана мен саяси білімді – алдыңғы қатарға шығарады.

Саяси білім саяси мәдениеттің өзегін құрайтын иделогиялық және ақпараттық ресурстар жиынтығы ретінде қарастырылады. Niemi & Junn (1998) мектеп кезеңіндегі азаматтық білім берудің жастардың саяси жүйеге сенімі мен қатысуына әсерін көрсетіп, саяси білімді демократиялық қоғамның сапасын арттырушы құрал ретінде бағалайды [101]. Delli Carpini & Keeter (1996) саяси сауаттылық деңгейінің азаматтардың саяси шешім қабылдау қабілетіне ықпалын зерттей келе, саяси білімнің төмендігі демократиялық процестерге теріс әсер ететінін, ал жоғары деңгейі – саналы таңдау жасау мен саяси белсенділіктің артуына жағдай туғызатынын дәлелдейді [102]. Әлішерова А.Б. мен Якасай Б.А. посткеңестік мектептерде саяси және азаматтық білімді енгізудің қажеттілігін негіздей отырып, құқықтар мен міндеттер туралы білім, заңға құрмет, сыни ойлау, диалогқа және ымыраға келуге бейімділік сияқты құндылықтардың жастардың саяси мәдениетін қалыптастырудағы маңызын көрсетеді [104; 105].

Саяси сенім мен легитимділік саяси мәдениеттің аффективтік және бағалаушы компоненттерін сипаттайды. Жеке тұлғаның мемлекеттік және саяси

институттарға деген сенімі көбінесе оның жеке және саяси үміттерінің орындалу деңгейіне, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік тәжірибелерге тәуелді. Экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық қаупі немесе дағдарыстарға тиімсіз жауап берілген жағдайларда билікке сенім төмендеуі мүмкін; ал тұрақтылық, әлеуметтік қамсыздандырудың күшеюі және тиімді басқару тәжірибесі, керісінше, сенім мен легитимділікті арттырады.

Саяси идеологиялар мен құндылықтық бағдарлар саяси мәдениеттің рухани-идеологиялық компонентін құрайды. Inglehart & Welzel саяси мәдениетті қоғамның рухани және идеологиялық құрылымымен байланыста қарастырып, құндылықтар жүйесінің саяси мінез-құлықты реттейтінін, қоғамдық-саяси процестерге бағыт-бағдар беретінін атап өтеді [6]. Қазақстандық контексте Чеботарев қазіргі саяси-идеологиялық ағымдарға либералдық, консервативтік, социал-демократиялық, коммунистік, экологиялық, ұлттық-патриоттық, пантүркистік және басқа да бағыттарды жатқызады, алайда олардың басым бөлігінің кең әлеуметтік қолдауға ие еместігін және институционалдық деңгейде толық қалыптаспауын көрсетеді [50]. Бұл жағдай саяси мәдениеттің идеологиялық компонентінің фрагменттелген әрі тұрақсыз екенін аңғартады.

Жастардың саяси мәдениетін жан-жақты түсіну үшін оның психологиялық құрамдас бөліктерін де ескеру маңызды. Азаматтық борыш сезімі, ұлттық бірегейлік пен патриотизм азаматтардың өз қоғамдастығы мен мемлекет алдындағы жауапкершілік сезімін білдіреді және олардың саяси қатысуға деген мотивациясына айтарлықтай әсер етеді. Almond & Verba патриотизмнің саяси жүйеге бейжай қарамауға, қоғамдық өмірге белсенді араласуға итермелейтін факторлардың бірі екенін көрсетсе [1], Dalton саяси алшақтау, апатия және сенімсіздік күшейген жағдайда азаматтардың саяси процестерден оқшауланып, саяси белсенділіктің төмендейтінін атап өтеді [106]. Алайда, жастардың арасында саясаттан алшақ азаматтардың болғаны олардың саясаттан мүлде хабарсыз деуге болмайды. Алшақтауының артында көбіне саяси институттарға сенімсіздік, әлеуметтік әділетсіздік сезімі, жеке дауыстың ештеңе өзгертпейді деген тиімділік сезімінің төмендігі, сондай-ақ күнкөріс, оқу, жұмыс сияқты күнделікті проблемалардың басымдығы жатыр. Сондықтан жастардың бір бөлігі формалды саяси арналардан саналы түрде қашықтап, өз наразылығы мен позициясын дәстүрлі емес, көбінесе цифрлық кеңістіктегі бейресми қатысу формалары арқылы білдіруге бейімделеді.

Осылайша, саяси мәдениеттің функциялары (танымдық, интегративті, коммуникативті, реттеуші, тәрбиелік, нормативтік, әлеуметтендіруші) мен негізгі компоненттері (саяси әлеуметтену, коммуникация, қатысу, сенім және идеологиялық-құндылықтық құрылым) өзара тығыз байланыста болып, жастардың саяси санасын, құндылықтық бағдарларын және саяси мінез-құлқын қалыптастыруда кешенді түрде қызмет атқарады.

1.1.3 Жастардың саяси қатысуы мен белсенділігінің теориялық үлгілері

Шетелдік ғалымдар белсенділік пен қатысуды ұқсас контекстте, саяси мінез-құлықты сипаттайтын өзара жақын, кейде тіпті синоним ұғымдар ретінде қолданады. Зерттеуші Schafer (2020) саяси қатысуды «кешіктірілген марапат»

(delayed gratification) мәселесі ретінде түсіндіреді [24]. Дауыс беру, митингке қатысу, саяси өкілдермен коммуникация жасау сияқты саяси әрекеттер көп уақыт пен күшті қажет етеді, ал олардың «пайдасын» азамат бірден емес, болашақта ғана көреді. Зерттеуде «уақыттық шыдамдылық» немесе марапатты күте білу деңгейі жоғары адамдар институционалдық қатысуға көбірек баратыны, ал шыдамдылығы төмен, қазір және тез нәтиже күтетіндер саяси белсенділікке сирек қатысатыны көрсетіледі.

Жастар, әсіресе студенттердің онлайн саяси белсенділігі мен қатысуын Schafer-дің «уақыттық шыдамдылық» ұғымымен байланыстыратын болсақ, жедел нәтиже мен тез кері байланысқа үйренген жастар үшін цифрлық кеңістік «жылдам марапат» беретін орта ретінде көрінеді. Әлеуметтік желілерде бірден реакция, лайк, комментарий, тез жаңалық алу тәжірибесі саяси контентке де көшіп, саяси пікір білдіруді де қысқа, жедел әрекет формасына айналдырады. Сондай-ақ қоғамда белгілі бір проблема туындаған жағдайда, жастар әлеуметтік желілерде әкімдік, тиісті мемлекеттік институттар немесе тікелей президенттің парақшасын белгілеу, сторис пен посттарда атап өту, не жеке хабарлама жолдау арқылы шенеуніктердің назарын шұғыл аударуға тырысады. Бұл жағдай саяси коммуникацияның дәстүрлі, баяу каналдарынан гөрі онлайн механизмдерге артықшылық беретін жаңа мінез-құлық үлгісін сипаттайды.

Schafer (2020) еңбегіне сәйкес, жастар алғаш рет дауыс беру құқығын 18 жаста алған сәтте саяси белсенділік танытып, сайлауға ықыласпен қатысады. Алайда бірнеше жыл өткен соң, олардың сайлауларға қатысу деңгейі айтарлықтай төмендейді. Мұндай тенденцияның басты себептеріне жастардың саяси жүйеге сенімсіздігі, өз дауыстарының маңыздылығына күмәнмен қарауы, тұрғылықты жерін жиі ауыстыруы немесе жеке өмірдегі мәселелер сияқты факторлар әсер етеді [24].

Dalton R. (2008) азаматтардың саяси қатысуы өзгеріп жатқандығы, олардың жаңа белсенді түрлері пайда болғанын баяндайды [16]. Dalton R. “The Good Citizen: How a Younger Generation Is Reshaping American Politics” еңбегінде "азаматтық қатысу" (engaged citizenship) және "борышты азаматтық" (duty-based citizenship) деген екі жаңа концепцияны ұсынады. Бұл тәсіл Almond пен Verba-ның азаматтықты негізінен дәстүрлі, борышқа негізделген саяси қатысу арқылы түсіндіретін классикалық моделін кеңейтіп, қазіргі жастардың саяси белсенділігін жаңа азаматтық мәдениет тұрғысынан қайта қарауға мүмкіндік береді.

Bennett W. L. (2008) жастардың саяси қатысу үлгілерін сипаттай отырып, дәстүрлі «борышты азамат» (duty-based/dutiful citizen) және желілік-цифрлық кеңістіктерге негізделген «өзін-өзі жүзеге асыратын азамат» (actualizing citizen) деген екі идеал-типті модельді ұсынады. Оның пайымдауынша, заманауи жастар классикалық саяси институттарға (партиялар, парламент, дәстүрлі БАҚ) сенімсіздікпен қарап, формалды саясаттан гөрі жеке мағынасы бар, желілік және цифрлық форматтағы азаматтық белсенділікке (онлайн-акциялар, issue-based желілер, саяси тұтынушылық және т.б.) көбірек мән береді [18].

Ал ресейлік ғалымдар Ключникова Т.Н. мен Исаева Е.Ю. (2021) пайымдауынша, қазіргі жастардың саяси белсенділігі – азаматтық қоғамды қалыптастырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады және мемлекетті одан әрі дамытудың маңызды факторы саналады. Жастардың саяси үдерістерге белсенді қатысуы демократиялық институттарды нығайтуға, жауапты электоратты қалыптастыруға және қоғамдық бақылау механизмдерін дамытуға ықпал етеді [39].

Қазақстандағы жастардың саяси белсенділігіне қатысты зерттеулер кеңінен жүргізілуде. Мысалы, А. Акесина мен Е. Тоқтаровтың «Қоғам және дәуір» журналында жарияланған зерттеуінде қазақстандық жастардың саяси өмірге белсенді қатысуы төмен екені көрсетілген [67]. Олар жастардың саяси белсенділігі көбінесе виртуалды кеңістікпен шектелетінін атап өтеді. Бұл зерттеу Милбраттың саяси қатысу типологиясын қолдана отырып, жастардың саяси белсенділігінің деңгейін бағалайды.

Саяси белсенділікті кешенді зерттеген қазақстандық ғалым Қилыбаева Ш. өзінің “Политическая активность молодежи Казахстана и Кыргызстана: сравнительный анализ” атты диссертациясында Милбраттың әдістемесі қазіргі жастардың саяси белсенділігін объективті түрде бағалауға мүмкіндік бермейтінін, оның XX ғасырдың саяси шындығына негізделгенін және қазіргі ақпараттық қоғамдағы өзгерістерді ескермейтіндігін анықтаған [99]. Сондықтан да, Ekman J., Amna E. (2012) ұсынған типология саяси белсенділіктің әртүрлі формаларын нақты ажыратып, жаңа саяси мінез-құлықты түсінуге мүмкіндік беретінін айтады.

Ekman J. және Amna E. (2012) саяси белсенділіктің бірнеше деңгейде көрініс табатынын, сондай-ақ айқын (көрінетін) және латентті (жасырын) формаларға бөлінетінін анықтаған. Айқын немесе формалды саяси белсенділікке сайлауға қатысу, саяси партиялар мен кәсіподақтарға мүше болу, мемлекеттік билік өкілдеріне жүгіну сияқты ресми әрекеттер жатады. Ал латентті саяси белсенділікке адамның саясатқа деген жеке қызығушылығы, саяси және азаматтық мәселелерге көңіл бөлуі, жаңалықтарды бақылауы, отбасында немесе достарымен саяси тақырыптарды талқылауы, сондай-ақ саясатпен айналысатын топтармен байланыста болуы кіреді. Бұған қоса, саяси белсенділіктің де легалды және легалды емес түрлері бар: петицияларға қол қою, саяси тұтынушылық, әлеуметтік желілердегі қозғалыстарға қатысу, митингілер мен ереуілдер – легалды түрлерге жатса, мүлікті бүлдіру, полициямен қақтығыс, зорлық сипатындағы наразылықтар – легалды емес әрекеттерге жатады [17].

Осы тұрғыдан алғанда, Ekman J. мен Amna E. ұсынған саяси белсенділіктің көпдеңгейлі және көпқырлы құрылымы қазақстандық қоғамдағы үрдістермен де үйлеседі. Қилыбаева Ш., Насимова Г., Масалимова А. (2017) пікірінше, соңғы он жылда қазақстандықтардың саяси белсенділігі тек дауыс беру, сайлауға қатысу, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдарға мүшелік

сияқты дәстүрлі формалармен шектелмей, кең ауқымда көрініс табуда [66]. Жастар арасында еріктілік, қоғамдық қозғалыстарға қосылу және бейбіт шерулерге қатысу секілді саяси белсенділіктің заманауи формалары кең таралуда.

Саяси мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде саналатын халықтың үкіметке, парламентке және саяси партияларға деген сенімі мен оның деңгейі - соңғы онжылдықтарда саясаттану ғылымының басты назарында болды. Бұл тұжырымдама өкілді демократияның заңдылығы мен тиімді жұмыс істеуіне қатысты туындайтын алаңдаушылықты көрсетеді деп саналады. Саяси сенім әдетте азаматтардың саясатта ұстанатын сенімдері мен мұраттарын білдіреді және олардың саяси жүйелерге, институттарға, идеологияларға, партияларға немесе көшбасшыларға сенімін қамтиды. Саяси сенім жеке тәжірибе, білім, мәдени және тарихи факторлар, сондай-ақ құндылықтар негізінде қалыптасып, тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін үкіметті қолдауға ықпал етеді [82].

Жастардың саяси мәдениеті жалпы саяси мәдениет теориясына негізделе отырып қарастырылады. Дегенмен, жастардың өзіндік құндылықтық бағдарлар, саяси ақпаратпен өзара әрекеттесу формалары мен белсенділіктің балама үлгілері олардың саяси мәдениетінің ерекшелігін айқындайды. Бұл бағытта саяси әлеуметтену, яғни саяси көзқарастар алғаш қалыптасатын кезең, цифрлық саяси мәдениет, транзиттік мәдени әсерлер маңызды орын алады.

Жоғарыдағы теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, авторлық түсініктеме беретін болсақ, саяси мәдениет – бұл адам мен қоғамның саяси қатынастарды түсіну, бағалау және олармен әрекет ету деңгейін көрсететін күрделі процесс. Ол саяси білімнің тереңдігі мен сапасымен тікелей байланысты және қоғамдағы өзгерістерге ықпал ету үшін қолданылатын механизм ретінде көрінеді. Ол әрбір азаматтың саясатқа және саяси процестерге деген қарым-қатынасын, олардың саяси санасы, білімі мен сенімдерін, сондай-ақ құндылықтары мен мінез-құлқының жиынтығын қамтитын күрделі әлеуметтік-саяси феномен болып табылады. Саяси мәдениет азаматтардың саяси жүйеге деген көзқарасын, билік институттарына сенім деңгейін және олардың саяси процестерге қатысуын анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда, саяси мәдениет тұжырымдамасын жетілдіру тек саяси теория үшін ғана емес, жастар саясаты, саяси әлеуметтену және саяси қатысу стратегияларын дамыту үшін де маңызды.

Қорытындылай келе, саяси мәдениет - көпқырлы, үнемі өзгеріп отыратын және тарихи тәжірибені, құндылықтарды, әлеуметтік институттар мен азаматтардың саяси белсенділігін қамтитын ұғым. Алмонд пен Вербаның классикалық типологиясынан бастап заманауи зерттеулерге дейінгі еңбектер көрсеткендей, саяси мәдениет қоғамның демократиялық дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайында ол патриархалдық және бодандық элементтердің сақталуымен қатар, жастар арасындацифрлық белсенділікке

негізделген қатысушылық мәдениеттің қалыптасуымен ерекшеленеді. Бұл саяси мәдениеттің гибридті-цифрлық бағытта өзгеріп жатқанын дәлелдейді.

1.2 Жастар саяси мәдениет субъектісі ретінде: әлеуметтік-мәдени, құндылықтық аспектісі

1.2.1 Қазақстан жастарының саяси мәдениеті мен құндылықтық бағдарлары

Қазіргі қоғамда жастар саяси мәдениеттің қалыптасуы мен жаңаруында айрықша орын алады. Жастар әлеуметтік белсенділігімен, құндылықтық бағдарларымен және саяси сана деңгейімен қоғамның саяси-мәдени кеңістігінің маңызды субъектісіне айналып отыр. Жастардың саяси мәдениеті олардың қоғамдық өмірге қатысу формалары мен саяси институттарға көзқарасынан, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени тәжірибесінен көрініс табады.

Осы тұрғыда Зайниева Л. Ю. (2009) жастарды қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени дамуындағы негізгі субъектілердің бірі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, қоғамдағы реформалардың тиімділігі мен нәтижелілігі жастардың аталған үдерістерге белсенді араласу деңгейіне тікелей байланысты. Мұндай көзқарас жастарды әлеуметтік жаңғыру мен прогрестің басты қозғаушы күші ретінде қарастыруға негіз береді [59].

«Жастар» ұғымына қатысты жалпыға бірдей қабылданған халықаралық анықтама жоқ. Бұл категорияны айқындауда ең алдымен жас мөлшерінің төменгі және жоғарғы шекаралары белгіленуі қажет. Халықаралық статистикалық тәжірибеде, соның ішінде БҰҰ жүйесінде, жастар тобы дәстүрлі түрде 15 пен 24 жас аралығындағы аралықпен сипатталады [113]. Қазақстанда 2022 жылға дейін жастар санаты 14-29 жас аралығын қамтыса, сол жылдың 26 желтоқсанынан бастап 14-35 жасқа дейін ұзартылды. Оны президент Қ.К.Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қою арқылы бекітті [114]. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Д. Қыдырәлі мәлімдегендей, қазіргі таңда елімізде жастар саны 6 миллионға жетті [115].

Жас шекараларының кеңеюі саяси мәдениеттің трансформациясына да әсер етеді, себебі 30–35 жас аралығындағы азаматтар еңбек нарығына, отбасылық өмірге және саяси қатысуға қатысты неғұрлым тұрақты позицияларға ие болады. Демек, Қазақстандағы жастар саясатының жас ауқымын кеңейту саяси әлеуметтену кезеңін ұзарту арқылы саяси мәдениеттің ұзағырақ қалыптасуына жағдай жасайды.

Шадинова Г.А. және Колеген Г.Б. “Развитие политического самосознания молодежи в современном казахстанском обществе” мақаласында “жастардың” қысқаша анықтамасын береді. Тар, әлеуметтанулық мағынада жастар – олардың әлеуметтік мәртебесінің жас ерекшеліктеріне, қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметіне, нақты мүдделері мен құндылықтарына байланысты анықталған әлеуметтік-демографиялық топ [62].

Сәтпаев Д. (2021) пікірінше, Қазақстан жастары біркелкі демографиялық топ емес, керісінше, этникалық, әлеуметтік, тілдік, діни, ұлттық-патриоттық, либералдық және басқа да көптеген топтардан тұратын әртүрлі қауымдастықтарды қамтиды [78]. Әрбір топтың өзіндік субмәдениеті, құндылықтары, пікір қалыптастырушылары, ақпарат көздері және елдің болашағына қатысты жеке көзқарастары бар. Осы ерекшеліктерді ескермей жүргізілген мемлекеттік жастар саясаты барлық топтарға бірдей әсер ете алмайды, сондықтан тиімділікке қол жеткізу үшін жастардың әр алуандығын ескеретін кешенді тәсіл қажет.

Бұл жіктелу жастардың саяси мәдениетін біртекті құбылыс ретінде қарастыруға болмайтынын көрсетеді. Әрбір топтың ақпарат алу арналары мен құндылық жүйесінің ерекшелігі олардың саяси мінез-құлқына, реформаларға көзқарасына және қатысу формаларына әсер етеді. Осыған байланысты жастардың саяси мәдениетін зерттеу кезінде әлеуметтік стратификация мен құндылықтық плюрализмді ескеру маңызды.

Осы тұрғыда, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тетіктерінің бірі - мемлекеттік жастар саясаты екенін, және ол жастарды қолдау мен қорғауға бағытталғанын саясаттанушы ғалым Симтиков Ж. (2008) өз диссертациясында баяндайды. Жаңа құқықтар мен міндеттерді иеленетін өмірлік бастау кезеңінде жастардың белсенділігі олардың қоғамдағы рөлін төмендетпеудің қажеттігін көрсетеді [97].

Қазіргі қазақстандық жастардың саяси мәдениетін зерттегенде, олардың әлеуметтік және саяси қатынастарға көзқарастарының өзгеру динамикасын ескеру маңызды. Қазақстандық ғалымдар әлеуметтік құрылым мен жастардың құндылық жүйесін зерттегенде қазіргі жастардың материалдық құндылықтарға басымдық беретіндігін атап өткен. Жастардың, оның ішінде студенттік жастардың саяси құндылықтары туралы Жампетова А.О., Атай Ф., Алкан С. Я. “О политических ценностях и предпочтениях студенческой молодежи Казахстана” атты мақаласында баяндайды. Зерттеудің нәтижесінде, Қазақстан жастары ел дамуының басты көрсеткіші ретінде экономикалық өсуді жоғары бағалайтыны анықталды (30,2%). Бұл, өз кезегінде, жастардың өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге деген ұмтылысы ретінде түсіндіріледі. Демократиялық құндылықтар мен саяси қатысуға қатысты көзқарастар жастар арасында әлсіз болып шықты. Тек 12%-ы ғана сөз бостандығы мен саяси қатысу мәселелерін өз өміріндегі маңызды факторлар ретінде бағалаған [72]. Бұл үрдіс Р. Инглхарттың құндылықтар теориясымен тығыз байланысты. Оның пікірінше, жастар көбінесе материалдық құндылықтарға мән беріп, постматериалдық құндылықтарды кейінге қалдырады. Бұл құндылықтар жүйесінің осындай құрылымы, әсіресе Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық жағдайында, жастардың болашаққа деген сенімсіздігі мен өмірдің материалдық аспектілеріне бағытталған құндылықтарды басымдыққа қоюын түсіндіреді.

Инглхарттың постматериализм теориясы (2008) материалистік және постматериалистік, сонымен қатар мәдени эволюция теориясын ұсынады. Азаматтардың базалық қажеттілікті өтеу және қауіпсіз өмір сүруге басымдық

беруін материалистік құндылық ретінде айқындайды. Ал базалық қажеттіліктері жабылған азаматтар қоғамдық даму, өзін-өзі көрсету, өмір сапасына назар аударады. Бұл постматериалистік құндылықтың айқын көрсеткіші бола алады. Яғни, экономикалық және физикалық қауіпсіздіктің белгілі бір дәрежесіне қол жеткізген қоғам постматериалист қоғам ретінде саналады [107]. Әлемде дамыған елдердің жастары материалдық құндылықтардан гөрі еркіндік, саяси қатысу және өзін-өзі білдіру құндылықтарын жоғары қояды.

Осылайша, қазіргі Қазақстан жастарының саяси мәдениеті мен олардың әлеуметтік қатынастарға көзқарастары, негізінен, материалдық тұрғыда қалыптасқан және саяси қатысу мен демократиялық құндылықтарға қатысты тұжырымдары шектеулі болып қалып отыр. Қазақстандық ғалымдардың еңбектері мен зерттеулері бұл үрдістің ұзақ мерзімді саяси мәдениет трансформациясына ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді. Жастардың саяси мәдениетін түсіну және онымен қарым-қатынас жасау өте маңызды, өйткені олар көзқарастары мен әрекеттері саясаттың болашағын анықтай алатын халықтың едәуір және өсіп келе жатқан сегментін білдіреді.

Ресейлік О.В. Попова жастардың құндылықтық бағдарларын зерттей отырып, жастардың саясатқа сенімсіздікпен қарайтынын, бірақ ұлттық және азаматтық құндылықтарды маңызды деп санайтынын анықтаған [110]. Ұқсас үрдіс Қазақстанда да байқалады. Мысалы, қазақстандықтардың саяси құндылығын анықтау бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының бірі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жариялаған “Қазақстан-2023: қазіргі үрдістер мен болашақ бейнесі” атты ұжымдық монографиясы [103]. Зерттеушілердің тұжырымдамасы бойынша Қазақстан қоғамында үш шартты құндылықтық топ анықталған: материалистік (25-30%), аралас (50-60%) және постматериалистік (3-5%). Бұл зерттеу 2011-2018 жылдары World Values Survey (WVS) халықаралық жобасы аясында өткізілген сауалнамалар нәтижелеріне сүйене отырып жасалған.

Бұл құрылым қазақстандық қоғамның өтпелі сипатта екенін және постматериалистік құндылықтар әлі де шектеулі деңгейде таралғанын көрсетеді. Осы контексте жастар тобы аралас типке жақын келеді: олар экономикалық тұрақтылықты да, әлеуметтік әділдік пен өзін-өзі жүзеге асыруды да маңызды санайды. Бұл жағдай жастардың саяси мәдениетінде дәстүрлі және модернизациялық құндылықтардың қатар өмір сүріп жатқанын дәлелдейді.

PaperLab зерттеу орталығының ғалымдары Тілеген Ә., Решетняк А., Бейсембаев С. (2024) жүргізген «Қазақстандағы саяси құндылықтар ландшафтысы» атты ұлттық сауалнама нәтижелері қазақстандықтар, соның ішінде жастар саяси құндылықтарының біртекті еместігін көрсетті. Зерттеу деректері демократиялық құндылықтар мен азаматтық қатысуды қолдауға деген ұмтылыс тәртіп, тұрақтылық және күшті мемлекетке деген жоғары сұраныспен қатар жүретінін, яғни жастардың саяси құндылықтары аралас, гибридті сипатта екенін айқындайды [76].

Жампетова А.О. «Заманауи қоғамның жаңғыруы контексіндегі саяси құндылықтар» докторлық диссертациясында қазақстандықтардың саяси құндылығы туралы кешенді талдау жасайды. Нәтижесінде қазақстандықтар консервативті құндылықтарға, материалдық жағдайға және отбасылық мәселелерге аса мән беретіні, сондай ақ, жастар арасында саяси құндылыққа қарағанда материалдық құндылықтың басым екендігін анықтайды [100]. Демек, қазақстандық жастардың басым бөлігі әлі де постматериалистік құндылықтарға қарағанда материалистік құндылықтарға көбірек бейім деген қорытынды жасауға болады. Жастар өз өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған тұрақтылықты, экономикалық жағдайды және қауіпсіздікті бірінші орынға қояды деген тұжырымға келуге болады. Бұл нәтиже Р. Инглхарттың постматериалистік теориясымен толық сәйкес келеді. Яғни, экономикалық тұрақсыздық жағдайында жастар көбіне тұрақтылық пен қауіпсіздікке бағдарланады. Демек, жастардың саяси мәдениетінде демократиялық құндылықтарға бейімделу әлеуеті бар болғанымен, ол экономикалық сенімділікпен тікелей байланысты.

Жалпы жастардың құндылықтық бағдарында рухани құндылықтар жетекші орын алатыны Г.С. Абдирайымованың зерттеуінде көрсетіледі. Ғалымның пайымдауынша, қазіргі жастар арасында дінге деген қызығушылықтың артуы, отбасы мен туыстық қарым-қатынастардың маңыздылығы, сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен салт-сананы білу сияқты рухани элементтер ерекше мәнге ие [60]. Рухани және отбасылық құндылықтардың тұрақты сақталуы жастар мәдениетінің консервативті қырын айқындайды. Бұл – саяси құндылықтар баяу өзгеретінін, ал дәстүрлі және моральдық бағдарлар жастардың өмірлік стратегияларын анықтайтынын көрсетеді.

«Қазақстан жастары» жыл сайынғы жастар бойынша жарияланатын 2019 жылғы ұлттық баяндамасының негізінде жастардың құндылықтарын айтатын болсақ, 19-23 жас аралығындағы жастардың 84,8%-ы отбасы, 58%-ы денсаулық, 28,9%-ы балалардың болашағы құндылықтарын жоғары қойса, 8,6%-ы тәуелсіздік пен бостандықты таңдайды. Ал Алматы қаласындағы жастардың 94,5%-ы отбасы, 47,5%-ы денсаулық, 26,7%-ы достықты маңызды санайды [128]. Бұл құндылықтар 5 жыл бойына (2017-2021) түбегейлі өзгеріссіз сақталған. Жастардың құндылықтары әлі де бейсаяси салада жатқандығы мен азаматтық-саяси мәселелермен байланысты болмай тұрғаны, сондай-ақ, бұл нәтижелер алдыңғы баяндамалардан өзгеріссіз қалып, WVS 2018 жылы Қазақстанда жүргізген сауалнама деректері әлі де актуалды екендігін айқындайды [129].

1.2.2 Жастардың саяси әлеуметтену ерекшеліктері

Саяси әлеуметтену процесінде саяси мәдениеттің қалыптасуы отбасынан басталады, себебі жастардың саяси құбылыстар мен оқиғаларды қабылдау және түсіну деңгейі көп жағдайда ата-анасының саяси мәдениеті мен отбасында орнаған саяси көзқарастарға негізделеді [83].

Әуелғазина Т.Қ. (2007) «Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуі» атты диссертациясында жеке тұлғаның саяси

әлеуметтенуіне ықпал ететін дәстүрлі және заманауи факторлар ретінде дәстүрлі мәдениет, этносаралық қатынастар, ақпараттық кеңістік пен партиялық жүйе алынып, кешенді түрде талданады [56].

Pfaff N. (2009) саяси әлеуметтену процесі жастардың саяси мәдениетінде маңызды рөл атқаратындығы жайлы өз еңбегінде баяндайды [14]. Оның пікірінше, жастар өзара араласу, қарым-қатынас жасау арқылы саяси білім мен қатысуын дамытады. Зерттеудің нәтижесінде саяси мәдениеттің компоненттері бір-бірімен өте тығыз байланыста екендігін байқауға болады. Жастардың саяси белсенділігін арттыру жолында олардың саяси білім беру жүйесін нығайту қажеттігін көптеген ғалымдар атап өтеді (Milner, H. 2007) [15].

Демек, Әуелғазина Т.Қ. саяси әлеуметтенуді макродеңгейде – қоғамдағы дәстүрлі мәдениет, этносаралық қатынастар, ақпараттық кеңістік және партиялық жүйе сияқты институттар арқылы жүретін процесс ретінде қарастырса, Pfaff N. (2009) бұл құбылысты микродеңгейде, яғни жастардың өзара қарым-қатынасы мен мәдени ортадағы тәжірибе алмасу арқылы іске асатын тұлғааралық әлеуметтену механизмі ретінде сипаттайды. Осы екі көзқарас өзара бірін-бірі толықтырып, саяси әлеуметтенудің құрылымдық және мәдени-интерактивтік қырларының өзара байланысын көрсетеді.

Әлеуметтену процессі орта және жоғары оқу орындарында одан әрі жалғасып, жастардың саяси мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және олар саяси білімді терең меңгеріп, өздерінің саяси көзқарастарын дамыту мүмкіндігіне ие болады. S.G. Mezey (1975) еңбегі университет студенттерінің саяси білімдері, құндылықтары және саяси қатысу тәжірибесінің өзара байланысын эмпириялық тұрғыда зерттеген алғашқы классикалық жұмыстардың бірі. Автор студенттердің саяси мәдениетін, саяси тиімділік сезімін және саяси мінез-құлқын сауалнама арқылы өлшеп, университет ортасының өзі жастардың демократиялық саяси мәдениетін қалыптастыратын негізгі әлеуметтендіру алаңы ретінде қызмет атқаратынын көрсетеді [12].

Осы тұста И. Рыстинаның (2013) зерттеулеріне сүйенсек, жоғары немесе орта білім алған жастар саяси процестерге көбірек назар аударады, ал білім алу мүмкіндіктері шектеулі жастардың бұл саладағы белсенділігі айтарлықтай төмен [51]. Бұл білімнің саяси сана мен азаматтық ұстанымды қалыптастырудағы маңыздылығын айқындайды.

Абдирайымова Г.С., Шнарбекова М.К. 2015 жылы жүргізген зерттеуі Қазақстандағы жастар арасындағы саяси үрдістерді, олардың саяси санасы мен қатысуына баса назар аударады [61]. Бұл зерттеу бойынша жастар арасында бір-біріне қарама-қайшы екі үрдіс айқын байқалады. Бір жағынан, жастардың елдегі саяси өмірге белсенді араласуға деген ұмтылысы артып келеді, яғни олар саяси процестерді талқылауға, жастар ұйымдары мен қозғалыстарына мүше болуға, сайлау науқандарына қатысуға және үгіт-насихат жұмыстарымен айналысуға бейім. Екінші жағынан, кейбір жастар саяси оқиғаларға немқұрайлы қарап, пассивті ұстаным танытады. Бұл құбылыс жастар арасындағы саяси әлеуметтену деңгейінің біркелкі еместігін және құндылықтардың жіктелуін көрсетеді.

Бұл құбылыстар Қазақстандағы Z ұрпақтың ішіне кіретін студенттердің саяси әлеуметтену ерекшеліктерін айқындай отырып, саяси жүйенің жаңа жағдайда тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторға айналды.

Жастардың саяси мәдениетін зерттеуде К. Мангеймнің «ұрпақтар теориясын» қарастыру маңызды [118]. Себебі, Y (1987-1997) ұрпақтары мен Z (1998-2008) ұрпақтарының саяси әлеуметтенуінде айырмашылықтар бар. Қазақстандағы Y ұрпақтарының саяси әлеуметтену процесі КСРО кезеңінде болса, Z ұрпақтарының әлеуметтенуі цифрлық дәуірдің басталуы ықпал етуімен ерекшеленеді . Сол себепті, қазіргі 14-35 жас аралығындағы жастардың, оның ішіндегі студенттік жастардың саяси мәдениетін зерттеуде әлеуметтік медиа мен цифрландырудың ықпалын зерттеушілер белсенді түрде зерттеуде. Әрбір ұрпақтың тарихи тәжірибесі мен соған сәйкес қалыптасқан құндылықтар жүйесі олардың саяси көзқарасына, саяси белсенділік деңгейіне, билікке деген қатынасына және саясаттағы орнына елеулі ықпал етеді.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер жастардың құндылықтық бағдарлары мен саяси әлеуметтену ерекшеліктерінің біртіндеп трансформацияланып жатқанын көрсетеді. Қазақстандық жастардың саяси мәдениетінде материалистік және рухани бағдарлардың қатар өмір сүруі, сенім мен скептицизмнің үйлесуі, сондай-ақ дәстүрлі және заманауи әлеуметтену арналарының өзара ықпалы тән. Бұл құбылыс постреформалық кезеңдегі саяси мәдениеттің өтпелі сипатын айқындайды және зерттеудің эмпирикалық бөлімінде Алматы жастары мысалында нақты көрініс табады.

1.2.3 Саяси мәдениет динамикасы: транзиттік қоғам жағдайындағы өзгерістер

Саяси мәдениет – қоғамның құндылықтар жүйесімен, саяси институттарымен және әлеуметтік тәжірибелерімен өзара ықпалдаса отырып үздіксіз дамитын динамикалық процесс. Оның мазмұны саяси реформалар, әлеуметтік жаңарулар, экономикалық және мәдени өзгерістер арқылы үнемі жаңарып отырады [85].

Трансформация тек түбегейлі өзгерісті ғана емес, жаңа бағытқа бетбұрысты да білдіреді. Бұл үдеріс көбінесе саяси реформалар мен модернизация арқылы көрініс табады. Саяси жүйелердегі құрылымдық өзгерістер, жаңа партиялардың пайда болуы, демократияландыру және азаматтық қатысудың кеңеюі қоғамның саяси мәдениетіне тікелей ықпал етеді. Мұндай өзгерістер қоғамдағы саяси сананың және азаматтардың саяси белсенділігінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Саяси реформалар мен революция қоғамдағы жағдайды жақсаруға жол ашатын процесс болып саналады [108].

Қазақстандағы саяси мәдениеттің трансформациясын талдауда билік транзиті айрықша рөл атқарады. Саяси ғылымда билік транзиті ұғымы – саяси биліктің бір тұлғадан немесе элиталық топтан екіншісіне өту процесін, оның институционалдық, құқықтық және саяси салдарларын білдіреді. Бұл категория тек саяси көшбасшының ауысуын ғана емес, сонымен бірге саяси жүйенің жаңа

жағдайда тұрақтану қабілетін, саяси институттардың бейімделу деңгейін және азаматтардың билікке деген сенімін қайта қалыптастыруды қамтиды [87].

Билік транзиті болып, саяси модернизацияға ұшыраған елде жаңа жүйе қалыптастыру мақсатында саяси реформалар жүргізіледі. Тұрақты қалыптасқан саяси мәдениет трансформацияға ұшырап, біртіндеп оң бағытта дамуы мүмкін, немесе керісінше авторитарлы басқару жүйесіне ауысқан елдің саяси мәдениеті бодандық типке ауысуы мүмкін. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: “Саяси модернизацияның басты мақсаты – азаматтардың мемлекет басқаруына қатысуын арттыру” - деп 2022 жылы өз жолдауында айтады. Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетінің трансформациясы олардың қоғамдық және саяси өмірге тартылу деңгейінің артуымен, жаңа технологиялардың ықпалымен және әлеуметтік-саяси процестерге деген көзқарастарының өзгеруімен сипатталады.

Транзитология теориясы авторитарлық жүйеден демократиялық басқару формасына өтуді сипаттайды. Бұл теория посткеңестік елдер үшін өзекті, өйткені олар социалистік жүйеден нарықтық экономика мен демократиялық институттарға көшу процесін бастан өткеруде. Транзитологияның классикалық фундаменталды жұмысының авторлары ретінде O’Donnell, Schmitter & Whitehead (1986) көрсеткендей, демократияға көшу барысындағы саяси реформалар кезеңі белгісіздік, бәсекелес акторлардың күресі және жаңа институционалдық ережелерді қалыптастыру кезеңі [84]. Бұл процестердің сәттілігі қоғамдағы саяси мәдениетке, азаматтық белсенділікке және элиталардың келісімге келу қабілетіне тәуелді. Қазақстанда бұл процесс баяу және эволюциялық сипатта жүріп келеді, алайда жастар арасындағы саяси мәдениетте өзгерістер байқалады. Жастардың бір бөлігі демократиялық құндылықтарды қабылдауға бейім болса, екінші бөлігі саяси енжарлық танытады.

Саяси жүйенің транзиті жайлы нақты анықтама жоқ, себебі бұл үнемі өзгеріп отыратын феномен. С.А. Дьяченконың (2001) монографиясында «өтпелі кезең» ұғымы саяси жүйенің салыстырмалы тұрақтылық жағдайында болып, қысқа тарихи мерзім ішінде серпінді әрі радикалды өзгерістерді бастан кешуімен сипатталатыны атап көрсетіледі. Ғалымның пайымдауынша, мұндай кезеңнің мазмұны ескі мен жаңаның синтезімен қатар, олардың өзара қайшылығы мен өткір қақтығыстарынан көрінеді. Сонымен бірге ол әлеуметтік байланыстардың үзілуі, қоғамдық функциялардың қайта бөлінуі, саяси институттар мен құрылымдардың қайта ұйымдастырылуы сияқты үдерістердің күшеюін өтпелі дәуірдің айрықша сипаттары ретінде қарастырады. Нәтижесінде әлеуметтік қабаттар мен топтардың жаңа шекаралары қалыптасып, саяси жүйенің даму траекториясы түбегейлі өзгеріске ұшырайды [88].

Саяси транзиттің сәтті өтуі азаматтық қоғамға тікелей байланысты, сондықтан бұл үдерістің басты қырларының бірі азаматтық қоғамды құру болып саналады [87]. Азаматтық қоғам институттары мемлекеттің реформалық қадамдарының нәтижелілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жастардың саяси әлеуметтенуін жеделдетеді. Бұл тұрғыда Мұсатаев С.Ш. (2007) азаматтық қоғамды демократиялық дамудың басты шарты ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, азаматтық қоғам мемлекеттік билік пен халық арасындағы

диалог алаңы болып, қоғамдық қатынастардың тұрақтануына және жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуына әсер етеді [55]. Демек, Қазақстандағы саяси реформалардың институционалдық қыры жастарға тікелей әсерін азаматтық қоғам институттары арқылы күшейтеді. Бұл үдеріс жастардың қоғамдық ұйымдар мен медиа алаңдар арқылы саяси қатысуының артуына, сондай-ақ олардың құндылықтық бағдарлары мен саяси ұстанымдарының трансформациялануына алып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, транзитология саяси өзгерістердің институционалдық және саяси акторлар деңгейіндегі динамикасын түсіндірсе, модернизация теориясы сол өзгерістердің әлеуметтік-құрылымдық негіздерін, әсіресе қоғамның құндылықтық және мәдени трансформациясын ашып көрсетеді. Модернизация теориясы қоғамның дәстүрлі құрылымдардан заманауи, индустриялық және демократиялық жүйелерге өтуін түсіндіретін теориялық бағыттардың бірі болып табылады. Бұл теорияға сәйкес, экономикалық даму, урбанизация, білім деңгейінің өсуі және технологиялық прогресс қоғамның саяси мәдениетіне тікелей әсер етеді (Huntington, S. 1968; Inglehart R., Welzel C., 2005) [5; 6]. Қазақстан контекстінде модернизация процесі әсіресе урбанизацияланған жастардың саяси бағдарларының өзгеруіне ықпал етіп отыр.

Модернизация бір жағынан жастардың саяси мүмкіндіктерін кеңейтіп, азаматтық белсенділігін арттыруға жағдай жасаса, екінші жағынан әлеуметтік теңсіздік, саяси поляризация және демократиялық институттардың әлсіреуі сияқты жаңа қиындықтарды да туындатады. Экономикалық теңсіздік, білім алуға және жұмысқа орналасуға тең емес қол жетімділік, сыбайлас жемқорлық жастардың саяси жүйеге деген сенімін және олардың ресми саясатқа қатысуға дайындығын төмендетуі мүмкін. Бұл мәселелерді шешу модернизацияның артықшылықтарын қоғамның барлық топтары арасында әділ бөлуді қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік интеграцияны, экономикалық теңдікті және демократиялық басқаруды ілгерілету үшін келісілген күш-жігерді қажет етеді.

Модернизация теориясы қоғамның дәстүрлі құрылымдардан индустриялық және демократиялық жүйелерге өтпелі эволюциясын сипаттайды [6]. Ал транзитология теориясы осы өтпелі кезеңнің саяси аспектілерін, яғни авторитарлық жүйеден демократиялық басқаруға көшу механизмдерін түсіндіреді. Екі теория да Қазақстан үшін өзекті, себебі елде саяси реформалар мен модернизация процестері қатар жүріп жатыр. Әсіресе Алматы сияқты урбанизация деңгейі жоғары қалаларда жастардың саяси бағдарлары мен құндылықтары модернизациялық процестердің ықпалымен айтарлықтай өзгеріске ұшырауда.

Қазіргі таңда Қазақстанда жүзеге асып жатқан саяси реформалар мен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жастардың саяси санасының қалыптасуына әсер етуші басты факторлардың біріне айналды. Жастардың саяси мәдениеті олардың қоғамдағы демократиялық құндылықтарды қабылдауымен, білім беру саласындағы қоғамдық ғылымдардың сапалық деңгейімен және экономикалық еркіндіктің артуымен тығыз байланысты [71]. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан бұқаралық ақпарат құралдары,

мәдени-ағартушылық құрылымдар мен қоғамдық ұйымдарды дамытуға бағытталған кешенді шаралар жас ұрпақтың саяси дүниетанымының жаңаруына ықпал етуде. Қоғам дамуы барысында орын алатын құрылымдық өзгерістер саяси мәдениеттің де өзгеруіне алып келеді. Бұл процесс бір сәтте жүзеге аспайтын, ұрпақтар сабақтастығына негізделген үздіксіз эволюциялық құбылыс. Жастар бұрынғы буынның тәжірибесін толықтай қабылдап қана қоймай, оны жаңа заман талабына сай икемдеп, болашақ ұрпаққа заманауи мазмұнмен жеткізуші басты буын ретінде көрінеді. Саясат, ең алдымен, қоғамның, мемлекеттің, саяси партиялардың және әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіреді. Ол әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдардың қақтығысын қамтитын динамикалық әрі қарама-қайшылыққа толы жүйе ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, саяси мәдениет қоғамдағы саяси қатынастардың жалпы сипатын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Ресей Федерациясы жастарының саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктерін зерттеген Норманская А. В. мен Кривчик В.В. (2024) өз еңбектерінде Ресейдің мәдениеті мен тарихи өткеніне құрмет көрсету құндылықтарын дарыту контекстінде жүріп жатқанын айтады [41]. Ресейлік ғалымдардың жасаған зерттеулері, атап айтқанда Рязанов пен Морохова (2020) Ресейдің тарихи және мәдени контекстін ескере отырып, саяси мәдениетке ерекше көзқарастар ұсынады [35]. Сонымен қатар, Борисова А. Б. саяси мәдениеттегі қазіргі өзгерістер жаһандану үдерісі мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсерімен тығыз байланысты екенін, қайта құру кезеңіндегі азаматтардың саяси мәдениетінің трансформациясы жайлы құнды ақпарат береді [43].

Ресей зерттеушілерінің бұл еңбектері саяси мәдениеттің тарихи және мәдени факторлармен тығыз байланысын көрсетеді. Бұл тұжырым Қазақстан үшін де өзекті, өйткені елдегі саяси мәдениеттің трансформациясы да тарихи тәжірибе мен ұлттық құндылықтардың негізінде жүріп жатыр.

Е.В. Притчина (2003) өз жұмысында радикалды әлеуметтік өзгерістер немесе реформалау үрдістері халықтың саяси мәдениетінің трансформациясына әсер етіп, дәстүрлі саяси практикаларды қалыптастыратынын баяндайды [44].

Саяси мәдениет тарихтың әртүрлі кезеңдерінде бір елден екінші елге, тіпті бір елдің ішінде айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Кейбір қоғамдарда индивидуализмге баса назар аударатын мәдениет, ал басқаларында қоғамдық құндылықтарға басымдық берілуі мүмкін. Кейбіреулер демократиялық принциптер мен қатысуды бағалауы, ал басқаларында авторитарлық тенденциялар болуы мүмкін. Алайда, жастар арасындағы саяси мәдениет олардың шығу тегіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына және мәдени контекстіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, маргиналды қауымдастықтардан шыққан жастар қоғамның артықшылықты топтарынан шыққандарға қарағанда әртүрлі саяси басымдықтар мен перспективаларға ие болуы мүмкін. Дегенмен, қазақстандық жастар тұтастай алғанда экономикалық және саяси құндылықтарды ұстанбайды, бірақ өздерінің экономикалық мүдделерін көздей отыра, әлеуметтік және саяси шындыққа бейімделеді [65].

Тарихи тұрғыда жастардың саяси наразылық білдіруінің тамыры тереңде жатқандығын саясаттанушы Д. Сәтпаев айтады [78]. Қазақ жастарының ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған бірнеше астыртын ұйымдар кеңестік кезеңде құрылды. Олардың бірі 1940-1941 жылдары негізі қаланған «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы) ұйымы болып табылады. Бұл ұйымның мақсаты Алаш көсемдерінің идеяларын жалғастырып, елдің еңсесін көтеру болды. Соғыс жылдары қызметі уақытша тоқтағанымен, кейін қайта жанданды.

"Жас тұлпар" мен "Арай" қозғалыстары қазақ жастарының ұлттық сана-сезімін нығайтуда маңызды рөл атқарды [49]. Бұл ұйымдардың қызметі кейінгі жылдары Қазақстандағы ұлттық қозғалыстардың дамуына және тәуелсіздікке ұмтылған саяси процестерге ықпал етті. Олардың идеялары мен бастамалары кейінгі жылдары ұлттық қозғалыстардың негізін қалап, қазақ жастарының саяси және мәдени белсенділігін арттыруға серпін берді. Тұтастай алғанда, Қазақстанда Кеңес өкіметінен тәуелсіздікке көшу елдің саяси мәдениетінде демократиялық ұмтылыстардың пайда болуымен, ұлтшылдықтың жандануымен, биліктің жаңа басшылық құрылымында шоғырлануымен сипатталатын терең қайта құру кезеңін Нұрсұлтан Назарбаев белгіледі.

Саяси мәдениет ғасырлар бойы дамудың нәтижесі болып табылады және әр түрлі тарихи кезеңдердің элементтері үнемі өзара әрекеттесетін көп қабатты құрылымды білдіреді. Ол өткен дәстүрлерді, қазіргі шындықтарды және болашақ үміттерді біріктіреді. Әрбір жаңа тарихи дәуірдің пайда болуымен саяси мәдениеттің жаңа деңгейі қалыптасады, ол алдыңғысын толықтырады және толығымен жоймайды [44].

Тарихқа шолу жасайтын болсақ, Қазақстандағы саяси мәдениет Қазақ хандығының құрылуынан бастау алады. М.Х. Дулати дереккөздеріне сүйенсек, 1465 жылы Керей мен Жәнібек бірнеше этникалық топтан тұратын халықты қол астына жинап, Қазақ хандығын құрады [92]. Қазақ хандығында саяси мәдениет дәстүрлі қоғамдық құрылымдар, этникалық және мәдени бірегейлік, сондай-ақ сыртқы күштердің ықпалы контекстінде қалыптасады. Хандықтың саяси мәдениеті қоғамның этникалық ұйымымен тығыз байланысты болды. Хандық ханның қол астында біріккен көшпелі қазақ тайпаларының көшпелі өмір салтына негізделген. XV ғасырдың ортасынан XVII ғасырдың басына дейін Қазақ хандығы тұтас бір мемлекет болды. Бұл Қазақстанның этникалық және саяси тарихындағы бетбұрыс оқиға және қазақ мемлекеттілігінің эволюциясындағы маңызды кезең болды. Ал XVII ғасырда хандықтың аумағы үш түрлі жүзге бөліну арқылы жеке хандықтарға бөлінеді. Сыртқы күштердің әсер етуіне байланысты Қазақ хандығының аумағы бірнеше рет өзгеріп отырды [92]. Қазақ хандығында консенсустық басқару қағидаты жиі қолданылды, онда қоғамның әртүрлі құрылымдарының пікірлерін талқылап, келіскеннен кейін маңызды шешімдер қабылданды. Хандық өз мүдделерін қорғау және ықпалын кеңейту үшін басқа халықтармен және мемлекеттермен әртүрлі әскери-саяси одақтарға кірді.

Назарбаевтың авторитарлық режимінің негізгі аспектілерінің бірі "Нұр Отан" билеуші партиясының үстемдігі және тұрақты саяси баламалардың болмауы болды. Қазақстанның саяси ландшафтын партиялардың негізгі үш

түріне бөлуге болады: президенттік, адал оппозиция және оппозиция. Президенттікті жақтайтын фракцияның мысалы ретінде Қазақстан саясатында үстем күш болған "Нұр Отан" партиясын келтіруге болады. 2007 жылдан 2012 жылға дейін ол парламентте ерекше өкілдік етті. Кейіннен оған "адал оппозиция" санатына жататын екі кіші партия қосылды. Керісінше, негізгі оппозициялық партия, Жалпыұлттық Социал-Демократиялық Партия, 2007-2012 жылдардағы сайлау аралығында сайлаушылардың қолдауының 4,62% - дан 1,68% - ға дейін төмендеуіне тап болды. Бұл құлдырау парламенттегі орындарды қамтамасыз ету үшін қажетті жеті пайыздық шектен айтарлықтай төмендеді [91].

Назарбаевтың президенттік басқаруы кезінде саяси бостандықтар мен азаматтық белсенділік мүмкіндіктерінің еркін болмауы жастардың демократиялық құндылықтары мен азаматтық санасының дамуына кедергі келтірді. Тәуелсіз ақпаратқа, саяси пікірталас алаңдарына және бейбіт наразылық білдіру жолдарына қол жеткізе алмай, көптеген жастар саяси процестен алшақтап, әдеттегі тәсілдермен мағыналы өзгерістерге қол жеткізу перспективасынан көңілі қалды.

Алайда, Назарбаевтың авторитарлық режимінің қиындықтарына қарамастан, жастар арасында қарсылық пен белсенділік ошақтары да болды. Кейбір жастар келіспеушілік білдіру және саяси өзгерістерді, соның ішінде әлеуметтік желілердегі белсенділікті, жаппай ұйымдастыруды және халықаралық жастар желілері мен қозғалыстарына қатысуды насихаттау үшін балама арналарды іздеді. Бұл күш-жігер көбінесе қуғын-сүргін мен реакцияға тап болғанымен, жастардың авторитарлық билікке қарсы тұруға және үлкен саяси ашықтық пен есеп беруге ұмтылуға төзімділігі мен ерік-жігерін көрсетті.

Кез келген азамат саясатпен айналыспаймын немесе оған қызықпаймын дегенімен, саясаттың тікелей немесе жанама түрде оның өміріне әсер ететінін түсінуі қажет. Бұл туралы Отто фон Бисмарктың әйгілі цитатасы бар: “Егер сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады”. Осыған ұқсас ойды Уинстон Черчилль де айтқан: “Егер сен саясатқа қызықпасаң, саясат сенімен қызығады”. Яғни, адам қанша саясаттан алшақ болуға тырысқанымен, саяси шешімдер оның күнделікті өміріне ықпал етеді. Қазіргі цифрлық технология дамыған уақытта Қазақстан халқының 95,8%-ы интернет желісін пайдаланатын болғандықтан, саяси ақпаратты саналы түрде іздемесе де алдынан шығатын болады. Саяси ақпарат азаматтардың күнделікті өміріне ерікті түрде де, еріксіз түрде де енуі арқылы оларды белгілі бір дәрежеде саяси хабардар етіп отырады.

Демократиялық қоғамда әрбір азаматтың саяси ақпараттан хабардар болуы және саяси білімінің жетік болуы маңызды. Себебі саяси сауаттылық – азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсінуіне, саяси процестерге саналы түрде қатысуына және мемлекеттің дамуына үлес қосуына негіз болады. Сондай-ақ, саяси мәдениеттің деңгейі мен азаматтардың саяси процестерге тартылуы елдің даму бағытын анықтайтын басты факторлардың бірі болып табылады. Саяси мәдениеттің дамуы азаматтардың саяси белсенділігі мен жауапкершілігін арттырады. Қоғамда саяси мәдениет неғұрлым жоғары болса, соғұрлым азаматтар өз мүдделерін қорғауға, саяси шешімдерге ықпал етуге

және билік институттарының жауапкершілігін қамтамасыз етуге қабілетті болады.

Р. Дальдың "Плюралистік демократия" (1961) тұжырымдамасы қалалардағы жоғары саяси бәсекелестікті және әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғауға бағытталған саяси институттардың қалыптасуын сипаттайды [2]. Бұл теорияға сәйкес, демократиялық басқару жүйесінде билік орталықтандырылмаған, керісінше, түрлі мүдделер мен топтардың өзара әрекеттесуі арқылы бөлінеді. Қалалық орта саяси плюрализмнің дамуына қолайлы жағдай жасап, әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және мәдени топтардың өз мүдделерін еркін білдіруіне мүмкіндік береді. Қалаларда ақпаратқа қолжетімділік, азаматтық ұйымдардың көптігі және халықтың белсенділігі плюралистік құрылымдардың дамуына ықпал етеді.

Дальдың плюралистік демократия теориясын Алматыға қолдансақ, бұл қала Қазақстандағы ең ірі урбанистік орталық ретінде саяси дискурс пен азаматтық қатысуда маңызды рөл атқаратынын көреміз. Алматы – саяси белсенді жастардың, азаматтық қоғам ұйымдарының, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының және жергілікті басқаруға ықпал ететін қоғамдық қозғалыстардың шоғырланған орны. Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда, Алматы тарихи тұрғыдан саяси белсенділік пен демократиялық реформалар жөніндегі пікірталастардың орталығы болып келеді.

Қазіргі жастардың көпшілігі саяси көзқарастарын қорғау мен маңызды шешімдерге әсер ету мақсатында онлайн режимде белсенді іс-шаралар мен қоғамдық қозғалыстарға қатысып келеді. Әлеуметтік медиа және цифрлық коммуникация жастарға басқа адамдармен байланыс орнатуға және саяси пікірталастар мен акцияларға қатысуға жаңа платформалар ұсынды.

Жастарды саяси процестерге қатысуға тарту Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетіне терең әсер етіп, олардың саясатқа деген көзқарасын, мінез-құлқын, қабылдауын айтарлықтай қалыптастыруға ықпал етеді. Әртүрлі көзқарастары, қызығушылықтары мен тәжірибелері бар негізгі демографиялық топ ретінде жастар саяси жүйенің тұрақтылығы мен заңдылығы үшін қатысуы маңызды болып табылатын сайлаушыларды білдіреді.

Жастарды саясатқа тартудың негізгі аспектілерінің бірі - олардың мүдделері мен басымдықтарын ескеретін жастарға бағытталған саясат пен бастамаларды ілгерілету. Білім беру, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау және экологиялық тұрақтылық сияқты мәселелер Қазақстандағы жастармен қатты резонанс тудырады және осы мәселелерге жауап беретін саясат жастардың саяси процеске қатысуы мен жұмылдыруға көмектеседі. Жастардың қажеттіліктері мен ұмтылыстарын қанағаттандыруға деген адалдығын көрсете отырып, саяси қайраткерлер осы демографиялық топ арасында сенім мен сенімділікті арттыра алады, инклюзивті және жауап беретін саяси мәдениетті дамытады [156].

Сонымен қатар, жастарды саясатқа тарту саяси жүйеге мағыналы қатысу және өкілдік ету үшін мүмкіндіктер жасауды талап етеді. Бұл дауыс беру жасын төмендетуді, шешім қабылдаушы органдардағы жастардың өкілдігін арттыруды және жастарға өз пікірлерін айтуға және саясатты әзірлеуге үлес қосуға

мүмкіндік беретін платформаларды ұсынуды қамтуы мүмкін. Жастарға саяси күн тәртібін қалыптастыруда белсенді рөл атқаруға мүмкіндік бере отырып, саясаткерлер жастардың азаматтық белсенділігі мен қатысуын арттыра отырып, саяси процеске деген инвестиция салу сезімін дамыта алады.

Сондай-ақ, цифрлық технологиялар мен әлеуметтік медиа платформаларын пайдалану жастарды Қазақстан саясатына тартудың тиімді стратегиясы бола алады. Әлеуметтік медиа платформалары саяси қайраткерлерге жастарды инновациялық және интерактивті тәсілдермен қамтуға және олармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін жастар арасындағы қарым-қатынас, жұмылдыру және ұйымдастырудың қуатты құралын ұсынады. Диалогты, ақпарат алмасуды және бұқаралық белсенділікті жеңілдету үшін цифрлық медианың әлеуетін пайдалана отырып, саяси қайраткерлер жастардың құндылықтары мен қалауларымен үндесетін неғұрлым серпінді және қатысушылық саяси мәдениетті дамыта алады.

Дегенмен, жастарды саясатқа тарту олардың қатысуына кедергі келтіруі мүмкін факторларды жоюды да талап етеді. Оларға саяси ақпаратқа, ресурстарға және мүмкіндіктерге қол жетімділіктің шектелуі сияқты құрылымдық кедергілер, сондай-ақ апатия, цинизм және саяси институттарға сенімсіздік сияқты мәдени кедергілер кіруі мүмкін. Осы кедергілерді мақсатты ақпараттық-түсіндіру, білім беру және мүмкіндіктерді кеңейту бастамалары арқылы еңсере отырып, саясаткерлер жастардың саяси белсенділігі үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасай алады және Қазақстан жастарының белсенді азаматтығы мен қатысу мәдениетін дамыта алады.

Қорытындылай келе, қазақстандық жастардың саяси мәдениеті – қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен, тарихи дәстүрлермен және жаһандану ықпалымен қалыптасып келе жатқан күрделі әрі динамикалық құбылыс. Әсіресе Алматы қаласындағы жастар арасында демократиялық қағидаттарға бейімделу, ақпараттық ашықтық пен цифрлық белсенділік мәдениетінің артуы байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, жастардың басым бөлігі әлі де материалистік құндылықтарға бағдарланғанымен, жаңа буын арасында саяси белсенділікке, демократиялық қағидаттарға және цифрлық коммуникация арқылы қоғамдық өмірге араласуға деген ұмтылыс артып келеді. Бұл үрдіс Қазақстандағы саяси мәдениеттің эволюциялық трансформациясын айқындай отырып, болашақта демократиялық институттардың нығаюына және азаматтық қоғамның дамуына жастардың шешуші рөл атқаратынын көрсетеді.

1.3 Студенттік жастардың саяси мәдениетін зерттеудің жаһандық бағыттары: библиометриялық талдау

1.3.1 SCOPUS базасындағы мақалаларға библиометриялық талдауды студенттік жастардың саяси мәдениетін зерттеуде қолдану

Бұл бөлімде студенттік жастардың саяси мәдениетін зерттеу саласындағы жарияланымдық белсенділікті жүйелеу және визуализациялау үшін библиометриялық талдауды қолдану қарастырылады. Қазіргі таңда библиометриялық талдау ғылыми жарияланымдар арасындағы байланысты,

негізгі авторлар мен журналдарды, жиі қолданылатын ұғымдар мен трендтерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде зерттеудің өзектілігін негіздеп, кейінгі зерттеулердің бағытын айқындауға ықпал етеді (Aria & Cuccurullo, 2017; Donthu et al., 2021; Zupic & Čater, 2015) [163; 164; 165]. Сонымен қатар, библиометриялық әдістер ғылыми қауымдастықтағы ықпалды зерттеулерді, концептуалдық кластерлерді және тақырыптық трансформацияларды анықтау арқылы зерттеудің мазмұндық шеңберін нақтылауға жағдай жасайды (Van Eck & Waltman, 2014; Moral-Muñoz et al., 2020) [166; 167].

Осы бөлімде Scopus дерекқорынан алынған 2020–2025 жылдар аралығындағы студент жастардың саяси мәдениеті мәселесіне арналған ғылыми жарияланымдарды жан-жақты библиометриялық тұрғыдан талдау басты мақсат болып табылады. Талдау барысында бірқатар өзекті әдістер қолданылды: (1) жарияланымдардың дәйексөз алу деңгейі мен ғылыми ықпалын бағалау; (2) авторлар мен еңбектердің өзара дәйексөзделу құрылымын зерттеу; (3) мақалалар арасындағы библиометриялық байланыстарды (bibliographic coupling) анықтау; (4) авторлық ынтымақтастық желісін талдау; (5) құжат атауларында, аннотацияларда және авторлық кілт сөздерде кездесетін негізгі концептілерді анықтауға бағытталған мазмұндық талдау.


Аталған мақсатқа сәйкес бірнеше аналитикалық міндеттер орындалды. Біріншіден, Scopus базасынан жиналған жарияланымдар негізінде зерттеу саласындағы негізгі ғылыми тенденциялар айқындалды. Екіншіден, таңдалған кезең бойынша жарияланымдардың жылдық динамикасы бағаланып, зерттеу тақырыбына деген қызығушылықтың арту үрдісі анықталды. Үшіншіден, студент жастардың саяси мәдениеті бойынша ең ықпалды еңбектер, жетекші авторлар, жиі жарияланатын журналдар және зерттеу бағытындағы белсенді академиялық институттар белгіленді.

1.3.2 SCOPUS базасы бойынша ғылыми жарияланымдарды талдаудың әдіснамалық тәсілдері

Scopus дерекқоры әлемдегі ең ауқымды ғылыми индекстердің бірі болып саналады және академиялық ортада жоғары беделге ие. Сондықтан ол библиометриялық талдауларда кеңінен қолданылатын негізгі мәліметтер базасы ретінде мойындалған (Zhu & Liu, 2020) [168]. Негізгі іздеу: “(TITLE-ABS-KEY(students political culture) AND PUBYEAR > 2019 AND PUBYEAR < 2026 AND (LIMIT-TO (SUBJAREA,"SOCI") OR LIMIT-TO (SUBJAREA,"ARTS")) AND (LIMIT-TO (DOCTYPE,"ar")) AND (LIMIT-TO (PUBSTAGE,"final")) AND (LIMIT-TO (SRCTYPE,"j")) AND (LIMIT-TO (LANGUAGE,"English") OR LIMIT-TO (LANGUAGE,"Russian"))” формуласы арқылы жүргізілді.

Зерттеу үшін алынған деректер 2020–2025 жылдар аралығымен шектелді. Деректердің валидтілігін қамтамасыз ету мақсатында монографиялар, кітаптар, конференция материалдары және есептер талдаудан шығарылды, әрі тек соңғы нұсқада (final) жарияланған және ғылыми журналдарда (journal) басылған мақалалар ғана іріктелді. Іздеу кезінде негізгі кілт сөздер ретінде «студенттік саяси мәдениет» (students political culture) терминдері қолданылды. Алынған мәліметтердің ішінен тек «әлеуметтік ғылымдар» және «өнер және

гуманитарлық ғылымдар» салаларында жарияланған зерттеулер таңдап алынды. Талдауға енгізілетін мақалалардың тілі ағылшын және орыс тілдері ретінде белгіленді.



Сурет 1 - PRISMA протоколына сәйкес библиометриялық деректерді жинау және талдау үдерісінің хаттамасы

Библиометриялық талдауға арналған деректерді жинау және өңдеу үдерісі Page et al. (2021) әзірлеген PRISMA әдіснамасына сәйкес жүзеге асырылды (Сурет 1) [169]. Мақалалардың атауы, абстракт пен кілт сөздер арасынан "студенттер" мен "саяси мәдениет" сөздерін бірге қосу арқылы іздеу жүргізілді.

Алғашқы іздеу нәтижесінде автоматты сүзгілерді қолданбаған жағдайда 5,552 мақала анықталды. Одан кейін автоматты сүзгілеу критерийлерін қолдану арқылы 655 мақалаға дейін қысқартылды. Rayyan (Rayyan: AI-Powered Systematic Review Management Platform) платформасы арқылы әдебиеттерге жүйелі шолу жүргізіліп, мақалаларды қосу/шығару критерийлері арқылы іріктеу нәтижесінде студенттердің саяси мәдениетіне тікелей және жанама қатысы бар 133 мақала соңғы библиометриялық талдауға енгізілді.

1.3.3 VOSviewer және R Studio бағдарламаларын ЖОО студенттерінің саяси мәдениетін зерттеуде қолдану тәжірибелері


Библиометриялық талдаулар белгілі бір ғылыми саладағы зерттеулердің өсу динамикасын, тақырыптық кеңеюін және ғылыми маңызын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді (Geaney et al., 2015) [170]. Іріктеліп алынған 133 мақала "csv" форматында конвертация жасалынып, VOSviewer (version 1.6.20) және R Studio (version 2025.09.2-418) бағдарламасының Bibliometrix пакеті ұсынған Biblioshiny 5.0 веб-интерфейсі арқылы талдау жасалды. VOSviewer – ғылыми жарияланымдар арасындағы байланыстарды, авторлық бірлесуді, кілт сөздердің байланыс картасын және библиографиялық желілерді құруға

мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама (Van Eck & Waltman, 2010) [171]. Ал R Studio Bibliometrix пакеті – библиометриялық мәліметтерді терең талдауға, деректерді сүзуге, ғылыми трендтерді, кластерлік құрылымдарды және тақырыптық эволюцияны анықтауға арналған кең функционалды құрал болып табылады (Aria & Cuccurullo, 2017) [167].

Билиометриялық талдау жүргізу және оны визуализациялау үшін көптеген бағдарламаларды қолдануға болады. Мысалы, оның ішінде: Citation Gecko, CiteSpace, BibExcel, HistCite, SCiMAT, SITKIS, UCInet, т.б. Осы тараудағы библиометриялық талдау VOSviewer мен R Studio (Bibliometrix) бағдарламаларын қолдану арқылы жүргізіледі.

1.3.4 Библиометриялық талдау негізінде жүргізілген зерттеу нәтижелері

Диссертациялық жұмыс аясында жүргізілген библиометриялық талдауға 2020–2025 жылдар аралығында жарияланған 133 мақала енгізіліп, олардың саны мен дәйексөз деңгейін талдау нәтижесінде жарияланым саны жыл сайын өзгеріп отырғаны анықталды. 2020–2022 жылдары жарияланымдар саны салыстырмалы түрде тұрақты (22–25 мақала), ал 2023 жылы айтарлықтай төмендеп (12 мақала), 2024 жылы қайта өсу байқалады (30 мақала). 2025 жылы жарияланым саны 21 мақалаға жеткен. Бір қызығы, сілтеме саны керісінше төмендеу тенденциясын көрсетеді: 2020 жылы 6 болса, 2025 жылы 1-ге дейін азайды. Бұл жағдай жаңа зерттеулердің саны артқанымен, олардың дәйексөздену деңгейінің салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді (Сурет 2).



Сурет 2 - 2020-2025 жылдар аралығында жарияланған мақалалар мен сілтемелер саны

Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың R Studio Bibliometrix бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері


Студенттердің саяси мәдениеті бойынша жүргізілген библиометриялық талдау нәтижесінде ең көп сілтеме жинаған авторлардың қатарына Žalėnienė I.

мен Pereira P. (406 дәйексөз), сондай-ақ Broćić M. мен Miles A. (65 дәйексөз) және Jain Nr. (57 дәйексөз) енгізілді. Бұл авторлардың еңбектері тақырыптық өрістегі ғылыми дискурстың қалыптасуы мен дамуына елеулі ықпал етіп отырғанын көрсетеді (Кесте 2). Бұл мақалаларда студенттік жастардың саяси мәдениетіне әсер ететін факторлар, олардың саяси бағдарларының қалыптасу ерекшеліктері, сондай-ақ білім беру ортасы мен цифрландырудың ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар, барлық авторлар картасының визуализациясы ұсынылады (Сурет 3).

Кесте 2 – Студенттердің саяси мәдениеті бойынша топ-10 дереккөздер

№	Автор	Жылы	Журнал атауы	Мақала атауы	Жалпы сілтеме (ТС)	ЖС жылына (ТС per Year)
1.	Žalėnienė I., Pereira P.	2021	Geography and Sustainability	Higher Education for Sustainability: a Global Perspective	406	81,2
2.	Broćić M., Miles A.	2021	American Sociological Review	College and the "Culture War": Assessing Higher Education's Influence on Moral Attitudes	65	13
3.	Jain Nr.	2020	Disability and Society	Political Disclosure: Resisting Ableism in Medical Education	57	9,5
4.	Winter J., Webb O., Turner R.	2024	Innovations in Education and Teaching International	Decolonising the Curriculum: a Survey of Current Practice in a Modern UK University	27	13,5
5.	Yanniris C.	2021	Education Sciences	Education for Sustainability, Peace, and Global Citizenship: an Integrative Approach	26	5,2
6.	Golden Ar., Anderson Re., Cooper Sm., Hope Ec., Kloos B.	2022	Emerging Adulthood	"with Politics, It's Easier to Talk to Them about It": Peer Racial Socialization and Sociopolitical Development among Black College Students	25	6,25
7.	Glazier Ra., Hamann K., Pollock Ph., Wilson Bm.	2020	Journal of Political Science Education	Age, Gender, and Student Success: Mixing Face-To-Face and Online Courses in Political Science	25	4,17
8.	Kaufmann K., Straganz C., Bork-Hüffer T.	2020	Urban Planning	City-Life No More? Young Adults' Disrupted Urban Experiences and Their Digital Mediation under Covid-19	24	4
9.	Haslop C., O'rourke F., Southern R.	2021	Convergence	#nosnowflakes: the Toleration of Harassment and an Emergent Gender-Related Digital Divide, in a UK Student Online Culture	22	4,4
10.	Da'as R., Zibenberg A.	2021	Educational Review	Conflict, Control and Culture: Implications for Implicit Followership and Leadership Theories	21	4,2


Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың R Studio Bibliometrix бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері



Сурет 3 - Авторлардың дәйексөзделу жиілігі бойынша VOSviewer визуализациясы

Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың VOSviewer бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері

Журналдардағы ғылыми жарияланымдардың жылдар бойынша өзгерісін қарастырғанда (Сурет 4), студенттік жастардың саяси мәдениетін зерттеуге арналған еңбектердің бірқатар жетекші басылымдарда айтарлықтай көбейгені байқалды. Соңғы жылдары Journal of Political Science Education, Youth Voice Journal, Social Work Education және Social Sciences and Humanities Open секілді журналдарда бұл тақырыпқа арналған зерттеулер жиілеп, олардың мазмұндық аясы да кеңейе түсті. Бұл бағыттың халықаралық ғылыми қауымдастықтағы мәні артып келе жатқанын көрсетеді.



Сурет 4 - 2020–2025 жылдардағы журналдардағы жарияланым өсімі

Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың R Studio Bibliometrix бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері

Кесте 3 көрсеткендей, мемлекеттер бойынша ғылыми жарияланымдардың өндірілуін және дәйексөзделу деңгейін салыстырмалы түрде бағалауға болады. Сілтемелер талдауында Литва ең жоғары көрсеткішке ие (406 дәйексөз, орташа дәйексөзделу – 406), бұл жарияланған мақалалардың бір мақаласы өте жоғары цитаталанғанын көрсетеді. АҚШ 65 дәйексөз бен 3,3 орташа дәйексөзделу көрсеткішімен екінші орында, ал Ұлыбритания 18 дәйексөз бен 5,4 орташа дәйексөзделумен үшінші орында тұр. Жарияланым талдауы бойынша АҚШ (80 мақала) және Ұлыбритания (43 мақала) көшбасшы болып, зерттеу белсенділігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Жаңа Зеландия (57), Греция (29), Израиль (28) және Қытай (20) елдері де белсенділік танытқан. Бұл көрсеткіштер елдер арасындағы ғылыми өнімділіктің әркелкі екенін және кейбір елдердің аз мақаламен жоғары цитаталану деңгейіне жететінін көрсетеді. Жалпы, салыстырмалы талдау жарияланым саны мен олардың дәйексөзделу көрсеткіштері әрдайым сәйкес келмейтінін, кейде аз мақаламен де жоғары ғылыми көрсеткішке жетуге болатынын айқындайды.


Кесте 3 - Мемлекеттер бойынша ғылыми жарияланымдардың өндірісін талдау (Дәйексөздер және жарияланымдар талдауы)

Дәйексөздер талдауы					Жарияланым талдауы		
№	Мемлекет	Дәйексөз саны (TC)	Жарияланым саны (NP)	Орташа дәйексөздеу көрсеткіші	№	Мемлекет	Жарияланым саны (NP)
1.	Литва	406	2	406	1.	АҚШ	65
2.	АҚШ	80	65	3,3	2.	Ұлыбритания	18
3.	Жаңа Зеландия	57	1	57	3.	Украина	11
4.	Ұлыбритания	43	18	5,4	4.	Қытай	10
5.	Греция	29	4	14,5	5.	Израиль	10
6.	Израиль	28	10	9,3	6.	Йордания	9
7.	Австрия	24	4	12	7.	Малайзия	7
8.	Қытай	20	10	5	8.	Испания	6
9.	Финляндия	20	3	6,7	9.	Оңтүстік Африка	5
10.	Венгрия	12	4	12	10.	Түркия	5

Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың R Studio Bibliometrix бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері

Жоғарыда көрсетілген жарияланымдар талдауындағы деректерді визуализациялағанда (Сурет 5) әлем картасында елдер төрт түсті категорияға бөлініп көрсетілген. Әр түсті категория елдердің ғылыми өнімділік деңгейін бейнелейді: жарияланым саны көп және цитаталану көрсеткіші жоғары елдер бөлек, ал саны аз немесе цитаталану деңгейі төмен елдер басқа түспен көрсетілген. Мұндай визуализация елдер арасындағы ғылыми белсенділіктің

географиялық таралуын айқын көрсетіп, зерттеу тақырыбы бойынша халықаралық контекстті бағалауға мүмкіндік береді.



Сурет 5 - Мемлекеттер бойынша ғылыми жарияланымдардың өндірісін талдау

Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың R Studio Bibliometrix бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері

R Studio бағдарламасының Biblioshiny интерфейсінде “Conceptual Structure” бөлімінде факторлық талдау жүргізіліп, кілт сөздер негізінде негізгі төрт кластерге бөлінді. Әр кластер өзіне тән түспен көрсетіліп, Сурет 6 төрт тақырыптық кластерді көрсетеді: (1) білім беру және саяси әлеуметтену (кластер 1 – қызыл); (2) студенттердің саяси процестерге белсенді қатысуы (кластер 2 – көк); (3) жеке тұлғалық және әлеуметтік ерекшеліктер (кластер 3 – жасыл); (4) зерттеудің эмпирикалық әдістері (кластер 4 – күлгін). Төменде кластерлер бойынша қысқаша талдау ұсынылған.

Кластер 1 (қызыл). Жастар, мәдениет және саяси-азаматтық білім беру. Бұл кластер жастардың саяси мәдениеті, саяси құндылықтардың қалыптасуы, ЖОО ортасы, саяси білім беру, азаматтық құзыреттерді қалыптастыру, цифрлық кеңістіктегі саяси коммуникация, жастардың ақпарат қабылдауы, онлайн саяси белсенділікті қамтиды. Студенттердің саяси мәдениетін қалыптастыруда оқу ортасының рөлі, олардың сыни ойлау қабілеті мен демократиялық құндылықтарды қабылдауы көрінеді. Zaleniene I. және Pereira P. (2021) өз жұмысында университетті студенттердің саяси мәдениетін қалыптастыратын институт ретінде қарастырады. Сондай ақ, жоғары білім беру «өзгерістердің трансформациялық агенті» ретінде сипатталып, университеттер студенттердің дағдылары мен мінез-құлық үлгілерін, сондай-ақ олардың қоғамға қосатын үлесін айқындайды. Broćić M. және Miles A. (2021) зерттеуі жоғары білім алудың студенттердің моральдық құндылықтарын либералдандырып, олардың саяси көзқарастары мен саяси мәдениетінің қалыптасуына тікелей ықпал ететінін көрсетеді. Zain M.I. et al. (2025) зерттеуі бойынша, білім мен әдеп саяси


шешім қабылдаудың іргетасы ретінде, ал лидерлік, адалдық және патриотизм секілді құндылықтар студенттердің саяси этикасын және мемлекетке деген жауапкершілігін қалыптастырады. Lonkila M., Jokivuori P. (2023) зерттеуі финдік студенттердің Facebook-тағы микро-деңгейдегі («nano-level») азаматтық және саяси белсенділігін талдап, жастардың онлайн кеңістікте қалыптасып жатқан жаңа саяси қатысу үлгілерін айқындап, заманауи саяси мәдениет трансформациясын сипаттайды. Сондай ақ, Chen X. et al. (2025) зерттеуі қысқа видеолар платформаларының (Douyin/TikTok) студенттердің саяси ақпаратты қабылдау тәсілін айтарлықтай өзгерткенін, яғни жастар саяси жаңалықтарды дәстүрлі медиадан емес, әлеуметтік желідегі қысқа әрі визуалды контенттен алатынын көрсетеді. Бұл жаңа медиаға бейімделу жастардың саяси танымын, белсенділік формаларын және саяси тиімділік сезімін қайта қалыптастыруға ықпал етіп, олардың саяси мәдениетінің цифрлық трансформациясын айқындайды.

Кластер 2 (көк). Студенттердің саяси процестерге белсенді қатысуы. Бұл кластер көшбасшылық, әлеуметтік әділеттілік және саяси реформалардың әсері сияқты аспектілерге назар аударады. Ол студенттердің азаматтық белсенділігін, университеттегі және қоғамдық жобалардағы қатысуын көрсетеді, саяси мәдениеттің трансформациялануының белсенді компонентін бейнелейді. Haile J.M. (2024) студенттік жастарының саяси реформалар кезінде әлеуметтік медиаға жоғары сенім артып, оның салдарынан расталмаған ақпараттың кең таралатынын анықтады. Panlee P. (2024) мақаласында студенттер мен жастардың демократиялық реформаларға бағытталған саяси қозғалыстарға белсенді қатысуын, әлеуметтік медиа арқылы мобилизациялануын және саяси көшбасшылықтың жаңа формаларын көрсетеді. Әлеуметтік медиадағы танымал ғалымдардың цифрлық ықпалы саяси реформаларға қоғамдық қолдау қалыптастыруға әсер ететінін айқындайды.

Кластер 3 (жасыл). Жеке тұлғалық және әлеуметтік ерекшеліктер. Кластер жыныс, жас, әлеуметтік интеграция және өз қауымына тиістілік сезімі сияқты факторларды қамтиды. Бұл факторлар студенттердің саяси қатысу белсенділігіне және құндылықтық бағдарларына әсер етеді. Мысалы, Erohin A.M., Vorobev S.M., Avdeev E.A. (2021) мақаласында жастардың этнополитикалық қатысуы, азаматтық, ұлттық және діни ерекшеліктері туралы нақты деректер берілген. Сонымен қатар, олардың саяси көзқарастары әлеуметтік орта, отбасы, блогосфера (blogosphere) және әлеуметтік желілер арқылы қалыптасатыны көрсетілген. Жастардың аймаққа және қауымға тиістілік сезімі, ұлттық мақтаныш сияқты жеке және әлеуметтік ерекшеліктері де анықталған.

Кластер 4 (күлгін). Зерттеудің эмпирикалық әдістері. Бұл кластер сауалнама, бақылау және эксперименттік әдістерді көрсетеді. Ол студенттік жастардың саяси мәдениет трансформациясын өлшеу және зерттеу үшін қолданылған әдістемелік негізді бейнелейді. Көптеген авторлар өз зерттеулерінде эмпирикалық әдістерді, соның ішінде сауалнама, бақылау, эксперимент және кейбір контент-анализ әдістерін пайдаланып, студенттердің құндылықтық бағдарлары, әлеуметтік және саяси бағдарлар, сондай-ақ олардың

саяси ойлау мен стратегиялары сияқты аспектілерді зерттеген (Greenberg S., Stone D.F., 2025; Rasul A., Shin D, 2025; Zharkynbekova et al., 2025; Kuncorowati et al., 2025; Haile J.M., 2024; Pennell N., Sabau G., 2024; Chen Y., Gu Y.P., 2024; Erohin A.M., Vorobev S.M., Avdeev E.A., 2021; Litvinova T., Vershinina O., Moskvitin G., 2020).



Сурет 6 - Ғылыми зерттеулердің кластерлік талдауы

Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың R Studio Bibliometrix бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері

Сондай ақ, салыстырмалы түрде VOSviewer бағдарламасында кілт сөздер картасы арқылы 5 түрлі кластерді көруге болады (Сурет 7). Техникалық түрде 5 кластер болғанымен, “student”, “education”, “curriculum”, “university students” кілт сөздері мағыналық жағынан ұқсас келеді. Картада “higher education” түйіні орталық позицияда орналасып, барлық кластерлермен байланысқан. Бұл жоғары білім беру жүйесінің талданған ғылыми әдебиеттерде негізгі құрылымдық элементтердің бірі ретінде көрінетінін және студенттер мен жастарға қатысты зерттеулердің көбіне осы контекстте қарастырылатынын көрсетеді.


Бірінші кластер “youth”, “political culture” және “higher education” түйіндерінен тұрады. Бұл кластер жастардың саяси мәдениеті мен жоғары білім беру ортасы арасындағы өзара байланыстарға бағытталған зерттеулерді қамтиды. “Youth” пен “political culture” арасындағы байланыс халықаралық әдебиеттерде жастардың саяси ұстанымдары мен құндылықтарының жеке зерттеу нысанына айналғанын байқатады.

Екінші кластер “politics”, “political participation”, “civic education” және “culture” кілт сөздерін біріктіреді. Мұнда саяси процестер, азаматтық білім беру және мәдени факторлардың саяси әлеуметтенуге ықпалына назар аударылған. “Civic education” мен “political participation” арасындағы байланыс азаматтық білімнің саяси қатысудың әртүрлі формаларын түсіндірудегі рөлін көрсетеді

Үшінші кластер “student”, “leadership”, “human” және “article” сөздерінен құралады. Бұл кластер студенттердің тұлғалық, әлеуметтік және көшбасшылық сипаттамаларына бағытталған зерттеулерді қамтып, саяси мәдениеттің жеке деңгейдегі аспектілерін талдауға мүмкіндік береді.

Төртінші кластер “education”, “students” және бесінші кластер “curriculum”, “university students” түйіндерін біріктіреді. Бұл топқа оқу бағдарламалары, білім беру мазмұны және университеттік ортаға байланысты зерттеулер кіреді, олар жастардың көзқарастары мен құндылықтарына ықпал ететін факторларды сипаттайды.

Жалпы алғанда, VOSviewer көмегімен құрылған кілт сөздер картасы зерттеу тақырыбының халықаралық ғылыми әдебиеттерде қалай құрылатынын және негізгі ұғымдардың өзара байланысын көрсетеді. Визуализация жастардың саяси мәдениетін зерттеудің жоғары білім беру, оқу бағдарламалары, азаматтық білім беру, мәдени орта және саяси құндылықтар сияқты факторлармен жиі ұштасатынын байқатады. Сонымен қатар, “youth–political culture” кластерінің жеке топ ретінде көрінуі бұл бағыттың зерттеулердегі жеке сала ретінде қарастырылатынын көрсетеді.



Сурет 7 - VOSviewer бағдарламасында жасалған кілт сөздер картасы

Дереккөз: Scopus дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде автордың VOSviewer бағдарламасы арқылы жүргізген есептеулері

Қортыта келе, жүргізілген библиометриялық талдау студент жастардың саяси мәдениетіне қатысты әдебиеттердегі негізгі бағыттар мен үрдістерді жүйелеуге, авторлық ықпал мен жарияланым динамикасын бағалауға, сондай-ақ тақырыптық кластерлерді айқындауға мүмкіндік берді. Алынған қорытындылар осы саладағы болашақ зерттеулерге нақты бағдар беріп, тақырыптың даму перспективаларын көрсетеді.

Библиометриялық талдау көрсеткендей, студент жастардың саяси мәдениеті саласында зерттеу перспективалары кең және көпқырлы. Болашақта

халықаралық салыстырмалы зерттеулерді кеңейту, түрлі елдердегі студенттердің саяси мәдениетін салыстыру маңызды болып отыр. Сонымен қатар, әлеуметтік медиа мен цифрлық платформалардың саяси мәдениет қалыптасуына ықпалын терең талдау, микродеңгейлі деректер мен заманауи эмпирикалық әдістерді қолдану бағыттары перспективалы болып табылады. Университеттік білім беру мен әлеуметтену процесінің рөлін зерттеу, сондай-ақ жас, жыныс, әлеуметтік интеграция және қауымға тиістілік сияқты жеке және әлеуметтік факторлардың ықпалын талдау студенттердің саяси белсенділігі мен мәдени трансформациясын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарындағы студенттер қоғамдағы маңызды саяси субъектілердің бірі ретінде қарастырылып, олардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуы маңызды деп есептеледі. Демократиялық елдерде жастардың саяси процестерге қатысуын қамтамасыз ету үшін, білім беру жүйесінің мақсаты олардың демократиялық үрдістерді түсінуіне және белсенді түрде қатысуға үйрету болып саналады.

2 САЯСИ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ

2.1 Саяси трансформациялар контекстіндегі саяси мәдениет: қазақстандық ерекшелік

2.1.1 Қазақстандағы саяси жүйе эволюциясы және саяси мәдениеттің өзгеруі

Қазақстандағы саяси мәдениеттің трансформациясы 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейінгі саяси жүйенің кезеңдік эволюциясымен тығыз байланысты. Бұл үдеріс кеңестік авторитарлық мұрадан нарықтық және демократиялық институттарға өтудің күрделі сипатын көрсетеді. Саяси мәдениетті қалыптастырған негізгі факторларға кеңестік жүйеден мұраланған патерналистік сана, көпұлтты қоғам құрылымы, ислам дінінің әлеуметтік рөлі, орталықтандырылған билік моделі, сондай-ақ жаһандану мен цифрландыру әсері жатады [46].

Посттоталитарлық кезеңдегі Қазақстанның саяси жүйесінің трансформациясын М.С. Машан (2000) үш кезеңге бөліп қарастырады [47]. Бірінші кезең (1985–1991 жж.) ұлттық идеяның басымдығымен ерекшеленсе, екінші кезең (1992–2002/2005 жж.) мемлекеттік-саяси идеялардың жетекшілік етуімен сипатталады. Ал үшінші кезең (2002–2005 жж.) әлеуметтік-экономикалық идеялардың алдыңғы орынға шығуымен айқындалады. Бұл кезеңдер елдегі саяси реформалардың институционалдық бағытын айқындап, жастардың саяси сана-сезімі мен құндылықтық бағдарларына тікелей әсер етті [48]. Әр кезеңдегі басым идеялар жастардың саяси қатысуының сипатын өзгертті: алғашқы жылдары бейімделушілік пен сенім, ал кейінгі жылдары прагматизм мен әлеуметтік жауапкершілік басым болды.

А. Чеботаревтың Қазақстандағы саяси реформалар туралы пікірталасты екі кезеңге бөліп, 2001–2006 жылдары билік пен оппозициялық партиялар арасында демократиялық жаңғырту мәселесінің өзекті болғанын көрсетеді [50]. Бұл реформалар “жоғарыдан төменге” бағытталған сипатымен ерекшеленді. Демек, саяси мәдениет эволюциясы да “мемлекеттік бастама – қоғамдық бейімделу” формасында жүрді. Бұл – Қазақстанның саяси мәдениетінің айрықша ерекшелігі, себебі ол азаматтардың, соның ішінде жастардың, саяси өзгерістерге тікелей емес, бейімделуші түрде қатысуын қалыптастырды.

2019 жылдан бастап Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетінің трансформациясы цифрландырудың өсуімен, ақпаратқа қолжетімділіктің кеңеюімен, қоғамдық-саяси жағдайдағы өзгерістермен және жастар белсенділері мен ұйымдарының белсенді рөлімен байланысты. Жастар саясатты тек бақылаушы емес, ақпараттық кеңістіктегі белсенді субъект ретінде қабылдай бастады. Бұл кезеңде саяси мәдениет трансформациясының басты белгісі ретінде саяси ақпаратты тұтыну мен пікір білдіру мәдениетінің онлайн кеңістікке ауысуы болып табылады.

Қазақстандағы саяси жүйенің қалыптасуы мен трансформациясын автор бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады. 1991–1995 жылдар аралығы тәуелсіздіктің алғашқы кезеңімен сәйкес келді. Бұл уақытта конституциялық реформалар жүргізіліп, 1991 жылы ел тарихындағы тұңғыш президент сайлауы өтті. Нұрсұлтан Назарбаев 98,7 пайыз дауыс жинап, мемлекет басшысы ретінде өзінің билігін ресми түрде бекітті. 1993 жылғы алғашқы Конституция кеңестік заңнамадан толық бас тартуды білдірсе, 1995 жылғы жаңа Конституция президенттік билікті күшейтіп, қос палаталы Парламент институтын қалыптастырды. Осылайша, Қазақстанда президенттік басқару жүйесінің іргетасы қаланды.

1996–2000 жылдары саяси жүйені институционалдық тұрғыда жетілдіру процесі жүрді. 1998 жылғы конституциялық түзетулер президент өкілеттігінің мерзімін 5 жылдан 7 жылға ұзартты. Сонымен қатар партиялық тізім бойынша сайлау жүйесі енгізілді, бұл саяси партиялардың парламенттік қызметтегі рөлін арттыруға бағытталған қадам болды. 1998 жылы 1 желтоқсан ҚР Әділет министрлігі жарлығымен ресми 9 партия тіркелген. Нақтылайтын болсақ: Қазақстан демократиялық партиясы, Қазақстан Коммунистік партиясы, Қазақстан Социалистік партиясы, Қазақстан Халық-кооперативтік партиясы, Қазақстанның Қайта өрлеу партиясы, Қазақстанның Халық бірлігі партиясы, "Қазақстан Халық Конгресі" партиясы, Қазақстан Республикалық партиясы, Республикалық саяси Еңбек партиясы [45]. Ал 1999 жылы Конституциялық заңнамаға өзгертулер енгізіліп, саяси партиялардың Парламентке өту шекті балы 7% деп енгізілген еді. Қазіргі 2022 жылғы саяси реформаға сәйкес бұл шек 7%-дан 5%-ға азайтылды.

2001–2007 жылдары саяси партиялар мен Парламентті реформалау кезеңі басталды. 2002 жылы қабылданған «Саяси партиялар туралы» заң партияларды тіркеу үшін 50 мың мүше талабын бекітіп, партиялық жүйені институционалдық тұрғыда нығайтты. 2007 жылғы конституциялық өзгерістер президент өкілеттігінің мерзімін қайтадан 7 жылдан 5 жылға қысқартып, Мәжіліс депутаттарының тек партиялық тізім бойынша сайлануын бекітті. Бұл қадам партиялардың саяси өмірдегі ықпалын күшейтумен қатар, көппартиялық жүйені формалды түрде дамытты.

Сондықтан Қазақстандағы саяси мәдениет трансформациясы тарихи эволюция мен саяси реформалардың өзара байланысы арқылы жүреді. Оның ерекшелігі – саяси институттардың жоғарыдан бастамашы рөлінде, ал қоғам мен жастардың бейімделуші, прагматикалық ұстанымында. Бұл қазақстандық саяси мәдениеттің посткеңестік кеңістіктегі өзіндік моделін айқындайды.

1990 жылдардың басындағы қоғамдық белсенділік пен біршама плюрализмге қарамастан, Қазақстандағы саяси институттардың институционалдануы тұрақты әрі біркелкі емес сипатқа ие болды. Ю. Булуктаев, С. Дьяченко және Л. Кармазина деректері бойынша 1990 жылдың басында жүзден аса қоғамдық бірлестік тіркелген немесе тіркелмеген түрде

жұмыс істеген, алайда олардың көпшілігі клубтық сипатта қалып, кейін саяси жүйеге толық интеграциялана алмады [89]. Бұл — бастапқы плюрализм мен қоғамның жоғарыдан ұйымдастырылған институттар жүйесіне біртіндеп бейімделуінің айқын көрінісі: көптеген топтар мен қозғалыстар әлеуетін сақтағанымен, институционалдану деңгейі төмен болғандықтан олар саяси жүйеде тұрақты агенттерге айналмады [90].

М.С. Машанның және басқа сарапшылардың тұжырымдамасы бойынша Қазақстанның көппартиялық жүйесі әлі қалыптасу сатысында қалып отыр; партиялар көбіне нақты ұйымдық-институционалдық сипаттан гөрі мүдде топтарына ұқсас қызмет атқарады [48]. Бұл — саяси мәдениеттің формалды плюрализмге қарамастан практикалық жағынан шектеулі болуын түсіндіретін институционалдық фактор. 2008–2012 жылдардағы партия тіркеу талаптарының жеңілдетілуі (50 мыңнан 40 мыңға дейін) және Мәжіліс құрамындағы бірнеше партияның өкілдігі формалды плюрализмнің өтуін көрсетті, алайда жоғары деңгейдегі сайлау нәтижелері (Назарбаевтың сайлауда жоғары пайыздарды жинауы) билік құрылымында бәсекелестіктің төмен күйін сақтағанын дәлелдеді, яғни бұл жағдай сырттағы реформалардың ішкі саяси мәдениетке шынайы ықпалын тежеді.

2019 жылдан бастап Қазақстан жаңа саяси реформалар мен демократияландыру кезеңіне өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бірнеше реформалар топтамасы жүзеге асырылды. 2019 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында алғашқы топтама ұсынылса, 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауда үшінші топтама жарияланды. 2021 жылы VII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында реформалардың жаңа бағыты бекітіліп, сол жылы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында төртінші топтама қабылданды. 2022 жылғы 16 наурызда президент жариялаған саяси реформалардың бесінші топтамасы саяси жүйені түбегейлі өзгертуге бағытталды. Онда президент өкілеттігін шектеу, сайлау жүйесін жаңарту және саяси партияларды тіркеу процедурасын жеңілдету секілді маңызды өзгерістер ұсынылды [119; 120].

Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің саяси жүйелерін демократияландыру деңгейін бағалау кезінде ұлттық ерекшеліктермен қатар халықаралық сараптамалық ұйымдардың деректерін де ескеру маңызды. Өйткені әр елдегі саяси реформалардың бағыты мен нәтижелері тек ішкі факторлармен ғана емес, сонымен бірге сыртқы ықпалдармен де айқындалады. Осы пікірді Ордуханян (2017) да қолдайды: ол посткеңестік елдердегі демократиялану қарқыны сыртқы қысым мен ішкі саяси еріктің үйлесіміне тәуелді екенін атап көрсетеді [37].

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы саяси реформалар көбіне институционалды трансформацияның эволюциялық үлгісімен сипатталады. Мұндай модель жастардың саяси мәдениетінде бір мезетте электоралды сенім

элементтерінің де, бейімделушілік мәдениетінің де сақталуына жағдай жасайды. Посткеңестік кеңістіктің өзі де саяси даму бағыттары бойынша әркелкі, яғни Еуропамен жақын ықпалдасқан, Ресейдің геосаяси ықпалынан алысырақ орналасқан елдер демократиялық институттарды жылдам қалыптастырса, еуропалық интеграцияны таңдағанымен, Ресейдің ықпал аймағына жақын мемлекеттер демократиялану жолында күрделірек жағдайларда дамыды.

Қазақстандағы саяси мәдениет трансформациясын толық түсіну үшін саяси жүйенің эволюциясын кезеңдер бойынша талдау маңызды. Бұл трансформацияға әсер еткен сыртқы және ішкі демократиялық индикаторлар 2.1.2 бөлімінде арнайы қарастырылады.

2.1.2 Қазақстандағы саяси трансформацияның индикаторлары

Қазақстандағы саяси мәдениеттің трансформациясын түсіну үшін саяси жүйеде орын алған институционалдық өзгерістерді сыртқы және ішкі индикаторлар арқылы кешенді талдау қажет. Сыртқы индикаторлар ретінде халықаралық сараптамалық ұйымдардың – Freedom House және Bertelsmann Stiftung (BTI) – рейтингтері алынса, ішкі индикаторлар елде 2019 жылдан кейін іске қосылған саяси реформалар, жергілікті басқару өзгерістері, азаматтық қоғам кеңістігінің динамикасы және саяси дағдарыстардың салдарымен сипатталады. Бұл көрсеткіштер жастардың саяси санасына, сенім деңгейіне және ақпараттық белсенділігіне тікелей әсер етеді.

2019 жылдан кейінгі саяси реформалар Қазақстанда саяси қатысудың жаңа тетіктерін кеңейтіп, жастардың саяси ақпаратқа қолжетімділігін арттырды. Дегенмен, Freedom House деректері бойынша Қазақстанның демократия индексі 2024 жылы 1,29 деңгейінде қалып отыр [123]. Бұл саясаттағы институционалдық өзгерістердің мазмұнынан гөрі қоғамдық үміттің өсуі басым екенін байқатады. Халықаралық ұйымның бағалауынша, елде авторитарлық басқару элементтері әлі де күшті, сайлау процесі жеткілікті дәрежеде еркін емес, азаматтық қоғам толық қалыптаспаған. Соған қарамастан, 2020–2022 жылдары демократиялық көрсеткіштерде шағын оң динамика байқалды (Кесте 4).

Кесте 4 – Freedom House деректері бойынша Қазақстандағы демократия көрсеткіші, жылдар бойынша

Жылы	**Ұлттық демократиялық басқару**	**Сайлау процесі**	**Азаматтық қоғам**	**БАҚ бостандығы**	**Жергілікті демократиялық басқару**	**Әділ сот және сот тәуелсіздігі**	**Сыбайлас жемқорлық**	**Демократия индексі**
2018/2019	1,25	1,25	1,25	1,25	1,50	1,25	1,25	1,29
2020	1,25	1,25	1,50	1,25	1,50	1,25	1,25	1,32

2021	1,25	1,25	1,50	1,25	1,50	1,25	1,25	1,32
2022	1,25	1,25	1,50	1,25	1,75	1,25	1,25	1,36
2023	1,25	1,25	1,25	1,25	1,75	1,25	1,25	1,32
2024	1,25	1,25	1,25	1,25	1,50	1,25	1,25	1,29

Кестені автор құрастырған.

*Рейтингтер 1-ден 7-ге дейінгі шкала бойынша бағаланады, мұнда 7 – демократиялық дамудың ең жоғары деңгейін, ал 1 – ең төменгі деңгейін білдіреді.

2020 жылы азаматтық қоғам көрсеткіші 1.25-тен 1.50-ге көтеріліп, азаматтық кеңістіктің біршама ашылуын көрсетеді. Оған 2007 жылдан бері алғаш рет рұқсат етілген митингінің өтуі, жаңа әрі әртүрлі азаматтық белсенділер тобының қалыптасуы және мемлекет ресми түрде мақұлдамаған бірнеше наразылық акцияларына полицияның араласпауы себеп болды.

2022 жылы жергілікті демократиялық басқару көрсеткіші 1.50-ден 1.75-ке көтерілді, себебі саяси реформалар жүргізіліп, ел көлемінде ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі мен жергілікті басқару құрылымына ресми өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде, демократия көрсеткіші ең жоғары 1.36 деңгейіне жетті.

2023 жылғы есеп бойынша, Қаңтар оқиғасы кезінде билік наразылық білдірушілерге күш қолданғандықтан және кемінде 238 адам қаза тапқандықтан, азаматтық қоғам көрсеткіші 1.50-ден 1.25-ке дейін төмендеді. Осыған байланысты Қазақстанның демократия индексі 1.36-дан 1.32-ге дейін азайды.

Ал 2024 жылы жергілікті демократиялық басқару көрсеткіші 1.75-тен 1.50-ге дейін төмендеді. Бұл жергілікті биліктің тәуелсіздігі әсіресе 2023 жылғы жергілікті сайлау барысында біртіндеп әлсіреп келе жатқанын анық көрсеткен. Сонымен қатар, соңғы децентрализация бастамалары айтарлықтай өзгеріс әкелмеді. 2025 жылғы зерттеу әлі де жүргізіліп жатқандықтан әзірге нәтижелер қол жетімді емес.

Жоғарыда көрсетілген деректерден Қазақстандағы демократиялық өзгерістердің тұрақсыз екенін байқауға болады. Кейбір жылдары азаматтық қоғам мен жергілікті басқару салаларында оң қадамдар жасалып, демократия көрсеткіштері жақсарса, кей жылдары керісінше, биліктің қатаң бақылау шаралары мен реформалардың тиімді жүзеге аспауы кері әсерін тигізген. Қаңтар оқиғасы сияқты саяси дағдарыстар мен биліктің жауап әрекеттері азаматтық қоғамның дамуына тікелей ықпал еткенін көруге болады. Сонымен қатар, жергілікті басқару реформаларының ұзақ мерзімді нәтижелері де күмән тудырады, себебі енгізілген өзгерістер бірден тұрақты оң нәтиже бере алмайды. Жалпы, Қазақстандағы демократиялық даму серпінді сипатқа ие, алайда оның болашақ бағыты саяси реформалардың тиімділігіне және олардың іс жүзінде қалай жүзеге асатынына байланысты болмақ. 2025 жылғы зерттеу нәтижелері бұл үрдістердің ары қарай қалай дамитынын нақтырақ көрсетеді.

Саяси трансформация бойынша Bertelsmann Stiftung 2024 жылғы трансформация индексі (BTI) Кесте 4 сәйкес, Қазақстан 10-нан 3,73 ұпай

жинап, 137 елдің ішінде 95-ші орынға ие болды (Кесте 5). 2014 жылмен салыстырғанда, Қазақстан 3,9 ұпаймен әлем бойынша 102 орында болған. 2020 жылы 3,8 ұпаймен 100 орынға көтерілген [161]. Бұл он жыл ішінде түбегейлі өзгерістер болмағанымен, дамудың біртіндеп оң бағыты бар екенін дәлелдейді. Мұндай динамика реформалардың белгілі бір деңгейде әсер етіп жатқанын, алайда саяси трансформацияның әлемдік жоғары және бәсекеге қабілетті деңгейіне жету үшін жеткіліксіз деген қорытынды жасауға болады. Сол себепті, сапалы ілгерілеу үшін жүйелі әрі терең өзгеріс жасалуын қажет етеді. Бұл институционалдық реформалар белгілі бір оң серпін бергенімен, саяси мәдениеттің «терең» сапалық өзгерісі үшін жеткілікті мөлшерде емес деген қорытындыға апарады.

Кесте 5 - Bertelsmann Stiftung трансформация индексі, жылдар бойынша

Индекс	**2014**	**2020**	**2024**
1-10 дейін	3,9	3,8	3,73
137 ел арасында	102	100	95

Кестені автор құрастырған.

Freedom House бағалаған азаматтық қоғамның ашықтығы жастардың саяси ақпарат алу мүмкіндігін арттырып, цифрлық саяси қатысуын күшейтті. Ал жергілікті басқару реформалары студент жастардың жергілікті деңгейдегі саясатқа қызығушылығын арттырғанымен, олардың саяси сенім деңгейіне түбегейлі өзгеріс енгізе алмады. 2022 жылғы саяси дағдарыстар керісінше жастардың институционалдық сеніміне кері әсер етіп, сақтық пен бейімделушілік мәдениетін күшейтті. Осылайша, сыртқы халықаралық бағалаулар мен ішкі реформалар Қазақстан жастарының саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктерін түсіндіруге маңызды аналитикалық негіз болып табылады.

2.1.3 Саяси мәдениеттің терең трансформациясын тежейтін әлеуметтік-мәдени және құрылымдық кедергілер

Қазақстандағы саяси реформалар аясында демократиялық институттарды дамытуға бағытталған қадамдар жасалғанымен, бұл құндылықтардың саяси мәдениетке терең енуіне және де аталған зерттеу нәтижелерінің төмен деңгейде болуына бірқатар әлеуметтік-мәдени және құрылымдық кедергілер бар. Саяси мәдениет тек формалды институттардың қызметіне ғана емес, сонымен қатар тарихи қалыптасқан дәстүрлерге, әлеуметтік стратификацияға және қоғамдағы құндылықтық бағдарларға тәуелді. Осы тұрғыда, Қазақстан жағдайында рулық-туыстық қатынастар, жершілдік, кландық байланыстар, сондай-ақ әлеуметтік теңсіздік пен гендерлік алшақтық сияқты факторлар демократиялық саяси теңдік қағидаларының орнығуын тежейтін негізгі кедергілердің бірі ретінде көрініс табады. Бұл ерекшеліктерді талдау саяси трансформациялардың қазақстандық спецификасын түсінуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, Қазақстан қоғамында дәстүрлі рулық қатынастар мен кландық тармақ жүйесі әлеуметке өзара сенім мен саяси үміт қалыптастыруда айтарлықтай рөл атқарады. Э. Шатцтың зерттеуіне сәйкес, кландық құрылымдар – қазақ қоғамындағы биліктің дәстүрлі негізі, мемлекеттік институттардың күшейуіне қарамастан, қазіргі саясатта әлі де маңызды ықпал етеді [131]. Бұл белгілі бір адамдардың билік ресурстарына қол жеткізуде ресми институттар арқылы емес, туыстық немесе жақындық байланыстары арқылы ықпал етіп, демократиялық теңдік принциптерінің іске асуына кедергі жасайды.

Зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы кландық байланыстар мемлекеттік басқару жүйесінде жаңашыл идеялар мен жаңа кадрлардың келуін шектейді. Билікке келген тұлға алдымен туыстық немесе жақындық желісінің мүддесін қорғауға міндетті болады, нәтижесінде ол бюрократиялық иерархияда тек өз әулетін ілгерілетеді. Мұндай жағдай реформалардың жүзеге асуына кедергі келтіріп, саяси-экономикалық жүйеде тоқырау тудырады. Нәтижесінде қоғамда сапасыз инфрақұрылым, кәсіби деңгейі төмен қызмет көрсетулер, азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін әлеуметтік мәселелер жиілейді. Бір топтың пайдасы үшін бүкіл қоғамның дамуын артқа тартатын құбылыс болып табылады. Алайда дәл осы қайшылықтар жастардың жаңа құндылықтарды іздеуге, ашықтық пен әділдікке негізделген саяси қатысу формаларын таңдауға итермелеп, өзгерістерге деген қоғамдық сұранысты күшейтеді [133].

Сонымен қатар, Ж. Абильдиннің айтуынша, Қазақстанда қоғамның әлеуметтік жіктелуі жағдайында сыбайлас жемқорлық рулық, туыстық, кландық және жерлестік байланыстардың тамыр жаюына негіз болды [116]. Жемқорлықтың салдарынан жастардың билік өкілдеріне, саяси институттарға деген сенімі жоғалады. Transparency International (2023) деректері бойынша, Қазақстан сыбайлас жемқорлық индексінде 180 елдің ішінде 93-орында тұр [155]. Бұл көрсеткіш қоғамда, әсіресе жастар арасында, мемлекеттік институттарға деген сенімнің әлсіздігін дәлелдейді. Нәтижесінде, жастар ресми саяси арналардан гөрі бейресми, көбіне онлайн форматтағы қатысуға бейімделеді.

Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктер саяси мәдениетке қосымша кедергілер тудырады. 2022 жылғы сайлау алдындағы сөзінде Қ.Тоқаев елдегі байлықтың 50%-ын небәрі 164 адамның қолында екенін атап өткен болатын [159]. Бұл көрсеткіш әлеуметтік теңсіздікті ерекше айқындайды. Мұндай консолидация жастар арасында қоғам ретінде сенімді әлсіретіп, саяси институттар мен демократиялық процесске деген белсенді қатысудан гөрі байлық пен ресурстарға негізделген саясатқа бей-жай емес көзқарасты күшейтеді.

Сонымен бірге, 2024 жылғы World Bank есебі Қазақстандағы кедейлік пен теңсіздіктің біртіндеп төмендегенімен, орта таптың өсуі тоқтап қалғанын атап өтіп, Гини коэффициенті 2015 жылы 24.3-тен 2021 жылы 26.4-ке дейін артқанын көрсетеді [93]. Бұдан бөлек, OECD (2023) деректері бойынша

Қазақстандағы жастардың 34%-ы әлеуметтік лифттердің жеткіліксіздігін, яғни білім мен еңбек арқылы табыстық теңсіздікті еңсерудің қиындығын атап көрсеткен [94]. Мұндай әлеуметтік мобильділіктің төмендігі жастар арасында «әділетсіздік сезімін» күшейтіп, саяси нигилизм мен мемлекетке деген сенімсіздікті қалыптастырады.

Үшіншіден, қазақстандық саяси мәдениеттің трансформациясына әсер ететін тағы бір маңызды фактор – жасы үлкенді сыйлау дәстүріне негізделген иерархиялық мәдениет. Қазақ қоғамында дәстүрлі түрде үлкен буынға құрмет көрсету, шешім қабылдауда жастардың пікірінен гөрі аға буынның тәжірибесіне жүгіну кең таралған. Мұндай мәдени норма саяси кеңістікте де көрініс тауып, жастардың белсенді саяси қатысуына тосқауыл қояды. Бұл туралы, атап айтқанда, Karini (2024) мақаласында мемлекеттік әкімшілік реформалар контекстінде қолданыстағы «power distance» (билікке қашықтық) көрсеткіші («үлкен дәрежелі билікке бағынушылық») маңызды рөл атқаратыны атап көрсетілген [86].

Сонымен қатар, жастар арасында жүргізілген зерттеу нәтижесінде олардың үлкендермен сыни диалогқа түспей, дәстүрлі құндылықтарды көбірек сақтауға бейім екені анықталды. Мысалы, Junisbai & Junisbai (2020) зерттеуінде жастар «жаңа ұрпақ» ретінде ата-анасының буынына қарағанда пәрменді сыншыл пікір білдіруден гөрі дәстүрлі бағынушылық сипатында қалыптасқанын атап өтеді [81]. Осындай иерархиялы құндылықтар билік жүйесіндегі вертикальдық басқару стилімен үндесіп, жастардың саяси мәдениетте белсенді рөл атқаруына кедергі болып қала береді.

Төртіншіден, гендерлік теңсіздік саяси мәдениеттегі маңызды шектеуші фактор болып табылады. Қазақстанда әйелдердің саясаттағы үлесі ресми түрде өсіп келе жатқанына қарамастан, олардың шешім қабылдаудағы нақты ықпалы шектеулі. Norris (2011) еңбегінде көрсетілгендей, гендерлік рөлдерге қатысты дәстүрлі мәдени ұстанымдар демократиялық құндылықтарды қабылдау процесін баяулатады [3].

Соңғы реформалардың ішінде жастар, әйелдер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға 30% квотаның берілуі осы гендерлік теңсіздікті азайту мақсатында жасалды. 2023 жылы сайлау нәтижелеріне байланысты 30% квотаның 9,8% жастар, ал 20,2% әйелдер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар алып отыр. Бұл туралы тереңірек талдау осы жұмыстың 2.1-ші тарауында жүргізілді.

2021 жылғы парламенттік сайлауда жалпы депутаттардың 27,4%-ы әйелдер болған [132]. Салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш төмен екенін және де гендерлік саясатты дамытудың қажеттілігін көрсетеді. Қазақстан контексінде бұл құбылыс жастардың гендерлік теңдікке қатысты көзқарасында да байқалады: жастардың едәуір бөлігі әйелдердің саясатқа араласуын қолдағанымен, шынайы өкілдік көрсеткіші төмен болып отыр. "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ директоры Александра Молчановскаяның айтуынша, саяси құқықтар мен мүмкіндіктерге тең қолжетімділік көрсеткіші

бойынша Қазақстан 146 елдің ішінде 103-орында тұр. «Мұндай төмен көрсеткіш Орталық Азия елдерінің бәріне тән. Бұл әйелдердің жоғары саяси өкілді және атқарушы органдарға көбірек тартылуының қажеттігін білдіреді», – дейді [145]. Жастардың басым бөлігі гендерлік теңдікті қолдағанымен, институционалдық деңгейде шынайы өкілдіктің аз болуы ресми ұстаным мен нақты нәтиже арасындағы алшақтықты көрсетеді.

Амребаев А.М. мен Ешпанова Д.Д. 2021 жылдың мамыр-маусым айларындағы зерттеу қорытындыларына сүйене отырып, қазақстандықтардың жаппай саяси санасында биліктен және саясаттан алшақтау үрдісі әлі де басым екендігін айқындайды [130]. Зерттеушілердің пайымдауынша, мұндай құбылыс «Жаңа Қазақстан» идеясын жүзеге асырудағы жинақталған конструктивтік әлеуеттің толыққанды іске асуына елеулі шектеу қояды.

2021 жылғы әлеуметтік сауалнама деректері қоғамда бірқатар жүйелі мәселелердің сақталып отырғанын айғақтайды. Атап айтқанда, «сыбайлас жемқорлықтың кең таралуы, қоғам дамуының мақсаты мен идеологиялық бағдардың жеткілікті айқындалмауы, білім сапасының төмен деңгейі, әлеуметтік лифтілердің тамыр-таныстыққа байланысты шектелуі және азаматтардың құқықтарын қорғаудың сенімді тетіктерінің жоқтығы» негізгі проблемалар қатарында көрсетілді [130].

Алайда, Дүйсен және Айтжанова (2023) мәліметінше, "Жаңа Қазақстан" бастамасы жастардың саяси мәдениеті мен белсенділігін арттыруға басымдық береді. Бұл білім беру жүйесін нығайтуға, жастар бастамаларын қолдау және олардың саяси шешім қабылдау процестеріне қатысуын қамтамасыз ету шаралары қарастырылуы ықтимал. Жаңа Қазақстан Орталық Азия аясындағы екіжақты және көпжақты байланыстарды нығайтуға, сауда, ғылым және мәдениет салаларындағы кеңейтілген ынтымақтастық арқылы жаһандық сын-қатерлерді шешуге ұмтылды [80]. "Жаңа Қазақстан" саяси институттардың тиімділігін жақсартуға және оларды қазіргі жағдайларға бейімдеуге бағытталған бағдарламалар мен реформаларды, атап айтқанда сот төрелігі, басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды қамтиды. Жаңа Қазақстанның конституциялық заңнамасында заң шығару және атқарушылық процестерді күшейтуге бағытталған мемлекеттік құрылымдар мен билік институттарының өзара әрекеттесуіне баса назар аударылған [79].

Қорыта келе, Қазақстандағы саяси мәдениеттің трансформациясы бірнеше кезеңнен өткен күрделі әрі қайшылықты процесс болып табылады. Құрылымдық реформалар кейбір көрсеткіштерді жақсартып, азаматтық қоғамға кеңістік ашса да, рулық байланыстар, сыбайлас жемқорлық, әлеуметтік мобильдікті шектейтін құрылымдар және иерархиялық мәдениет саяси мәдениеттің «терең» өзгерісін тежеп отыр. Бұл факторлар жастардың саяси белсенділігі мен мемлекеттік институттарға сенімін төмендеткенімен, сонымен қатар ашықтыққа, әділдікке және демократиялық құндылықтарға деген

қоғамдық сұранысты күшейтіп, саяси мәдениеттің болашақта жаңаруына негіз қалайды.

Аталған саяси-мәдени қайшылықтарды еңсеру үшін кешенді әрі жүйелі қадамдар қажет. Ең алдымен, әлеуметтік теңсіздікті төмендету бағытында жастарға сапалы әрі қолжетімді білім беру мүмкіндіктерін кеңейту, еңбек нарығында әділ бәсекелестік орнату және әлеуметтік лифттерді дамыту өзекті болып табылады. Сонымен қатар, туыстық-рулық қатынастар мен кландық ықпалдарды шектеу үшін мемлекеттік қызмет пен саяси институттарда меритократия қағидаларын орнықтыру аса маңызды. Бұдан бөлек, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету арқылы әйелдердің саяси процестерге қатысу деңгейін арттыру саяси мәдениеттің инклюзивті сипатын күшейтеді. Сондай-ақ, жастардың цифрлық белсенділігін тиімді пайдалану мақсатында онлайн-петициялар, қоғамдық тыңдаулар және жергілікті өзін-өзі басқару механизмдеріне қатысу арналары кеңейтілуі тиіс. Ақырында, қоғамдық сенім деңгейін арттыру үшін билік құрылымдарының ашықтығын күшейтіп, шешім қабылдау процесіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қажет.

2.2 Қазақстандағы саяси реформалар: институционалдық өзгерістер және олардың жастарға ықпалы

2.2.1 “Жаңа Қазақстан” саяси реформаларының мәні мен мазмұны

Соңғы жылдары Қазақстан саяси жүйесін жаңғырту мен басқару институттарын жетілдіру бағытын белсенді ұстанып келеді. 2019 жылы ұзақ жылдар билікте болған Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтатқаннан кейін елде саяси биліктің ауысуы жаңа реформалық кезеңнің басталуына жол ашты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттік кезеңі мемлекеттік басқаруды жаңарту, билік тармақтарының өзара тепе-теңдігін нығайту және азаматтардың саяси қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бастамалармен ерекшеленді.

Бұл реформалардың негізгі мақсаты – қоғамның ашықтық, әділдік және жауапкершілік талаптарына жауап беру. “Естуші мемлекет” қағидатының енгізілуі, партиялық жүйені қайта қарау, сайлау заңнамасын жаңарту және жергілікті өзін-өзі басқару тетіктерін кеңейту сияқты қадамдар осы бағыттың нақты көрінісіне айналды. Реформалар демократиялық процестерді институционалдық тұрғыдан нығайтып қана қоймай, жастардың саяси әлеуетін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашты [119].

Саяси реформалар сайлау заңнамасына аралас пропорционалды-мажоритарлық жүйені енгізу және инклюзивтілікті ынталандыруға және белсенді саяси мәдениетті дамытуға бағытталған партиялық тізімдердегі әйелдер мен жастарға 30% квота енгізу сияқты түзетулерді қамтиды. Президенттік мерзімді жеті жылдан бес жылға дейін қысқарту және бір мерзімге шектеу Назарбаев дәуіріне тән биліктің шамадан тыс шоғырлануын болдырмауға бағытталған қадамдар болып табылады [120].

Сонымен қатар, аймақтық автономияны күшейту арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүмкіндіктерін кеңейту арқылы басқаруды орталықсыздандыру әрекеттері жасалды. Ашықтық пен әділдікті арттыруға бағытталған сот реформалары да мемлекеттік институттарды жаңғыртудың кең ауқымды күн тәртібінің бөлігі болып табылады. Осы күш-жігерге қарамастан, сыншылар құрылымдық шектеулер, соның ішінде оппозициялық партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының шектеулі бостандығы шынайы демократиялық басқаруды жүзеге асыруға кедергі келтіруді жалғастыруда деп санайды. Орталықтандырылған биліктің тарихи мұрасы қиындықтар мен мүмкіндіктер туғызады, өйткені Қазақстан өзінің реформалық амбицияларын тұрақтылық қажеттілігімен теңестіреді.

Қазақстандағы саяси жүйенің даму үрдісі мәдени өзгерістер мен сыртқы саяси факторлардың ықпалымен жалғасып отырды. 2019 жылдың 19 наурызында елдің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтату жөнінде мәлімдеме жасап, бұл шешім Қазақстанның саяси тарихындағы жаңа кезеңнің басталуына негіз болды. Мемлекет басшысы қызметіне Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұсынылды. Ол 2013–2019 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы қызметін атқарып, мемлекеттік басқару саласында үлкен тәжірибе жинақтаған саясаткер ретінде белгілі болған.

Бұл саяси оқиға елдің саяси мәдениетінің трансформациялануындағы жаңа белеске айналды. Биліктің ауысуы саяси институттардың бейімделуін, басқару жүйесінің жаңаруын және азаматтардың саяси санасының өзгеруін жеделдетті. Қ. Тоқаев өзінің “Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы” атты мақаласында Конституцияға енгізілген түзетулердің мәнін былай сипаттайды: “Саяси өкілеттіктердің тепе-теңдігі қалпына келтіріліп, ел "суперпрезиденттік" жүйеден "нормативтік президенттік" басқару моделіне өтеді. Конституциялық өзгерістер арқылы Парламенттің өкілеттіктері кеңейтіледі, партиялық тізімдер мен бір мандатты округтерді қамтитын аралас сайлау жүйесі енгізіледі, сондай-ақ жаңа саяси партиялардың құрылуына қойылатын кедергілер жеңілдетіледі” [159].

Президент саяси жүйені орталықтандыруды, сайлау жүйесін реформалауды және қоғамдық ұйымдардың шешім қабылдау процесіне қатысуын нығайтуға бағытталған біршама негізгі бастамаларды іске асырып, 2019 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде президент бірнеше саяси реформалар топтамасын ұсынды.

Саяси реформалардың бірінші топтамасы 2019 жылы ҚР президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында жарияланды. Бұл топтамада сегіз негізгі заң қабылданды [124]. Атап айтқанда, саяси партия құру үшін қажетті тіркеу шегі 40,000-нан 20,000 адамға дейін төмендетілді; партиялық тізімдерге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді; бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізуге рұқсат берудің орнына хабарлама беру тәртібі белгіленді; парламенттік оппозиция институтын енгізуге екі заң қабылданды. Сондай-ақ, қылмыстық кодекстің 130-бабы қылмыс санатынан алынып, 174-бапқа ізгілендіру шаралары қолданылды. Осы баптар бойынша жазасын өтеген және құқық қорғау органдарының оң қорытындысын

алған азаматтарға қаржылық шектеулер енгізілді. Одан бөлек, өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау жүргізу туралы заң қабылданды [125].

Екінші реформалар топтамасы 2020 жылы жария етіліп, бұл топтама аясында: жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу; 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін тұрғындардың тікелей сайлауын енгізу, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың қоғам алдындағы ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ететін "Қазақстан Республикасындағы қоғамдық бақылау туралы" заңды қабылдау; онлайн-петициялармен айналысатын бірыңғай заңды институт құрылды және адам құқықтарын қорғау шаралары қабылданды. Сонымен қатар, балаларды кибербуллингтен қорғау бойынша шаралар қабылданды және бала құқықтары туралы конвенцияның Факультативті Хаттамасына қатысу, азаптаудың алдын алу туралы ұлттық заңдар күшейтіліп, адам саудасына байланысты қылмыстарды алдын-ала тергеу процедуралары жетілдірілді [126].

2021 жылы реформалардың үшінші топтамасы жарияланып, онда саяси партиялар үшін Парламент Мәжілісіне өту шегі 7%-дан 5%-ға дейін төмендету; барлық деңгейдегі сайлаудағы бюллетеньдеріне "барлығына қарсы" деген баған қосылу; ауыл әкімдерін сайлау тәжірибесінен кейін аудан әкімдерін де тікелей сайлау шаралары ұсынылды. Сонымен қатар, онлайн-петиция институты заңнамалық тұрғыда бекітіліп, қоғамдық бақылау жүйесін жетілдіру шаралары қолға алынды. Жастар саясатын бағалау тетігі ретінде "Жастарды дамыту индексін" енгізу және қайырымдылық қызметті қолдау мақсатында ынталандыру шаралары кеңейтілді [127].

Төртінші топтама Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында жарияланды. Негізгі басымдықтардың бірі ретінде саяси партиялардың сайлау тізіміне әйелдер мен жастарға 30% квота енгізу нормасын заң жүзінде бекіту, онымен қоса депутаттық мандатты бөлу кезінде әйелдер мен жастардан бөлек, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды осы квотаға енгізу қарастырылды. Мұндағы мақсат – әйелдер мен жастардың саясаттағы рөлін күшейту, және инклюзивті саяси қатысуды арттыру, яғни, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да Парламентте өкілдік етуіне мүмкіндік беру болып табылады.

Сондай-ақ, ауылдық жерлерде азаматтық бастамаларды қолдайтын тиімді механизмдерді әзірлеу, құқық қорғаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадамдар қабылдау және ҚР Қылмыстық кодексіне Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің Екінші Факультативтік Хаттамасының ережелерін енгізу секілді бірқатар шаралар төртінші реформа топтамасына енгізілді.

Президенттің 2022 жылы 16 наурызда халыққа жолдауы “Әділетті Қазақстандағы” 2019 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан реформалардың жалғасы ретінде 5 топтамасы деп атауға болады. Президенттің саяси бастамалары қашан және қайда қабылданғаны туралы кестеде жазылған (Кесте 6).

Кесте 6 - ҚР президентінің саяси бастамалары

Саяси бастамалар	**Уақыты**	**Қабылданды**
1 топтама	20 желтоқсан 2019	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысы
2 топтама	1 қыркүйек 2020	Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауы
3 топтама	15 қаңтар 2021	Қазақстан Республикасы Парламентінің VII шақырылымының бірінші сессиясы
4 топтама	1 қыркүйек 2021	Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы
5 топтама	16 наурыз 2022	Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Бұл реформалардың маңызды бағытының бірі жастардың саяси және қоғамдық өмірге қатысу шегін кеңейту болып табылады. 2021 жылдың 21 мамырында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің отырысында Мемлекет басшысы жастар санатының жоғарғы жас шегін 29-дан 35 жасқа дейін ұлғайтуды ұсынды. Бұл бастама жастардың еңбек, әлеуметтік және саяси белсенділігін арттыруға бағытталған институционалдық қадам ретінде қабылданды. Мұндай шешім жастарға сайлау тізімдерінде көбірек орын алуға мүмкіндік беріп, олардың саяси өкілдігін кеңейтуге жол ашты [114].

2.2.2 Саяси реформалар жағдайындағы жастардың парламенттік өкілдігі: партиялық сайлау тізімдеріндегі жас кандидаттар үлесінің сандық талдауы

Қазақстандағы сайлау жүйесінде жастардың саяси өкілдігі соңғы жылдары мемлекет ұсынған институционалдық реформалар мен квота саясатының аясында біртіндеп өзгеріп, партиялық тізімдерде жастардың үлесін арттыруға бағытталған тетіктердің қалай жұмыс істейтінін нақты деректер арқылы бағалауға мүмкіндік туғызды. 2016 жылғы парламенттік сайлауда партиялық тізімдердегі жас кандидаттар үлесін сандық тұрғыдан талдау көрсеткендей, "Нұр Отан" партиясы 29 жасқа дейін санаттан 5 кандидат ұсынып, нәтижесінде 27 жастағы бір ғана үміткер Мәжіліс депутаттығына мандат алған. Жас топтарын 29 жасқа және 35 жасқа дейін деп бөлу - 2023

жылға дейін жастар категориясы 14-29 жас аралығында болғандықтан, салыстырмалы талдау жасау үшін жіктелген (Кесте 7).

Кесте 7 - 2016 жылғы парламенттік сайлауда партиялардың сайлау тізімінде көрсетілген 29 жасқа және 35 жасқа дейінгі жастар саны

Партия атауы	Жалпы адам саны	Әйелдер саны	%	14-29 жасқа дейін	%	29-35 жасқа дейін	%
Нұр Отан	127	28*+1	22	5	3,9	6	4,7
Ақ жол	35	6	17,1	0	0	1	2,9
Ауыл	19	2	10,5	0	0	0	0
Коммунистік Халық	22	4	18,1	0	0	1	4,5
ЖСДП	23	4	17,3	0	0	2	8,7
Бірлік	8	1	12,5	0	0	0	0

*Жастар санатына кірмейтін әйелдер саны

@ ҚР Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz ақпараты негізінде кестені автор құрастырған

Кесте 8 - 2021 жылғы парламенттік сайлауда партиялардың сайлау тізімінде көрсетілген 29 жасқа және 35 жасқа дейінгі жастар саны

Партия атауы	Жалпы адам саны	Әйелдер саны	%	14-29 жасқа дейін	%	29-35 жасқа дейін	%
Нұр Отан	126	34*+3	27*	4	3,2	13	10,3
Ақ жол	38	7*+5	18,4*	2	5,3	6	15,8
Ауыл	19	3*+1	15,8*	2	10,5	1	5,3
ХКП	113	30*+3	26,5*	9	7,7	12	10,6
Адал	16	2*+2	12,5*	2	12,5	3	18,8

*Жастар санатына кірмейтін әйелдер саны

@ ҚР Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz ақпараты негізінде кестені автор құрастырған

Кесте 8 сәйкес, 2021 жылдың сайлау нәтижесінде ҚР Мәжісінде 7 жас депутат болған. Бұл жалпы депутаттар үлесінің 6,5%-ын құрайды. Әйелдердің үлесі 27,4% болса, ал мәслихатқа сайланған депутаттардың ішінде жастардың үлесі шамамен 7% (228 адам) құраған [132]. Қорыта келе, әйелдерге, жастарға, мүгедектігі бар азаматтарға арналған 30%-дық квотаның басым көпшілігі әйелдерге берілгендігін анықтай келе, квотаны жалпылай емес, жеке-жеке бөлуді ұсынамыз. ҚР 2030 жылға дейінгі тұжырымдамаларына, атап айтқанда гендерлік саясатты дамыту үшін 30% әйелдерге, жастар саясатын дамыту үшін жастарға 15% міндетті квота, ал инклюзивті саясатты дамыту мақсатында мүгедектігі бар азаматтарға 5% квотаны тұрақты түрде енгізу ұсынылады. Бұл депутаттардың құрамын әртараптандырып, жас ерекшелігін, жыныстық теңдікті және физикалық мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өкілдігін ескеруге мүмкіндік береді. Мұндай шаралар өкілдік демократияның сапасын арттырып,

заң шығару процесінде әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін тең дәрежеде қорғауға бағытталады.

Кесте 9 - 2023 жылғы парламенттік сайлауда партиялардың сайлау тізімінде көрсетілген 29 жасқа және 35 жасқа дейінгі жастар саны

Партия атауы	Жалпы адам саны	Әйелдер саны	%	29 жасқа дейін	%	35 жасқа дейін	%
Amanat	90	21*+3	23,3*	1	1,1	13	14,4
Ақ жол	54	13*+1	24*	3	5,6	10	18,5
Ауыл	25	4*+2	16*	3	12	9	36
ҚХП	52	11*+2	21,5	2	3,8	3	5,8
ЖСДП	19	5	26,3	0	0	2	5,3
Respublica	23	5*+3	21,7*	2	8,7	4	17,4
Байтақ	18	3*+1	16,7*	2	11,1	3	16,7

*Жастар санатына кірмейтін әйелдер саны

@ ҚР Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz ақпараты негізінде кестені автор құрастырған

Кесте 9 бойынша жалпы партиялардан депутаттық мандат алған 8 азамат (8,2%), ал бірмандатты округтен сайланған 2 депутат (3,4%), жалпы 98 орынның 10-ын (10,2%) 35 жасқа дейінгі жастар алып отыр. Жалпы 30%-дық квотаның 9,8% жастар, қалған 20,2% әйелдер мен мүгедектер тобынан сайланған азаматтар болып табылады.

Мәслихат депутаттығына республика бойынша 223 мәслихатқа барлығы 3415 депутат, оның ішінде 668-і – облыстық мәслихатқа, 617-сі – қалалық, 2130-ы – аудандық мәслихаттарға сайланады. Сайлауға барлығы 13,315 кандидат қатысты. 2023 жылғы сайлау науқанында заңнамаға енгізілген өзгерістер мен жастар үшін белгіленген квота көлемінің ұлғаюы мәслихаттар құрамында жас депутаттардың санын арттыруға мүмкіндік берді. Осыған байланысты, жастардың өкілдік деңгейін талдай келе, «Қазақстан жастары-2021» ұлттық баяндамасына сәйкес 1999 жылы 60 адам, 2003 жылы 84 адам, 2007 жылы 61 адам, 2012 жылы 75, 2016 жылы 137, ал 2021 жылы 228 жастар ҚР мәслихаттары депутаты болып сайланған. Әрбір сайлау өткен сайын, жастардың үлесі көбейіп жатқандығын байқауға болады [129].

Бір мандатты округтерден сайлауға түскен жалпы азаматтар саны 609 болса, оның 56-сы 35 жасқа дейінгі азаматты құрайды [132]. 2023 жылғы 19 наурызда болған сайлау нәтижесінде 29 округтен 29 депутат сайланады. Алайда 2 депутат - Астана қаласынан №2 округтен 31 жасар Дәулет Мұқаев және Павлодар облысы №23 округтен Амантай Жаркынбек сайланады. Бұл 29 орынның 6,9%-ын ғана құрайды (Кесте 10) [134].

Кесте 10 - Партиялар мен бір мандатты округден сайланған жастар тізімі

№	**Аты-жөні**	**Партия атауы/округ нөмірі**	**Жасы**
1.	Адамбеков Тілектес Серікбайұлы	Amanat партиясы	34

2.	Сарсенғалиев Нартай Аралбайұлы	Amanat партиясы	32
3.	Шаталов Никита Сергеевич	Amanat партиясы	33
4.	Сұңқар Ислам Еркінұлы	Қазақстан халық партиясы	28
5.	Бейсенбаев Ержан Алмабекұлы	"Ақ жол" партиясы	33
6.	Наумова Динара Рустамқызы	Respublica партиясы	26
7.	Сайлаубай Наурыз Саятұлы	ЖСДП	29
8.	Зейнуллин Аян Талғатұлы	"Ауыл" партиясы	34
9.	Мұқаев Дәулет Төлеутайұлы	Астана қаласы, №2	31
10.	Амантай Жаркынбек	Павлодар облысы, №23	34

*Көрсетілген жас 2023 жылғы деректер бойынша

Қорыта айтқанда, соңғы сайлау нәтижелері жастар мен әйелдердің өкілдік деңгейінің біртіндеп артқанын көрсетеді. 2021 жылғы Мәжіліс сайлауында жастардың үлесі 8,2%-ды құраса, мәслихат деңгейінде шамамен 7%-ға тең болды. Дегенмен, 30%-дық квотаның басым бөлігі әйелдерге беріліп, жастар мен мүгедектігі бар азаматтардың үлесі салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалып отыр. Сондықтан квотаны жалпы емес, әрбір әлеуметтік топ үшін нақты бөліп қарастыру маңызды. Осылайша, жастардың саяси институттардағы өкілдігін одан әрі арттыруға қолайлы жағдай жасауға болады.

2.2.3 Жастардың мүдделерін парламенттік деңгейде көтеру: жас депутаттар сауалдарының мазмұны

Жастардың саяси мәдениетінің трансформациясы тек олардың санының артуымен ғана емес, өкіл болған жастардың қоғамдық дискурсқа енгізіп отырған мәселелерімен де сипатталады. Мәселен, бір мандатты округтен сайланған Мұқаев Дәулет - блогер, журналист, “Жастар саясатының 2023-2030 жылға арналған тұжырымдамасының” әзірлеуші тобының мүшесі, Мәжілісте әлеуметтік-мәдени даму комитетінің құрамында қызмет атқарады. Депутаттыққа дейінгі кезеңінде халықты қаржылық сауаттылыққа шақырып, “Баспанаға бағыт” атты онлайн сабақтары мен телебағдарламаның жүргізушісі болған. Қазір де депутаттық саласымен қатар Instagram желісінде белсенді блог жүргізеді.

Мәжілістің пленарлық отырысында Үкіметті жастардың тұрғын үй мәселесін шешуге шақырды. Жастардың арасында ажырасу деңгейі жоғары болуының басты себебі материалдық жағдайдың төмен болуы, соның ішінде тұрғын үй мәселесінің өзектілігін баяндайды. Бұл мәселенің шешімі ретінде “Жас отбасы” бағдарламасы арқылы бастапқы жарнаны 10%-ға дейін төмендетуді ұсынды [135].

Екінші жас депутат Амантай Жаркынбек Павлодар облысының “ҚР Жазушылар Одағы” филиалының директоры, алайда Аманат партиясының мүшесі болғанымен, бір мандатты округтен өзін-өзі ұсынған. Ол Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің құрамына кіреді. Депутат сайлау бағдарламасында жастарды жұмыспен қамту, ажырасу деңгейінің жоғарылауы (аймақтағы әрбір төртінші отбасы), жастар мен отбасылық құндылықтарды насихаттау, психологиялық қолдау қызметтерін енгізу арқылы жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауының алдын алу және жас кәсіпкерлерге

жылдық 2,5 пайызға дейін жеңілдікпен несие беру арқылы көмек көрсету сияқты мәселелерге ерекше назар аударатынын айтқан болатын [136].

Аманат партиясынан Адамбеков Тілектес Серікбайұлы, Сарсенғалиев Нартай Аралбайұлы және Шаталов Никита Сергеевич сынды жас депутаттар еліміздің әлеуметтік, инфрақұрылымдық және қоғамдық маңызы бар бірқатар өзекті мәселелерін көтеріп, келесі тақырыптар бойынша депутаттық сауал жолдаған: «Болашақ» халықаралық бағдарламасына қатысы бар мәселелер; діни идеология туралы; домбыра өнерін насихаттау және ұлттық құндылықтарды сақтау; ұялы байланыс нарығындағы монополияны жою мәселелері; оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бағдарламасын қайта қарау қажеттілігі; «Әкімдер мектебі» жобасын жүзеге асыруға байланысты бастамалар; мүгедектігі бар адамдар үшін қоғамдық көліктегі жеңілдіктер мен инватакси қызметі, сондай-ақ бейімделген көліктер шығару мәселесі; ЛГБТ қауымдастығына қатысты әлеуметтік пікір мен заңнамалық негіздер; құмар ойындарына қарсы күрес және оның алдын алу жолдары; Талғар қаласындағы 16 жастағы жасөспірімнің өліміне қатысты трагедия; «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының жүзеге асуы; Жастар ресурстық орталықтарының тиімділігі мен қызметін арттыру; азаматтардың өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік мәртебесін арттыру; Еңбек заңнамасын сақтау және еңбек құқықтарының бұзылуын болдырмау; нашақорлықтың алдын алу және есірткі бизнесіне қарсы күрес шаралары, т.б.

Сұңқар Ислам Еркінұлы (Қазақстан халық партиясы) өз депутаттық сауалдарында жастарға тікелей қатысы бар бірқатар маңызды мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, ол олимпиадалық және олимпиадалық емес параспорт түрлерін дамыту қажеттілігіне назар аударып, жастар спортын қолдау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, педагогтердің біліктілігін арттыру арқылы жастардың сапалы білім алуына жағдай жасау, кәсіби білім беру жүйесін дамыту, гранттар мен жеңілдетілген оқу несиелерін бөлу, ауылдық квота бойынша білім беру гранттарын ұсыну және ауылдан қалаға ағылып келіп жатқан жастарды жұмыспен қамту, табыс табу мүмкіндіктерін қарастыру мәселелері де оның сауалдарына арқау болды.

Сайлаубай Наурыз Саятұлы (ЖСДП) жастар мәселесін тікелей көтеріп, еліміздегі жастардың әлеуметтік жағдайы мен олардың қоғамдық өмірдегі белсенділігіне байланысты нақты ұсыныстар білдірді. Сонымен қатар, ол демографиялық жағдайды жақсарту мәселесін де қозғап, бұл салада жастардың орны мен рөлін атап өтті.

Наумова Динара Рустамқызы (Respublica партиясы) жастарға қатысты жатақханалардың жағдайын жақсарту мәселесін көтеріп, студенттердің өмір сүру сапасын арттыруға назар аударды. Сондай-ақ, гендерлік саясат тақырыбын қозғай отырып, жастар арасындағы теңдік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

Ал Бейсенбаев Ержан Алмабекұлы («Ақ жол» партиясы) мен Зейнуллин Аян Талғатұлы («Ауыл» партиясы) өз депутаттық сауалдарында жастарға тікелей арналмағанымен, олардың кейбір бастамалары жанама түрде жастарға әсер етуі мүмкін. Мысалы, мектептерді жаңарту мен ауылдағы шағын және орта

кәсіпкерлікті қолдау мәселелері ауыл жастарының білім алу және жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етуі мүмкін.

ҚР Парламенті Мәжілісінің VII шақырылымының депутаты (2021–2023) Мәди Ахметов ең жас депутат ретінде саналады. Мәжілісінің VI шақырылымындағы ең жас депутат "Nur Otan" партиясынан 26 жасар Геннадий Шиповских болған еді. Мәди Ахметов өз сұхбатында жастар санының артуына байланысты олардың даусы Парламентте тек сөз немесе құжат жүзінде ғана емес, іс жүзінде де естіледі деп есептейтін айтқан. Сондай-ақ, алдағы бес жыл ішінде жастар үшін қолайлы жағдайлар жасалады деген сенім білдіреді [137].

Қорыта келе, жастар жалпы депутаттардың 8,2% ғана алып отырғандықтан, оның үстіне партиялардың сайлауалды бағдарламаларында жастардың мәселесіне аса көңіл бөлінбегендігінің арқасында жастардың партияларға неліктен қызығушылығы төмен және қолдауының жоқтығы түсіндіріледі.

Бұл партиялардың сайлауалды бағдарламаларына, Мәжіліс депутаттарының сайлау тізіміне сандық талдау, Мәжіліс депутаттарының ішінде жастарға және олардың депутаттық сауалдарына сапалық талдау жүргізудің нәтижесінде тұжырым жасалды. Нәтижесінде депутаттар жастардың тікелей және жанама мәселелерін шешуге бағытталған сауалнамалар жолданғандығы анықталды. Алайда жастар санатынан сайланған депутаттар тек қана жастардың мәселесін көтеруі керек деген сөз емес, олар жалпы қоғамдық мәселелерге назар аударады.

Саяси реформа, атап айтқанда партиялық сайлау тізімінде және әйелдер, жастар және мүгедектігі бар азаматтар үшін 30 пайыздық міндетті квотаның енгізілуі Үкіметте бұл топтағы азаматтардың мүдделерін қорғау мақсатында жасалғандығы, және бірден нәтиже бермесе де, уақыт өте жақсы көрсеткішке қол жеткізетіндігі сөзсіз. Бұл реформаға өзгерістер енгізіліп, жастар санатының өзіне 15% квота берілсе, жастардың саяси процестерге қызығушылығы артуы мүмкін деген тұжырымға келуге болады.

Партиялардың парламентке өтуі үшін шекті пайызы мен мүшелер санының төмендеуі сияқты өзгерістерден кейінгі өзгерістерді анықтау мақсатында 2021 жылғы парламенттік сайлау нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Нақтырақ айтқанда, жастардың сайлауға қатыспауына немесе төмен деңгейде қатысуына басты себеп ретінде саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларында жастардың мүдделері мен мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлінбеуі, тіпті олар мүлде назардан тыс қалуы мүмкін деген тұжырым жасалды. Бұл туралы егжей-тегжейлі Әлішерова А.Б., Төлен Ж.М., Курпебаева Г.К. авторлардың "ҚР сайлау жүйесіндегі партиялардың бағдарламаларындағы жастар мәселесі (2021, 2023 жылдардағы Парламент сайлауы)" атты мақаласында талданды [138].

2023 жылы өткен сайлауда жеті партияның алтауы Парламентке кіру үшін қажетті бес пайыздық кедергіні өтіп, Amanat – 53,9%; "Ауыл" – 10,9%; "Respublica" – 8,59%; ҚХП – 6,8%; "Ақ жол"– 8,41%; ЖСДП – 5,2%; "Байтақ"– 2,3%; Барлығына қарсымын – 3,9% жинады [138]. Бір жыл ішінде бес

референдум мен сайлау науқандары өтіп өзгерістер қарқыны айтарлықтай жоғары болғанын көрсетеді.

Алайда, партиялардың сайлауалды бағдарламаларында жастардың өзекті мәселелері мен мүдделері назардан тыс қалған. Осыған байланысты, жастардың мәселелері ескерілмеген жағдайда олардың наразылық әлеуеті артып, саяси апатияның белең алуы мүмкін деген гипотеза ұсынылады. Жастардың саяси мәдениетінің төмен деңгейде болуының басты алғышарттарының бірі – олардың саяси үдеріске қатысу арналарының шектеулілігі мен өзекті мәселелерінің шешілмеуі. Бұл жағдай жастар арасында институционалды саясатқа сенімнің төмендеуіне алып келіп, балама жолдарды іздеуге итермелейді. 2021 жылғы сайлауда жастардың проблемалары жеткілікті деңгейде көрініс таппағаны 2022 жылғы қаңтар оқиғаларына ықпал еткен жанама факторлардың бірі ретінде қарастыруға болады.

“Қазақстан жастары-2021” ұлттық баяндамасында алдағы бес жыл ішінде жастардың құндылықтық бағдарлары айтарлықтай өзгермейтіні көрсетілген [129]. Бұл мәлімет “Қазақстан жастары-2022” ұлттық баяндамасында да расталды [129]. Яғни, жастар үшін ең маңызды құндылық отбасы болса, одан кейін денсаулық, достық, материалдық жағдай, махаббат, сүйікті жұмыс, кәсіби мамандық, білім және дін аталады («Қазақстан жастары – 2021», «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы). Сонымен қатар, ұлттық баяндамада World Values Survey 2018 жылы Қазақстанда жүргізген сауалнамасының нәтижелері әлі де өзекті болып отырғаны айтылады. Бұл сауалнамада жастардың саяси бағдарлары мен көзқарастарына: экономиканы дамыту; қорғаныс күштерін нығайту; азаматтардың мемлекеттің басқаруға ықпал етуі; қалалар мен ауылдық жерлерді абаттандыру; құқықтық тәртіпті сақтау; инфляциямен күрес және маңызды саяси шешімдерге халықтың тікелей қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету сынды мәселелер кіреді.

Жастардың проблемалары өмірдің түрлі салаларында кездеседі, дегенмен олардың ішінде ең маңыздысы - жұмыспен қамту мен тұрғын үй мәселелері болып тұр. Бұдан кейінгі мәселелер қатарына: репродуктивті денсаулық, білім беру саласының материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етілуі, психологиялық күйзеліс, суицид, қаражат тапшылығы, жұмыссыздық, тілдік кедергілер, қауіпсіздік пен есірткі қолдану мәселелері жатады. Жастар бұл мәселелердің, әсіресе басты екі мәселенің шешілуін Үкіметтен күткенімен, билікке деген сенімсіздік сезімі байқалады.

Жалпы алғанда, соңғы жылдардағы реформалар мен саяси науқандар жастардың саяси мәдениетінің трансформациясына жаңа серпін бергенімен, олардың негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелері партиялардың бағдарламаларында жеткілікті деңгейде ескерілмегені байқалады. Бұл жағдай жастардың наразылық әлеуетін күшейтіп қана қоймай, институционалды саясатқа деген сенімсіздікті арттыруы мүмкін. Жастар үшін өзекті саналатын жұмыспен қамту, тұрғын үй, білім беру мен денсаулық сақтау мәселелерінің шешілмеуі олардың дәстүрлі саяси институттарға, соның ішінде саяси партияларға сенімінің төмендеуіне ықпал етуде. Бұл сенім дағдарысы жастарды

балама саяси қатысу формаларын іздеуге итермелейді және саяси апатияны тереңдете түседі.

2.2.4 Саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларындағы жастар дискурсы: мазмұндық және статистикалық талдау

Жастардың дәстүрлі саяси институттарға деген сенімінің әлсіреуін түсіну үшін саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларындағы жастарға қатысты дискурсты талдау өзекті болып табылады. Партиялық бағдарламаларда жастардың өзекті мәселелерінің қандай деңгейде қамтылғаны олардың саяси ұстанымдары мен институционалдық саясатқа қатынасын айқындауға мүмкіндік береді.

2021 жылғы 10 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауына "Нұр Отан", "Ақ Жол", "Ауыл", "Адал", "Қазақстан Халық Партиясы" сияқты бес саяси партия қатысты. Сол кезде сайлау туралы заң Партиялардан Мәжілістегі өкілдікті қамтамасыз ету үшін 7% шегінен өтуді талап етті. Бұған тек үш партия ғана қол жеткізіп, парламентте орын алды. Бір қызығы, 2005 жылдан бері алғаш рет сайлау мерзімінен бұрын сайлау емес, Мәжіліс мерзімінің аяқталуына екі ай қалғанда кесте бойынша өткізілді. "Нұр Отан" партиясы 1999 жылы "Отан" деген атпен құрылып, 2006 жылы "Нұр Отан" болып өзгертілді. Оны Нұрсұлтан Назарбаев құрылғаннан бастап 2022 жылға дейін партияны басқарды. Сол жылы Қ. Тоқаев партия атауына ребрендинг жасап, атауын «Amanat» деп өзгертті және өзі партия мүшесі болудан бас тартты [117].

Ауыл халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 2002 жылы ресми тіркеліп, 2003 жылы қайта тіркеуден өтті. Ол 2021 жылғы сайлауда 5,29% дауыс жинады, бірақ Парламентке кіру шегіне жете алмады. Алайда, 2023 жылғы сайлауда ол 10,9% дауыс жинап, Мәжілісте 8 орынға ие болды.

Жалыпұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП) елдегі жалғыз ресми оппозициялық партия ретінде танылды. 2006 жылы негізі қаланған ол Қазақстанның дамып келе жатқан демократиялық ландшафтының негізгі элементі ретінде қарастырылады. Соған қарамастан, ЖСДП 2021 жылғы сайлауға бойкот жариялап, оны алып тастаудың себептері ретінде сайлау реформаларының жоқтығын және партияішілік жаңарудың жоқтығын алға тартты.

Қазақстан Халық Партиясы алғашында 2004 жылы Қазақстан Коммунистік Халық Партиясы деген атпен құрылған және бұл атақты 2020 жылға дейін сақтап қалды, содан кейін "коммунист" термині алынып тасталды. Бүгінгі таңда партияның 100000-нан астам мүшесі бар. 2021 жылғы сайлауда ол 9,1% дауыс жинап, Мәжілістегі 98 орынның 10-на ие болды. Алайда, 2023 жылғы сайлауда оның қолдауы 6,8% - ға дейін төмендеп, жалпы есепте бесінші орынға ие болды.

Қазақстанның "Ақ жол" демократиялық партиясы 2002 жылы құрылған және қазіргі уақытта 255 000-нан астам мүшесі бар. 2023 жылғы сайлаудан кейін партия парламенттегі 98 орынның 6-сын алады ("Ақ Жол" Демократиялық партиясының бағдарламасы, 2023).

2013 жылы "Әділет" және "Руханият" партиялары бірігіп, "Бірлік" партиясын құрды, кейін ол 2020 жылдың 5 қарашасында "Адал" болып өзгертілді (Tengrinews.kz, 2020). 2021 жылғы сайлау кезінде Адал парламенттік өкілдік шегінен өте алмай, 3,57% дауыс жинады. 2022 жылдың 26 сәуірінде партия Аманатпен біріккеннен кейін ресми түрде тарады.

Қазіргі уақытта "Аманат" Қазақстандағы ең ірі және ықпалды саяси партия болып табылады. 2023 жылы ресми түрде тіркелген «Республика» ең жаңа және көбінесе бизнес қайраткерлерімен және көрнекті қоғам қайраткерлерімен байланысты партия. 2022 жылы құрылған "Байтақ" жасылдар партиясы Мәжіліске кіру үшін дауыс беру шегіне жете алмады. Қазіргі уақытта оның 42000-нан астам мүшесі бар, оның 25 өкілі жергілікті мәслихаттарда қызмет етеді («Жастар– еліміздің болашағы», 2023).

Бұл зерттеу өз сайттарында қазақ тілінде қолжетімді партиялардың ресми сайлау бағдарламаларының сандық талдауын қамтиды. Талдау әр бағдарламадағы сөздердің жалпы санын және "жастар" сөзінің қаншалықты жиі кездесетінін санауды қамтыды. Нәтижелер 2021 жылғы сайлауда анықталғанын көрсетті: "Нұр Отан" партиясы «жастарды» 18 рет атап өтсе, Ақ жол – 10 рет, Ауыл-2 рет, Қазақстан халық партиясы – 11 рет, Адал партиясы жастар сөзін мүлдем қолданбаған (Кесте 11).

Кесте 11 - 2021 жылғы сайлаудағы партиялардың сайлауалды бағдарламасындағы сөздер саны, оның ішінде “жастар” сөзінің саны

Партия атауы	**Партия бағдарламасының атауы**	**Сөз саны**	**“Жастар” сөзінің саны**
Nur Otan	Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!	5837	18
“Ақ жол” ҚДП	Түбегейлі өзгерістер қажет	6491	10
Ауыл ХДПП	Ауылдың үні естілсін!	849	2
ҚХП	Халық, жер және әділдік!	6588	11
Adal	Әділ әрі экономикасы мықты Қазақстан	2926	0

*Кестені автор құрастырған

Amanat партиясы басқа партияларға қарағанда “жастар” сөзін ең көп қолданған. Бұл бағдарламаны талдай келе, елдегі азаматтарының басты мүдделері мен мәселелерін қамтығандығы анықталды. Алайда, бүкіл жастағы азаматтардың негізгі деген мәселелері қамтылғанымен, тек үстіртін баяндалған және “жастар” сөзі 21 рет аталғаны анықталды (Кесте 12).

Кесте 12 - 2023 жылғы сайлаудағы партиялардың сайлауалды бағдарламасындағы сөздер саны, оның ішінде “жастар” сөзінің саны

Партия атауы	**Партия бағдарламасының атауы**	**Сөз саны**	**“Жастар” сөзінің саны**
Amanat	“Халықпен бірге!”	6718	21
Ауыл ХДПП	“Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне негізделген даму курсы”	1006	2
“Ақ жол” ҚДП	Түбегейлі өзгерістер қажет	9147	6
ЖСДП	Социал-демократия – 21 ғасырдың жолы (ғасырдағы жол)	8355	6
ҚХП	Ел үшін! Жер үшін! Билік-халыққа!	8918	6
Respublica	Restart-Reforma-Respublica	4801	1
«Байтақ» жасылдар партиясы	Таза ниет, таза әрекет, саясаттағы тазалық	7170	1

*Кестені автор құрастырған

"Ауыл" партиясының сайлауалды бағдарламасында ауыл тұрғындарымен, елді мекендермен, ауылшаруашылық өндірісімен, агробизнеспен байланысты салалардың дамуына баса назар аударылған. Дегенмен, мазмұнды талдау бағдарламада "жастар" терминінің екі рет қана кездесетінін көрсетті. Екі жағдайда да ол жастардың ауыл өмірін қабылдауын сипаттау үшін қолданылады. Нақтырақ айтқанда, “...жастар «ауыл» сөзін келешексіз, қалыпты өмір сүруге мүмкіндігі жоқ жермен байланыстырады” және “ауыл тұрғыны, әсіресе әйелдер мен жастар үшін қалаға бару «барса келмеске» айналды (оралмайтын жер)”-делінген. Бұл партияның жастардың қажеттіліктерін немесе дамуын тікелей қанағаттандырмайтынын көрсете отырып, жастарға қатысты мәселелерді шешудің орнына қабылдауды көрсетеді.

2021 және 2023 жылдардағы парламенттік сайлауға қатысқан партиялардың сайлау бағдарламаларын сандық талдау негізінде бірнеше заңдылықтар пайда болады. "Нұр Отан" партиясының 2021 жылға арналған бағдарламасында "жастар" сөзі 18 рет айтылды, ал «Аманат» бұл көрсеткішті 2023 жылы 21-ге дейін арттырды, бұл жастарға қатысты мәселелерге көбірек көңіл бөлуді ұсынады. Керісінше, "Ақ жол" және "Қазақстан Халық Партиясы" бағдарламаларында "жастар" туралы айтылғандар айтарлықтай азайып, екі сайлау циклі ішінде шамамен екі есе қысқарды.

Бір қызығы, өз бағдарламасында "жастарға" сілтеме жасамаған "Адал" партиясы және бұл терминді бір рет қана қолданған "Байтақ" жасылдар партиясы екеуі де парламенттік өкілдікке қол жеткізе алмады. Сонымен қатар, "Республика" партиясы "жастар" туралы бір-ақ рет айтқанымен, ол өз қатарына

белгілі жас қоғам қайраткерлерінің қосылуына байланысты дауыс үлесін жинай алды.

Жастардың негізгі мүдделері мен мәселелерінің мағыналы түрде шешілгенін анықтау үшін партиялық құжаттарға сапалы талдау жүргізілді. "Нұр Отан" партиясының құрамына “Болашағына сенімді жастар” атты арнайы бөлім кірді, онда жастар саясатының төрт басым бағыты көрсетілген: білім беру, жұмыспен қамту, тұрғын үй, және жастарды қоғамдық өмірге тарту. Бұл құрылымдық тәсіл басқа партиялармен салыстырғанда жастар мәселелерін шешуге бағытталған жан-жақты және мақсатты күш-жігерді көрсетеді (Кесте 13).

Кесте 13 - Партия бағдарламаларындағы жастарға арналған іс-шаралар (2021 сайлау)

Іс-шаралар	**Nur Otan**	**Ауыл ХДППП**	**“Ақ жол” ҚДП**	**ҚХП**	**Adal**
Тұрғын үй мәселесі	+	-	+	+	-
Жұмыссыздықты азайту	+	-	-	+	-
Білім-ғылым	+	+	+	+	-
Денсаулық	-	-	-	+	-
Қауіпсіздік	-	-	-	-	-
Есірткі	-	-	-	-	-
“Ақылдың ағылуын” тоқтату	-	-	+	-	-

*Кестені автор құрастырған

"Ауыл" партиясының сайлауалды бағдарламасы жастарға қатысты басқа да негізгі бағыттарды қозғамай, тек білім беру контекстіндегі жастар мәселелерін қарастырды.

"Ақ жол" демократиялық партиясы мен “Қазақстан халық партиясы” өз бағдарламаларына тұрғын үй, білім беру, сондай-ақ жастардың эмиграциясы сияқты кеңірек мәселелерді енгізді. Қазақстан халық партиясы бұдан әрі тұрғын үй, жұмыссыздық, білім мен ғылымға қол жетімділік, сондай-ақ денсаулық сақтау сияқты жастарға қатысты мәселелерді шешу қажеттілігін атап өтті.

Керісінше, "Адал" партиясының бағдарламасында жастарға қатысты ешқандай сілтеме болған жоқ. "Жастар" сөзі мүлдем қолданылмады, сондықтан жастарға тән қажеттіліктер мен проблемалар мүлдем назардан тыс қалды. Нәтижесінде, өздерінің саяси бағдарламаларында жастарға барынша аз көңіл бөлген "Ауыл" және "Адал" партиялары сайлау шегінен өте алмады және Парламентте өкілдік етпеді.

Алайда, "Аманат" партиясының 2023 жылға арналған сайлауалды бағдарламасында "Жастармен бір толқында" атты жеке бөлім арналды, және онда ұлттық баяндамада көтерілген жастардың мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, партияда "Жастар Рухы" атты жастар қанаты жұмыс істейді (бұған дейін 2008 жылдан 2022 жылға дейін "Жас Отан" деп аталған), оның 2023 жыл бойынша 106000-нан астам мүшесі болған. Бағдарлама жастар алдындағы әртүрлі міндеттемелерді, соның ішінде жұмыспен қамтуды және тұрғын үйді қамтамасыз етуді тұрақты қолдауды, сондай-ақ денсаулық сақтау, психикалық әл-ауқат, нашақорлықтың алдын алу және жеке қауіпсіздікке назар аударуды сипаттайды. 2021 жылғы нұсқамен салыстырғанда "Аманат-2023" бағдарламасы жастарға бағытталған саясат пен бастамаларға айтарлықтай көбірек көңіл бөледі (Кесте 14).

Кесте 14 - Партия бағдарламаларындағы жастарға арналған іс-шаралар (2023 сайлау)

Іс-шаралар	**Amanat**	**Ауыл ХДПП**	**“Ақ жол” ҚДП**	**ЖСДП**	**ҚХП**	**Respublica**	**Байтақ**
Тұрғын үй мәселесі	+	-	+	+	+	-	-
Жұмыссыздықты азайту	+	-	-	+	+	+	-
Білім-ғылым	+	-	-	+	+	+	+
Денсаулық	+	-	-	-	-	-	-
Қауіпсіздік	+	-	-	-	-	-	-
Есірткі	+	-	-	-	-	-	-
“Ақылдың ағылуын” тоқтату	-	-	+	-	-	-	-

*Кестені автор құрастырған

"Ауыл" партиясының 2023 жылғы сайлау бағдарламасында жастарға немесе олардың мәселелеріне нақты сілтемелер болған жоқ. Дегенмен, партияның ресми сайтында жастарға арналған жеке бөлім бар, онда олардың негізгі мәселелерін шешуге бағытталған ұсыныстар берілген. Бұл сайлау платформасы партияның неғұрлым жан-жақты жалпы бағдарламасының қысқартылған нұсқасы екенін көрсетеді. Дегенмен, сайлаушылардың көпшілігі толық нұсқасын емес, тек сайлау бағдарламасын оқуға бейім екенін ескерсек, жастарға қатысты саяси шешімдерді тікелей сайлау құжатына енгізу тиімдірек болар еді.

"Ақ жол" партиясының бағдарламасында жастарға сілтемелер бар, бірақ олардың нақты мәселелерін шешуге бағытталған нақты ұсыныстар жоқ.

Платформада бірінші кезекте ауылдан қалаға жастардың көші-қонын жеңілдету үшін тұрғын үймен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы айтылады. Ол сондай-ақ жас таланттардың шетелге кетуіне сілтеме жасай отырып, "ақылдың ағылуына" қарсы тұру үшін арнайы, жүйелі бағдарлама әзірлеуді ұсынады ("Ақ жол" партиясының бағдарламасы, 2023). Алайда, бұл құбылыстың негізгі себептері-жалақының төмендігі, баспана алудағы қиындықтар, жұмысқа орналасудағы кедергілер сияқты—тиісті түрде шешілмейді. Тиімді шаралар олардың салдарын болдырмау үшін осы негізгі мәселелерге бағытталуы керек.

ЖСДП бағдарламасындағы жастарға арналған "Жастар-еліміздің болашағы!" бөлімі жастарға біршама көңіл бөлетінін көрсетсе де, "Аманат" партиясымен салыстырғанда ұсынылған бастамалардың ауқымы мен тереңдігі шектеулі. Бағдарлама бірінші кезекте білім сапасын арттыру арқылы жастардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Алайда, жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендетудің нақты стратегиясы жоқ. Партия тек еңбек нарығындағы жас ерекшеліктеріне байланысты кемсітушілікті жою және 18 жасқа толмаған жастардың еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды белгілейді. Тұрғын үйге қатысты бағдарламада жас отбасыларды қолжетімді және сапалы баспанамен қамтамасыз етудің жаңа саясатын әзірлеу және енгізу туралы айтылады.

Қазақстан халық партиясы (ҚХП) жастардың тұрғын үйге деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға көп көңіл бөледі. Бағдарлама жастар мен жас отбасыларды қолдаудың арнайы стратегиясын, оның ішінде тұрғын үй жағдайының нақты стандарттарын әзірлеуді ұсынады. ҚХП бағдарламасына сәйкес, тұрғын үй әр түрлі форматта берілуі керек, мысалы, 14 жылдық жалдау схемасы және тиімді пайыздық мөлшерлемемен ипотекалық несиелер. Егер бұл шаралар жүзеге асырылса, жастарға баспана алуға айтарлықтай мүмкіндік береді. Жұмыссыздықты азайту үшін бағдарлама қауіпті немесе физикалық тұрғыдан ауыр жұмыстарды істейтін жұмысшыларға 50-55 жас аралығында зейнетке шығуға рұқсат беруді ұсыну арқылы жастарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. 2023 жылғы сайлауға қарай партияның қолдауы 6,8% -ға дейін төмендеп, оны бесінші орынға түсірді.

"Республика" партиясы жағдайында "жастар" сөзі оның бағдарламасында бір-ақ рет кездеседі, бұл жұмыссыз жастардың 57%-ы техникалық және кәсіптік оқу орындарының түлектері екенін көрсетеді. Осыған сүйене отырып, бағдарлама техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру жастардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік береді деп болжайды (Restart, Reforma, Respublica Сайлауалды бағдарламасы, 2023). Алайда, партияның "бақыт" және "бақытты" сөздерін бірнеше рет қолдануы (20 рет айтылған) сайлаушылар арасында біраз шатасулар тудырды, өйткені "бақыт" - бұл әртүрлі түсіндірулерге ашық субъективті термин. Керісінше, "Аманат" партиясы "Бақытты Отбасы" жобасы аясында "бақытты" сөзін бір-ақ рет қолданған, ал басқа бірде-бір тарап бұл терминді мүлдем енгізбеген. Бұл сәйкессіздік "Республика" партиясының платформасы асығыс дайындалған болуы мүмкін немесе "бақыт" сөзінің эмоционалды тартымдылығы адамның бақыт пен әл-ауқатқа деген жалпы ұмтылысына жүгіну

арқылы жұртшылықтың оң реакциясын тудыру үшін әдейі пайдаланылған болуы мүмкін деп болжайды.

Сол сияқты, сайлау шегіне жете алмаған "Байтақ" ("Жасылдар") партиясы да "жастар" сөзін бір-ақ рет қолданған. Контексте балалар мен жастарға шамадан тыс үміт артуға болмайды деген болжам жасалды, бірақ бағдарламада жастар мәселелеріне бағытталған нақты ұсыныстар мен шешімдер болған жоқ.

2021 және 2023 жылдардағы парламенттік сайлаудағы сайлау бағдарламаларының салыстырмалы талдауы келесі тенденцияларды көрсетеді: 2021 жылы "Нұр Отан" партиясы "жастар" сөзін 18 рет қолданды, ал 2023 жылы "Аманат" деп өзгертілген партия бұл санды 21-ге дейін арттырды, бұл жастарға қатысты мәселелерге көбірек көңіл бөлуді көрсетеді. Керісінше, "Ақ жол" және "Қазақстан Халық Партиясы" сол кезеңде жастарға сілтемелер санын екі есеге азайтты. "Аманат" (бұрынғы "Нұр Отан") партиясынан басқа, 2021 және 2023 жылдардағы Мәжіліс сайлауында орын алған басқа партиялар өз бағдарламаларында жастар мәселелерін дұрыс шеше алмады деген қорытынды жасауға болады. Саяси партиялар сайлау сияқты негізгі саяси процестер кезінде жастардың алаңдаушылығын елемегенде, жастар наразылықтары мен көтерілістерін қоса алғанда, наразылықтарын білдіру үшін институционалды емес және кейде деструктивті әдістерге жүгінуі мүмкін. Айқын мысал - 2022 жылғы қаңтардағы тәртіпсіздіктер, көбінесе 2021 жылғы парламенттік сайлаудың нәтижелерінен көңілі қалумен байланысты деп болжаймыз. Ол кезде "Нұр Отанды" әлі күнге дейін тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев басқарды, оның бұрыннан келе жатқан билігі көпшіліктің көңілін қалдырды. Қоғамдық наразылық ұраны "Шал, кет!" жүйелік өзгерістерге шақыруды көздеді. Осы оқиғалардан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев партияның басшылығынан кетіп, партияның жаңа төрағасы болып Ерлан Қошанов тағайындалды [122].

Насимова Г.Ө. мен Кенесов А.А. (2018) пайымдауынша, студент жастар өздерінің қажеттіліктері мен мүдделері ескерілетінін байқаған кезде, олар сайлау процесіне көбірек қатысады [64]. Керісінше, олардың негізгі мәселелерін шешетін нақты шаралар болмаған жағдайда, олар көбінесе дауыс беруге ынталанбайды. Бұл қатысудың болмауы саяси шешімдер қабылдауда жастардың дауыстарының аз ұсынылуына әкеледі. Нәтижесінде, егер мемлекет олардың мәселелерін шеше алмаса, жастар арасында мемлекеттік институттарға деген сенім төмендей бастайды. Сенімнің төмендігі наразылықтың артуына ықпал етіп, саяси жүйенің тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін. Қазіргі жастар ұлттық дамудың серпінді және маңызды күші екенін ескере отырып, олардың қатысуы мен әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайлар жасауға басымдық беру өте маңызды.

Жастардың саясаттан алшақтауы немесе саяси апатия деңгейінің артуы олардың дәстүрлі саяси институттарға деген сенімсіздігі мен үмітсіздігінен туындайды. Алайда бұл құбылыс толық саяси бейқамдықты білдірмейді, керісінше, наразылық көңіл-күйі жаңа формада, яғни онлайн белсенділік арқылы көрініс табуда. Жастар әлеуметтік желілерде саяси мәселелерді талқылап, ақпарат бөлісіп, өз ұстанымын білдіру арқылы билікке деген

сенімсіздігін немесе жүйеге наразылығын жанама түрде көрсетеді. Демек, саяси апатияның өсуі жастардың саясатқа мүлде қызықпайтындығын емес, керісінше дәстүрлі арналардан гөрі цифрлық кеңістікті таңдағанын айқындайды.

Жастардың саяси мәдениетінің өзгеруіне саяси реформалар мен цифрлық технологиялардың ықпалы бір-бірімен тығыз байланысты. Цифрландыру саяси қатысуды жеңілдететін құрал ретінде әрекет етсе, саяси реформалар жастардың саясатқа араласуына институционалдық мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, реформалар жастардың саясатта өз орнын табуына және еркін пікір білдіруіне жағдай жасайды. Ал егер реформалар олардың нақты қажеттіліктерін елемесе, саяси енжарлықтың күшеюіне себеп болуы мүмкін.

2.2.5 Онлайн-петициялар институты жастардың цифрлық саяси қатысуының арнасы ретінде

Цифрлық технологиялар бұл процесті жеделдетіп, жастардың жаңа саяси қатысу формаларын қалыптастырды. Әлеуметтік желілер мен онлайн платформалар жастарға ақпарат алмасуға, пікір бөлісуге және өзара ұйымдасуға мүмкіндік береді. Осы арқылы жастардың саяси мәдениетіне жаңа сипат – цифрлық қатысу мәдениеті енді. Мысалы, соңғы жылдары онлайн петициялар жастардың өз көзқарасын ашық білдіруінің және қоғамдық шешімдерге ықпал етудің маңызды құралына айналды. Мұндай платформалар арқылы жастар өз талаптарын бейбіт жолмен жеткізіп, қоғамдық пікір мен саяси шешім қабылдау процесіне қатыса алады.

Сөйтіп, цифрландыру мен саяси реформалар жастардың саяси мәдениетінің өзгерісін айқындайтын өзара байланысты екі фактор ретінде көрінеді. Реформалар саяси қатысу үшін заңдық және институционалдық мүмкіндіктер туғызса, цифрлық технологиялар сол қатысуды жаңа деңгейге шығарып, жастарға саяси белсенділіктің жаңа формаларын ұсынды. Осы екі бағыттың тоғысуы жастардың саяси мәдениетін дәстүрлі енжар үлгіден белсенді, заманауи және цифрлық сипаттағы модельге айналдырып отыр.

Қазіргі таңда онлайн-петициялар саяси коммуникацияның жаңа формасы ретінде қарастырылады. Олар азаматтардың қоғамдық пікірін білдірудің, билікке үн қатудың және саяси күн тәртібіне ықпал етудің тиімді құралы болып отыр. Бұл құбылыс, әсіресе жастар арасында, цифрлық кеңістіктегі саяси қатысудың қолжетімді әрі жылдам тәсіліне айналған. Е. Қ. Алияровтың (2006) пікірінше, ақпараттық саясат пен цифрлық коммуникация арналары қоғамдағы саяси процестердің ашықтығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [57]. Ал Г. С. Сұлтанбаева (2006) саяси коммуникацияның заманауи теориялық негіздерін қарастыра отырып, жаңа медиа құралдарының саяси сана мен азаматтық белсенділікке ықпалын айқындаған [58]. Осы тұрғыдан алғанда, онлайн-петициялар – саяси коммуникацияның цифрлық арнасы ретінде азаматтардың саяси мәдениеті мен саяси әлеуметтенуінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазақстанда онлайн-петициялар жүйесін заңды негізде бекіту реформасы аясында ресми "e-Petition" платформасы құрылды. 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан азаматтары үшін мемлекеттік органдарға өтініштер жіберуге мүмкіндік беретін "e-Otinish" платформасы іске қосылды. Ал "e-Petition"

платформасына қолжетімділік "e-Otinish" сайты арқылы қамтамасыз етіледі, мұнда петицияларды беру үшін арнайы бөлім қарастырылған.

Онлайн петициялар жүйесі заңды түрде ресімделгенімен, ол 2024 жылдың сәуір айынан бастап толық заңды күшіне енеді. Себебі, бұл жүйе заңды негізде алғаш рет 2023 жылдың сәуірінде қабылданды, алайда заңнамаға сәйкес, ол толық іске қосылғанға дейін алты ай өтуі тиіс болатын.

2023 жылдың сәуірінде "Петициялар туралы заң" күшіне енгенге дейін Қазақстандағы петициялар ресми мәртебеге ие болмағандықтан, олардың тиімділігі төмен болды. Дегенмен, петицияларды қолдаудың айтарлықтай артуы азаматтық белсенділіктің артқанын көрсетті. Мысалы, бейресми платформалардың бірі – "www.otinish.kz" қоғамдастық арасында кеңінен танымал болды. Бұл платформаның ең қолдау тапқан бастамаларының бірі тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесіне арналған "Қазақстан Республикасының Президентіне тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау мәселелері бойынша қылмыстық және әкімшілік заңнаманы реформалау туралы ашық үндеу" петициясы болды. Бұл петиция 154 531 қол жинап, кең таралған петициялардың біріне айналды. Тағы бір танымал петицияның бірі 2022 жылдың 13 қантар күні жарияланған Алматы қаласының экс-әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қызметтен кетуі бойынша 26654 қол жинаған [157]. Бұл петиция “Қаңтар оқиғасынан” кейін жарияланып, нәтижесінде 2022 жылдың 31 күні президенттің қаулысымен Б. Сағынтаев орнынан босатылды.

2025 жылғы 15 наурыздағы жағдай бойынша "e-Petition" платформасында 97 петиция тіркелген. Оның ішінде 14 петиция 2000-нан астам қол жинаған, ал қалған 83 петиция 84 пен 2000 аралығында қол жинады (Кесте 15).

Кесте 15 - 2000-нан астам дауыс жинаған петициялар

№	Петиция атауы	Жиналған қолдар / Қажетті қолдар
1.	Қазақстан халқы утилизациялық алым мен бастапқы тіркеуге қарсы	50,125 / 50,000
2.	Біз Қазақстандағы ашық және жасырын ЛГБТ үгітіне қарсымыз!	50,000 / 50,000
3.	Мемлекеттік қызметкерлерге құмар ойындарды тыйым салу	50,000 / 50,000
4.	Уақытты кері қайтару	50,000 / 50,000
5.	Халықтың табысының өсуі үшін! Индустрияны дамыту үшін!	22,332 / 50,000
6.	"Су ресурстары – Маркетинг" ЖШС-нің мемлекеттік меншікке өтуіне қарсымыз	12,221 / 12,221
7.	Зейнеткерлік жасты 55 жасқа дейін төмендетуді қолдаймыз!	8,386 / 50,000

8.	Алдыңғы бүйірлік терезелерді қараңғылауға рұқсат берілсін!	4,048 / 50,000
9.	Жастардың онлайн-петицияларға қатысу деңгейін арттыру	2,634 / 50,000
10.	Ерекше балалардың ата-аналарының өтініші	2,847 / 50,000
11.	Сыртқы паспорт бағасын төмендету	2,030 / 50,000
12.	ТСО, КРО және NCOC бойынша ӨБЖ шарттарының ашықтығын талап етеміз	2,545 / 50,000
13.	Қазақстан шахтерлерінің зейнеткерлік жасын төмендету	2,474 / 50,000
14.	Лайықты зейнетақылар мен жәрдемақылар үшін	2,847 / 50,000

*Бұл кесте Қазақстан Республикасының e-Petition платформасында ұсынылған ақпарат негізінде құрастырылды: https://epetition.kz/

15 наурыз 2025 жылға дейін e-Petition платформасына 97 ресми петиция жарияланған. Оның ішінде 14 петиция 2 000-нан астам қол жинаса, қалған 83 петиция 84-тен 2000-ға дейін қол жинаған.

Халықтан қажетті қол жинаған алғашқы төрт петиция ресми қарастыруға жіберілді. «Қазақстан халқы утилизациялық алым мен бастапқы тіркеуге қарсы» петициясы 2024 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасының Индустрия және құрылыс министрлігіне (МИҚ РК) қарастыруға жіберілді. Қоғамдық тыңдаулар мен талқылаулардан кейін министрлік бұл петицияны қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдады [139].

«Біз Қазақстан Республикасында ЛГБТ ашық және жасырын үгіт-насихатына қарсымыз!» петициясы бойынша Мәдениет және ақпарат министрлігі петицияны ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Мемлекет жасөспірімдер мен балаларды жыныстық қатынастарды насихаттаудан қорғауға бағытталған шектеулер енгізуді ұсынды [140].

«Мемлекеттік қызметкерлерге құмар ойындарын тыйым салу» петициясы қанағаттандырылып, тиісті заңнамаларға өзгерістер енгізу шаралары басталды [141].

«Уақытты кері қайтару» петициясын қарастыру нәтижелері бойынша Сауда және интеграция министрлігі уақыт белдеулерін өзгерту туралы талапты қанағаттандырмау туралы алдын ала шешім қабылдады. 2025 жылғы 14 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында Президент Тоқаев бұл мәселеге нүкте қойып, бірыңғай уақыт белдеуін сақтау туралы шешім зерттеулер негізінде қабылданғанын мәлімдеді [142]. Дегенмен, онлайн петицияға қол қойған азаматтардың жас санаты туралы деректерді табу мүмкін емес, себебі пайдаланушылардың жеке ақпараты құпия сақталады.

Қорытындылай келе, саяси реформалар мен цифрландыру жастардың саяси мәдениетінің дамуына ықпал ететін екі маңызды фактор болып табылады. Бір жағынан, саяси реформалар институционалдық мүмкіндіктерді кеңейтсе,

екінші жағынан, цифрлық технологиялар жастардың саяси қатысуын тездетіп, жаңа деңгейге көтерді. Осы екі үрдістің өзара әрекеттесуі жастардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуының сапасын арттыруға және олардың мүдделерін саяси жүйеде неғұрлым тиімді көрсетуге мүмкіндік береді.

2.3 Жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуындағы әлеуметтік медианың рөлі

2.3.1 Интернет пен әлеуметтік медианың жастар саяси мәдениетін қалыптастырудағы орны

Интернет тек кең таралып қана қоймай, адамдарға қолдануға ыңғайлы әрі барлығына бірдей қолжетімді болып келеді. Сол себептен жастар үшін онлайн-қатысу, петицияларға қол қою, саяси жаңалықтармен танысу арқылы уақытты үнемдеу әлдеқайда жеңіл [74]. Әлеуметтік желілер арқылы қысқартылған, өзекті ақпаратты алу теледидардан жаңалық күтуден тиімдірек болып отыр. Бұл құбылысты қазіргі жастар арасында кең тараған "клиптік ойлау" арқылы түсіндіруге болады. "Клиптік ойлау" дегеніміз (ағылшын тілінен аударғанда "clip" - мәтін немесе бейненің үзіндісі) ақпаратты қысқа әрі жарқын формада қабылдауды білдіреді [109].

Жаһандану артқан сайын интернет пен әлеуметтік медиа адамдардың өмірін ыңғайлы етудің және ақпаратты жылдам әрі тиімді алмасудың тәсілдеріне айналды. Әлеуметтік желілер бастапқыда адамдардың өзара әрекеттесуін және хабар алмасуын жеңілдету үшін құрылған, бірақ қазір олардың мүмкіндіктері мен қолдану аясы кеңейді [143].

Әлеуметтік желілер Web 2.0 технологиясы арқылы пайдаланушыларға мазмұн жасау және бөлісу мүмкіндігін береді (Obar & Wildman) [158]. Жастар бұл платформаларды саяси науқандарға қатысу, ақпаратпен бөлісу және пікір білдіру үшін қолданады, сондықтан әлеуметтік медиа қазіргі заманғы саяси қатысудың маңызды құралы болып саналады. [26]. Instagram Facebook, Twitter және басқа платформалар жастардың саяси мінез-құлқына қалай әсер ететінін зерттеу саяси қатысу процесін жан-жақты және егжей-тегжейлі түсінуге мүмкіндік береді [27]. S.Gupta (2022) мақаласы West Tripura ауданындағы университет және колледж студенттерінің саяси әлеуметтенуінде классикалық медиа (газет, ТВ, радио) мен әлеуметтік медиа (Facebook, WhatsApp, YouTube және т.б.) рөлін зерттейді. Нәтижелер жастардың басым бөлігі саяси ақпаратты онлайн-платформалардан алатынын, ал әлеуметтік медиа олардың саяси қызығушылығы мен қатысу ниетіне елеулі ықпал ететінін көрсетеді [30].

Жоғарыда айтылғандай, жастар әлеуметтік желілер арқылы қолжетімді және тиімді цифрлық платформалар арқылы саяси процестерге қатысу мүмкіндігіне ие болып отыр [95]. Ең бастысы, жастардың 25 жастан асқандардың едәуір бөлігі Facebook-ті жеке көзқарастарын білдіру үшін пайдаланады, өйткені бұл саяси хабардарлықты арттыруға және жергілікті немесе ұлттық мәселелерді шешіп, өзгертуге көмектеседі. Facebook саяси белсенділіктің артуына ықпал етсе, YouTube, Instagram, Twitter секілді платформалар азаматтық белсенділікті күшейтеді [96]. Зерттеушілер саяси

белсенділік пен жаңа медианың оң және берік байланысы бар деп мәлімдейді [19]. Интернеттегі саяси қатысу үшін әлеуметтік медианы пайдалану жастардың саяси өміріне оң әсер етеді, яғни олардың саяси белсенділігін арттырады. Нақты саяси науқандарда әлеуметтік медианың тиімділігі мен жастардың белсенділігін арттыру рөлі келесі мысалда көрініс табады.

2024 жылғы АҚШ президенті сайлауы қарсаңында Трамптың кампаниясы аггитация жүргізу барысында оның имиджын жақсарту үшін TikTok желісін пайдаланады. Маусым айынан бастап қараша айына дейін 5 ай бойы "@realdonaldtrump" парақшасына (15,2 миллион жазылушысы бар) түрлі видеолар салып, белсенді жүргізді. Тикток қолданушыларының арасында кеңінен таралған трендтерді қайталап жастардың қолдауын көп алған. Сол себепті де 2025 жылдың 19 қаңтар күні бұғатталған Тикток желісі 20 қаңтарда Трамптың инаугурация болатын күні қайта іске қосылды. Өз сөзінде сайлау науқанында жастардың көп бөлігін тарту мақсатында қолданылған Тикток айтарлықтай ықпалды желі екенін атап өтіп, жастардың қолдауының 34% басымдылығымен жеңгенін айтады [144]. Нәтижесінде Трамп бұл желіні бұғаттау мәселесін қарастыру бойынша 90 күнге мораторий жариялап, жарлыққа қол қойды.

Негізінде, әлеуметтік медианы пайдалану мен жастардың саяси өмірге деген қызығушылығы арасындағы байланыс туралы алаңдаушылық бар. Жастар дәл қазір онлайн-қозғалысқа шынымен қатысқанына қарамастан, сарапшылардың саяси іс-шараларға қызығушылық танытуына кедергі келтіретін және әлеуметтік медианы пайдалануға бірдей әсер ететін айнымалылар туралы ойлануы өте маңызды. Сонымен қатар, сарапшылар әлеуметтік жүйелер арқылы қызығушылық аса маңызды емес және саяси өмірге қатысуын арттыруға ықпал етпейтінін атап өтті [20]. Қалай болғанда да, бұл мәлімдеме әлеуметтік медианың жастардың саяси өмірдегі ынтымақтастығына әсер ету қабілетін толығымен жоққа шығармайды, керісінше қолданылатын келісімнің түрі мен сипаты сияқты басқа айнымалыларды ескереді.

Кенжалин Ж.О. (2016) пікірінше, Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде қазақ тіліндегі басылымдар, қоғамның демократиялық трансформациясы кезеңінде жаңа мазмұн мен жаңа патриоттық бағдарға ие болып, рухани-ағартушылық қызмет атқарды. Ұзақ уақыт бойы тоталитарлық идеологияның ықпалында болған ұлттық сананы жаңғырту күрделі міндет болғанымен, баспасөз осы бағытта маңызды рөл атқарып, қоғамдық пікірді қалыптастыруда «төртінші билік» қызметін атқарды [98]. Мемлекеттік деңгейде патриоттық тәрбие саясатын жүзеге асыруда БАҚ ақпараттық арна ретінде маңызды факторға айналғанын Михайлова О.В. өзінің зерттеуінде дәлелдеді [111]. Әсіресе тіл, жер және ұлттық құндылықтарға қатысты жарияланымдар қазақстандықтардың елжандылық сезімін күшейтті. Бұл фактор жастардың саяси мәдениетінде де айқын көрініс тауып, олардың отансүйгіштік көзқарасының қалыптасуына медиа кеңістіктің ықпалын дәлелдейді.

Bode L., Dalrymple K.E. (2016) пайымдауынша әлеуметтік медиа тек саяси іс-әрекеттерге қатысу алаңы ғана емес, сонымен бірге саяси ақпарат пен бағыт-бағдардың негізгі көзі ретінде де танылады. Ол жастардың саяси

әрекеттерге қатысты деректерді іздеуін жеңілдетіп, ағартушылық үдерістерді күшейтеді. Онлайн платформалар сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарын тұтыну мен саяси білім арасындағы корреляцияны көрсетеді, бұл әлеуметтік медиа платформалары да осы қатынастарды көрсете алады деген болжамды арттырады [21].

Зерттеулерге сәйкес, адамның білімі, сайып келгенде, оның пікірін қолдайтын ақпаратқа байланысты интернеттегі әлеуметтік желілерде шоғырланған белгілі бір әлеммен шектеледі. Кейбір жағдайларда аудиторияның жаңа ақпаратқа қол жеткізуін шектеу оқу процесіне кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, адамдар өзекті ақпаратты жүйелі және дәйекті түрде ұсынылған жағдайда ғана тереңірек өңдейді және мұндай жағдайда кері байланыс беру ықтималдығы төмен болады. Нәтижесінде жүйелі түрде ұсынылмайтын ақпарат аз есте сақталады және түсіну мен қатысудың төмендеуіне әкеледі. J.T. Feezell (2018) айтуынша, әлеуметтік желілерде сапалы контент табу қиын, ал егер аудитория таңдауға ерік-жігері болса, олар көбінесе қызықты жаңалықтарды ұнатады [22]. Егер аудитория маңызды және мазмұнды ақпараттан алшақ болса, әлеуметтік медиа саяси сауаттылықты арттырады деп айтуға негіз жоқ. Саяси жаңалықтар мен фактілерді көпшілікке тарату арқылы бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық қабылдау мен қоғамдық пікірге әсер етеді [23].

Сонымен қатар, әлеуметтік медиадағы жаңалықтар пайдаланушыларға қажетсіз ақпаратпен танысу мүмкіндігін береді. Қолданушылар байқаусызда, өздері белсенді түрде іздемеген мазмұнға тап болуы мүмкін. Мысалы, аудитория негізінен Facebook-ті әлеуметтік мақсатта қолданған кезде де саяси мәні бар оқиғаларға қатысты ақпарат қолжетімді болуы ықтимал. Әлеуметтік медианы негізінен оқу немесе білім алу үшін пайдаланбаса да, мұндай мазмұнмен үнемі танысу кездейсоқ оқуға әкелуі мүмкін. Осы тұрғыдан қарағанда, әлеуметтік желілерді пайдалану мен саяси білім арасындағы өзара байланыс айқын көрінеді.

2023 жылы Қазақстанның 16-74 жас аралығындағы барлық тұрғындарының интернет қолдану деңгейі 95,8 пайызды құрады. Алматы халқының 95,9 пайызы желіде және интернетті пайдаланушылардың үлесі жыл сайын артып келеді, мысалы, 2017 жылмен салыстырғанда 2023 жылы пайдаланушылар саны 14,3-ке өсті (Кесте 16).


Кесте 16 - 16-74 жас аралығындағы халықтың жалпы санындағы интернетті пайдаланушылардың үлесі

	2017	**2018**	**2019**	**2020**	**2021**	**2022**	**2023**
Қазақстан Республикасы	81,5	83,4	86,6	89,0	93,3	94,5	95,8
Абай	-	-	-	-	-	89,6	91,6
Ақмола	72,4	74,5	80,0	85,6	90,6	91,2	94,7
Ақтөбе	83,7	83,8	88,2	89,4	93,6	96,2	97,0
Алматы	-	-	-	-	-	95,6	96,7

Атырау	75,0	80,4	83,3	78,6	89,7	90,0	90,8
Батыс Қазақстан	75,6	78,8	81,3	84,2	89,2	91,8	92,9
Жамбыл	73,2	82,0	84,9	86,2	90,6	95,8	96,1
Жетісу	-	-	-	-	-	92,7	92,9
Қостанай	87,8	88,0	88,6	87,2	93,1	93,4	94,3
Қызылорда	79,4	81,8	81,9	82,7	90,5	91,9	93,0
Маңғыстау	75,0	82,5	86,0	86,5	97,6	98,5	96,4
Павлодар	84,9	84,4	86,6	94,6	93,2	92,9	96,8
Солтүстік Қазақстан	77,1	78,8	82,3	88,6	90,3	90,7	93,9
Түркістан	81,0	85,3	91,7	94,6	96,3	95,2	97,6
Ұлытау	-	-	-	-	-	89,6	90,4
Шығыс Қазақстан	-	-	-	-	-	96,5	97,9
Астана қаласы	90,1	90,1	92,3	95,3	96,5	96,8	98,1
Алматы қаласы	87,1	87,7	89,5	92,9	94,3	94,7	95,9
Шымкент қаласы	83,6	84,1	84,4	84,0	94,0	95,8	97,1

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы, www.gender.stat.gov.kz

2022 жылға қарай Қазақстанда интернетке қолжетімділік 98,8% - ға жетті, бұл цифрландырудың жаһандық тенденциялары мен 2020 жылғы пандемияның салдарына байланысты айтарлықтай өсуді көрсетеді. Коронавирус кезіндегі карантин салдарынан бүкіл әлем цифрлық платформалар мен виртуалды байланысқа көшті. Қазақстанда бұл ауысым интернетті пайдаланудағы демографиялық өзгерістерге, атап айтқанда, пайдаланушылар арасында әйелдер саны ерлерден көп бола бастады (54% әйел және 46% ер азаматтар). Сондай-ақ, 15 пен 34 жас аралығындағы адамдар елдегі интернетті пайдаланушылардың жалпы санының жартысына жетті (48,6%) (Web Index Mobile, 2022). (Сурет 4 қараңыз).




Сурет 4 – Қазақстандағы интернет қолданушылардың сипаттамасы
Дереккөз: Web Index Mobile, Қазақстан, 2022

2.3.2 Қазақстан мен Ресей жастарының саяси қатысуында әлеуметтік медианы пайдалану ерекшеліктері

Ресейде де, Қазақстанда да жастардың жиі қолданатын әлеуметтік медиа платформаларының қатарына Вконтакте, Instagram, YouTube кіреді. Ресейде "Вконтакте" жастар арасында танымалдығы бойынша 91,4% - бен көш бастап тұр, Одан кейін YouTube-74,9% және Instagram-70,6%. WhatsApp (66,4%) және Telegram (59,2%) сонымен қатар айтарлықтай пайдаланушы базаларын қолдайды, Ал Facebook пайдаланушылардың тек 21,3% құрайды. Қазақстанда Instagram (59%) және YouTube (54%) жас қолданушылар арасында басым платформалар болып табылады. BRIF зерттеу тобының қорытындыларына сәйкес, Facebook-ті Қазақстандық жастар арасында пайдалану деңгейі салыстырмалы түрде төмен және кеңінен қолданылмайды. Facebook пен Вконтакте ұқсас мүмкіндіктерді ұсынғанымен, олардың танымалдығы екі ел арасында айтарлықтай өзгереді. Бірақ екеуін салыстыратын болсақ, ВКонтакте желісінің өте ыңғайлы әлеуметтік желі екенін және негізгі мақсатты топтар осы танымал желілерді пайдаланатындықтан, саяси жаңалықтар, ақпарат, үндеулер мен наразылықтардың барлығы олар арқылы жұртшылыққа таратылатынын көреміз. Сауалнама нәтижелері мен екі елдің әлеуметтік даму бағыттарының көпшілігі ұқсас. Бұл Қазақстан мен Ресейдің бұрынғы Кеңестік республикалар екендігімен түсіндіріледі.

Сауалнама Қазақстан мен Ресейдің 14 пен 30 жас аралығындағы азаматтары арасында жүргізілген. Себебі, жастардың бұл жас тобы әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар үшін қоғамдық-саяси зерттеулер жүргізу үшін маңызды әлеуметтік-демографиялық топ болып саналады. Бұл жас ұрпақтың саяси қалауларын, саяси мінез-құлық үлгілерін, саяси әлеуметтену және қайта әлеуметтену ерекшеліктерін, құндылықтар жүйесін анықтаумен қатар, әлеуметтік саясат процестерінің сипатындағы қысқа және орта мерзімді өзгерістерді болжауға мүмкіндік береді. Жастардың интернет байланысының жоғары деңгейі және саяси және наразылық әрекеттеріне салыстырмалы түрде

жоғары бейімділігі осы тақырыпты таңдаудағы негізгі факторлар болып табылады (Сурет 5).



Сурет 5 - Танымал әлеуметтік желілер

Зерттеу көрсеткендей, Ресейдегі 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың 22,4 пайызы саясатқа өте қызығушылық танытады, 58,3 пайызы тек орташа қызығушылық танытады, ал 13,8 пайызы мүлдем қызығушылық танытпайды [110]. Ал Қазақстанда өте жоғары деңгейде саясатқа қызығушылық танытқан жастардың саны 11,4 пайыз, белгілі бір дәрежеде 39,5%, ал мүлде қызықпайтындардың үлесі 47,8%-ды құрады [77] (Сурет 6).



Сурет 6 - Жастардың саясатқа қызығушылық деңгейі

Жалған аккаунттар немесе боттар Youtube желісінде пікірлер жариялайтындықтан, бұл бір жақты байланыс және үгіт-насихат құралы. Әр түрлі саяси хабарламаларды насихаттау және жарнамалау мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар, YouTube арналарын монетизациялаудың әртүрлі тәсілдері бар. Жастар өздеріне ыңғайлы әрі түсінікті болатын видеоларға қол жеткізу үшін YouTube платформасынан ақпарат іздейді. Жастар арасында танымал "Jurttyn Balasy" деп аталатын Мұрат Даниярдың 288 000, Вадим Борейконың “Гиперборей” арнасында 259 000 жазылушысы бар.

Жастардың саяси өмірге қатысуы мен жаңа медиамен өзара әрекеттесуін зерттеуде салыстырмалы тәсіл қолданылады. Бұл тәсіл аясында Қазақстан мен Ресейдегі жастардың саяси өмірге қатысуы, сондай-ақ олардың онлайн және

офлайн саяси белсенділігі салыстыруда Қазақстандағы Қаңтар оқиғалары мен Ресейдегі А. Навальныйға қатысты наразылықтар мысал бола алады.

Алексей Навальный YouTube-ті Ресейдегі билеуші таптың заңсыз әрекеттері туралы ақпаратты тарату үшін пайдаланды. 2021 жылдың 23 қаңтарында Навальный тұтқындалып, оны қолдау мақсатында наразылық акция ұйымдастырылды және шамамен 300 мың адам қатысқан [146]. 22 қаңтарда наразылықтарға қатысты мазмұнның TikTok-та 38%-ы, Instagram-да 17%-ы жойылды, ал Вконтактедегі заңсыз деп танылған барлық мазмұнның 50%-ы жойылды. Басқыншылық әрекет жасауға шақырған үндеулердің жартысы YouTube арқылы таратылуға шектеу қойылды [146]. Себебі жастар наразылық білдіруге шақыру үшін Вконтакте, YouTube, Instagram, TikTok және т.б. сияқты әлеуметтік медиа платформаларын пайдаланды. Алексей Навальныйдың пайдасына демонстрациялар жалпы әлеуметтік медианың қоғамдық пікірге әсер етудің және жұртшылықты офлайн саясатқа тартудың маңызды құралына айналуының жарқын мысалы болып табылады.

Қазақстандағы Қаңтар оқиғасын кейс-талдау ретінде пайдалануға болады. 2022 жылдың 2 қаңтарында Жаңаөзенде бейбіт түрде басталған халық наразылығы бүкіл Қазақстанға тарап, мемлекеттік деңгейдегі төңкеріс ретінде құжатталды. 5 қаңтарда Алматыда жаппай тәртіпсіздік орын алды. Басты себептің бірі сұйытылған газдың бағасы 60 теңгеден 120 теңгеге күрт қымбаттауы болып табылады. Алматыда жаппай тәртіпсіздіктер мен наразылықтар мемлекет газ бағасын 50 теңгеге төмендеткеннен кейін де орын алды. Осылайша, Қ. К. Тоқаев елде төтенше жағдай жариялағаннан кейін 4 қаңтарда бүкіл интернет жүйесі жабылды [147]. Top10VPN-нің сарапшыларының зерттеуі бойынша, интернетті өшіру салдарынан Қазақстандағы экономикалық шығындар 410 миллион АҚШ долларын құрады. Қазақстан халқы 144 сағат бойы интернетке қол жеткізе алмай, 10 қаңтардан бастап елде интернет толығымен өшірілді [148]. 2022 жылға қарай Ресейде интернетсіз уақыт - барлығы 7407 сағат құраған.

Интернет өшіргеннен кейін барлық әлеуметтік медиа сайттары қол жетімді болмады. Алайда, алматылық программист Нәрікби Мақсұт өзінің Telegram-арнасы арқылы прокси-серверлерді таратқан болатын [149]. Telegram арқылы қазақстандықтар халықаралық ұйымдардан және басқа елдерден саяси жаңалыққа қол жеткізіп, оны жақындарымен бөлісе алу мүмкіндігіне ие болды. Осы оқиғадан соң барлық азаматтар осындай жағдай қайталанған жағдайда байланыста қалу үшін Телеграм желісінен аккаунт ашып, белсенді түрде пайдалана бастады. Бұл мысалдар жаңа бұқаралық ақпарат құралдары жастарды саясатпен айналысуға ынталандырудың қуатты құралы деген идеяны күшейтеді. Басқаша айтқанда, қазір әлеуметтік медианың саяси қатысуда маңызды рөл атқаратыны анық.

Қазақстанда онлайн-саяси қатысу оффлайн режиміндегі қатысудан едәуір асып түседі. Бұл теңсіздік жастар арасында, әсіресе қаңтар айындағы оқиғалардан кейін, халықты қолдау митингілерінің жазықсыз қатысушылары әділетсіз үкімдерге тап болған саяси қуғын-сүргіннен қорқудан туындайды. Бұл оқиғалардың салдары сөз бостандығын бақылаудың күшеюіне куә болды,

өйткені онлайн платформалар барған сайын шектеулі бола бастады. Азаматтық қоғамның көптеген өкілдері іс-шараларды құжаттау және есеп беру бойынша кәсіби міндеттемелерін орындау кезінде құқық қорғау органдары тарапынан қысым көрген [150]. Еркінен тыс ұстап әкетулер, журналистер мен блогерлердің қудалануы, интернеттегі жазбалары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылу, шабуылдар және веб-сайттарды бұғаттау сияқты әрекеттер сөз бостандығының жүйелі түрде шектеліп отырғанын дәлелдейді. Желтоқсан оқиғасы кезінде 1986 жылы жастардың жазаға тартылғаны сияқты тарихи прецеденттер отбасыларда қорқыныш сезімін түпсанасына терең сіңірді. Демек, ата-аналар көбінесе балаларының болашақ әл-ауқатына қамқорлық жасау үшін офлайн режимде саяси араласудан бас тартуға шақырады.

Онлайн қатысуға тағы бір мысал ретінде 2022 жылдың басында алматылықтар қаланың әкімі Ерболат Досаевқа қарсы наразылық науқанын атауға болады [151]. Халық тез арада онлайн петиция құрып, 19 мың қол жиналған болатын [152]. Петиция авторы Владимир Иванов қала тұрғындары Досаевтың тағайындалуына қарсы екенін және әкімнің адал сайлауын талап ететінін айтты. Сәйкесінше, билік митинг өткізуге рұқсат бергеннен соң 5 ақпанда Шоқан Уәлиханов алаңында бар-жоғы 100-ге жуық адам жиналды. Бұл қаңтардан бергі алғашқы заңды наразылық акциясы болды. Алайда, әлеуметтік желілерде, әсіресе Facebook-те Досаевқа деген наразылық одан да күшті болды. "Алматы және алматылықтар" тобында оның қызметтен кетуін талап еткен пост жүздеген лайктар мен репосттар жинады. Оның астындағы пікірлердің барлығы дерлік теріс болды. Осыдан шығатын қорытынды, халықтың онлайн белсенділігі офлайн белсенділікке қарағанда әлдеқайда көп екендігін байқауға болады. Онлайн петицияға қол қоюшылар мен офлайн митингке қатысқандардың саны салыстыруға келмейді. Петицияны есепке алмағанның өзінде, Facebook әлеуметтік желісіндегі халықтың белсенділігі интернеттегі саяси қатысудың үлесі желіден тыс қатысумен салыстырғанда жоғары екенін көрсетеді.

Саяси пікірталастар мен әлеуметтік желідегі посттар жастардың саяси білімін арттырып, саясатқа қызығушылығын оятады. Сонымен қатар, саяси фактілер мен жаңалықтар кеңінен таратылған сайын, халықтың ақпараттан хабардар болуы мен жастардың пікірін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстанда саяси контент жастар арасында ең танымал Вконтакте, Instagram және YouTube платформалары арқылы кеңінен таралады. Сонымен қатар, пайдаланушылар осы әлеуметтік желілер арқылы жақындарымен жазбалар мен жаңалықтарды бөліседі. Митингілер мен наразылық сияқты саяси қатысу шараларына шақырулар да көбінесе осы платформалар арқылы жүзеге асады. Егер мұндай оқиғалар билік өкілдеріне кері әсерін тигізсе, елде интернетке қолжетімділіктің шектелуі мүмкін. Осы жағдай әлеуметтік медианың саяси қатысуға айтарлықтай ықпал ететінін көрсететін нақты дәлел болып табылады.

Қорыта келе, Қазақстан жастары елде болып жатқан оқиғаларға өте қатты қызығушылық танытпаса да, әлеуметтік желілер арқылы ақпарат алады. Яғни, жастардың саяси үдерістерге қатысуы уақыт өте келе артуда. Бұл үдеріс

әлеуметтік желілердің саяси білімді жетілдіріп, сонымен қатар жастардың саяси көзқарастары мен ұстанымының қалыптасуына да әсер етуімен түсіндіріледі. Әрине, бұл бір сәттік ауысым емес, әр қадам сайын күшейетін кумулятивті процесс.

“The Impact of Digitalization on Political Engagement Among Kazakhstani Youth: A Comparative Study Before and After "Qandy Qantar" (Sanguinary January) of 2022” атты мақалада авторлар цифрландырудың Қазақстандық жастардың саяси белсенділігіне әсерін, атап айтқанда Қаңтар оқиғасына дейін және кейінгі кезеңді талдайды [73]. Зерттеу қазақстандық жастардың саясатқа деген көзқарасын, олардың белсенділік деңгейін және жаңа технологиялардың бұл үрдістерге әсерін қарастырады. Саяси сананың тұрақсыздығын - көптеген жастар саясатқа қатысты нақты ұстаным қалыптастырмағандығынан аңғаруға болады. Ақпараттың көптігі мен саяси процестердің күрделілігі олардың белсенді қадам жасауына кедергі келтіреді. Әлеуметтік желілердегі пікірталастар артқанымен, олар нақты саяси белсенділікке ұласқан жоқ. Цифрлық платформалар ақпарат тарату құралы болғанымен, олар жастарды саяси іс-әрекетке итермелемейді.

1990 жылдардың басында Кеңес Одағы Коммунистік партиясының (КОКП) ыдырауы қазақстандық жастардың саяси өмірге жаппай араласуының аяқталуына алып келді. Ескі жүйе күйреп, жастардың саяси белсенділігінің төмендеуіне әкелді және жаңа қоғамдық-саяси қозғалыстар шеңберінде жастар ұйымдары әлі толыққанды қалыптаспаған болатын. Осы кезеңде Жас Коммунистік Лиганың трансформациясы да жастардың ұйымдасқан түрде саяси үдерістерге қатысуының азайғанын көрсетті. 1990 жылдардың аяғына дейін жастарға бағытталған саяси ұйымдардың саны шектеулі болды, нәтижесінде олар саяси оқиғалардың тек сырттай бақылаушысына айналды.

Жастардың саясатқа деген енжарлығы олардың бағынышты саяси мәдениетінің қалыптасуымен тікелей байланысты. Әкімшілік ресурстардың саяси процестерге ықпалы, әсіресе дауыс беру мен партия жұмысына қатысу мүмкіндіктерінің шектелуі жастардың белсенді қатысуына тосқауыл болды. Соған қарамастан, 2000 жылдары "Жас Отан" жастар қанаты жастарды саяси өмірге тарту мақсатында құрылған еді. Бұл ұйым белгілі бір дәрежеде жастардың саяси белсенділігін арттыруға ықпал етті. Дегенмен, 2022 жылы "Аманат" партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты деп аталды. Осы өзгерістер жастардың саяси қатысуына жаңа серпін бергенімен, олардың саяси мәдениетінің толыққанды қалыптасуына әлі де кедергілер бар.

Соңғы жылдары әлеуметтік желілер жастардың саяси тартылуында шешуші рөл атқара бастады. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы цифрландыруды экономикалық дамудың қозғаушы күшіне айналдыруды мақсат етті. Бұл өзгерістер жастардың саяси белсенділігіне де әсер етіп жатыр. Интернет және әлеуметтік медиа саяси қатысуды жүзеге асыру тәсілін айтарлықтай өзгертті. Қатысудың дәстүрлі түрлерінен айырмашылығы, цифрлық орта жастарға өздерінің саяси пікірлерін білдірудің ыңғайлы және тиімді құралына айналды. Мәселен, Facebook Қазақстандағы саяси

пікірталастардың негізгі алаңына айналып, саяси сананың қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

Әлеуметтік желілер тек ақпарат тарату құралы ғана емес, сонымен қатар наразылықтар мен қақтығыстар кезінде жастарды жұмылдырудың маңызды платформасына айналды. Дегенмен, әлеуметтік медианың саяси санаға ықпалы біржақты емес, өйткені Z буыны көбіне шыдамсыздықпен және тез арада шешім қабылдауға бейім келеді. Цифрлық технологиялар жастардың саяси хабардарлығына оң әсер еткенмен, олардың аналитикалық ойлау қабілетіне белгілі бір дәрежеде кері әсерін тигізуі мүмкін. Ақпаратты фрагменттелген түрде қабылдау "клиптік ойлау" феноменін күшейтіп, саяси білімнің тереңдігін шектеуі ықтимал. Сонымен қатар, блогерлер мен инфлюенсерлер жастардың саяси көзқарастары мен дүниетанымына айтарлықтай ықпал етіп, саяси идеялар мен ойын-сауық мазмұнын араластыратын жаңа форматтарды қалыптастырып отыр.

Соңғы жылдары жастар арасында әлеуметтік желі арқылы белгілі бір тұлғаларға немесе оқиғаларға қатысты жаппай қарсылық білдіру, бойкот жариялау белсенді түрде көрініс табуда. Бұл құбылыс қазіргі заманда қалыптасып келе жатқан “кәнсіл мәдениетінің” (cancel culture) көрінісі ретінде сипатталады. Мұндай әлеуметік-саяси феномен жастардың қоғамдық және саяси процестерге қатысуының жаңа, цифрлық формасы болып табылады және олардың әділетсіздікке, қоғамдағы резонансты мәселелерге деген сезімталдығын көрсетеді. Бұл әрекеттер көбіне онлайн-петициялар, хэштегтер арқылы наразылық білдіру, пікір көшбасшыларын қоғамдық сынға алу, негативті пікірлер қалдыру сынды тәсілдер арқылы жүзеге асады. Қоғамда көбіне әлеуметтік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, тілге қатысты мәселелер резонанс тудырады. Мысалы, 2024 жылы “Qazaq coffee” мекемесінің 2gis қосымшасында бір қолданушы қазақ тілінде мәзірдің жоғын айтып пікір қалдырған. Мекеме осы пікірге “Қазақ тілінде қызмет көрсетуге міндетті емеспіз” деп жауап бергендіктен қазақ аудиториясы 2gis қосымшасына тек негативті пікір қалдыру арқылы мекеменің толықтай жабылуына алып келді. Одан бөлек, 2025 жылы Magnum супермаркет желісінің курьері тапсырыс берушіге “Қазақша сөйле” дегені үшін жұмыстан босатылғаны түрткі болып, оған да бойкот жариялады. Әлеуметтік желілерде бірнеше күн қазақ аудиториясы бір-бірін Magnum желісінен бас тартуға шақырды. Сол арқылы тілге құрмет көрсетілуін талап еткен болатын.

Тағы бір мысал ретінде Талғар қаласында орын алған резонансты оқиғаны атауға болады. Бұл жағдайдың саяси реңк алуына халықтың құқық қорғау органдарына (полиция мен сот) сенімсіздікпен қарауы, сондай-ақ президентке үміт арту, бірақ сол үміттің ақталмауы сияқты факторлар әсер етті. Аталған оқиғада басты назар жастарға ауған, себебі оқиғаға қатысушылардың қатарында жастар болды.

Атап айтқанда, Шерзат есімді 16 жастағы жасөспірімнің өлімі қоғамда кең резонанс туғызды. Бұл жағдайға байланысты танымал блогерлер алғашында үнсіз қалған болатын. Алайда әлеуметтік желі қолданушылары олардың бұл әрекетіне қарсылық танытып, жаппай сынға алып, блогерлерді «кәнсіл» (cancel)

ету әрекеттерін бастады. Көптеген блогерлердің оқырмандары күрт азайып, парақшаларындағы белсенділік төмендегеннен кейін ғана олар осы мәселеге қатысты пікір білдіріп, стористерінде материалдарды жариялай бастады. Бұл жағдай онлайн кеңістіктегі наразылықтың нақты ықпал ете алатынын және жастардың дәстүрлі емес саяси белсенділік формаларына көбірек жүгініп отырғанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер қазіргі кезеңде жастардың саяси белсенділігінің негізгі алаңына айналды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар дәстүрлі саяси қатысудың орнына онлайн кеңістікте өз көзқарастарын білдіруді, ақпарат таратуды және пікірталастарға қатысуды таңдауда. Бұл құбылыс саяси мәдениеттің трансформациясының айқын белгісі болып табылады, өйткені дәстүрлі институттар жастар үшін тиімсіз әрі сенімсіз көрінсе, әлеуметтік желілер қолжетімді, жедел және тікелей коммуникацияға мүмкіндік береді. Демек, жастардың саясатқа қатысу формаларының виртуалды кеңістікке ығысуы Қазақстандағы саяси мәдениеттің жаңа сипатын айқындап, дәстүрлі саяси қатысудың әлсіреуін онлайн активизм арқылы өтейтінін дәлелдейді.

3 ҚАЗІРГІ САЯСИ РЕФОРМАЛАР КЕЗЕҢІНДЕГІ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІ (Алматы мысалында)


3.1 Саяси реформалар жағдайындағы студенттік жастардың саяси мәдениеті (Алматы қаласының ЖОО мысалында)

3.1.1 Зерттеу әдістемесі: Алматы қаласы студент жастарының саяси мәдениетін эмпириялық талдаудың үлгісі және деректер жиынтығы

Бұл бөлімде саяси реформалар кезеңінде Алматы қаласының жоғары оқу орындарындағы студент жастардың саяси мәдениеті эмпириялық деректер негізінде талданады. Зерттеу жұмысында сандық талдау жасалып, негізгі жас тобы ретінде 18–23 жас аралығындағы студент жастардың саяси мәдениеті зерделенді. Іріктеу тәсілі аралас сипатта қолданылды. “Bukhari Sample Size Calculator” автоматты есептеуіне сәйкес Алматы студенттік жастар популяциясы үшін 384 респонденттің жауаптары жеткілікті саналады [153]. Дегенмен, сауалнама нәтижесінде 591 жауап жиналды. Зерттеу мақсатына және әдістемесіне сәйкес жасы бойынша 18-23 аралығында топтастырылып, 563 респонденттердің жауаптары талданатын болады. 17 жастағы 28 студент сауалнамаға жауап бергенімен, олардың дауыс беру құқығы болмағандықтан жауаптары ескерілмеді.

Тізбектелген іріктеу арқылы, яғни сауалнама жеке контакті арқылы университет мұғалімдеріне жіберіліп, олар оны өз студенттеріне таратты. Студенттер сауалнаманы ерікті түрде толтырды. Кластерлік іріктеу бойынша үлгіге 6 ЖОО-дан, нақтырақ айтқанда 3 мемлекеттік (ұлттық) және 3 жекеменшік университеттер; стратификациялық іріктеу ретінде түрлі мамандықтар мен 1-4 курс студенттері кірді. ЖОО-ның 47,2%-ы мемлекеттік, 52,8%-ы жекеменшік университет студенттері жауап берді. Бұл көрсеткіштер Алматы қаласы бойынша жалпы студенттік популяция құрылымына сәйкес келеді (41,7% - мемлекеттік ЖОО, 58,3% - жекеменшік ЖОО) [154].

Қазақстанда барлығы 113 жоғары оқу орнының 37-сі Алматы қаласында орналасқан. 2024–2025 оқу жылының басына қаладағы студенттер саны 201 988 адамды құрайды, оның ішінде әйелдер – 106 191 (53%), ерлер – 95 797 (47%). Ұлттық (оның ішінде зерттеу) университеттер студенттері – 83 679 (41,7%), ал жекеменшік ЖОО студенттері – 116 840 (58,3%) (Сурет 7) [154]. Осы деректерге сүйене отырып, зерттеу үшін алынған 563 респондент Алматы қаласының студенттік популяциясын статистикалық тұрғыдан жеткілікті бейнелейді. Үлгінің көлемі қажетті минимумнан артық, ал мемлекеттік және жекеменшік ЖОО студенттерінің үлесі қаладағы жалпы көрсеткіштермен шамалас. Мұндай сәйкестік іріктеудің ғылыми дұрыстығын және зерттеу нәтижелерінің репрезентативтілігін қамтамасыз етеді.



Сурет 7 -ЖОО студенттер санының жас ерекшеліктеріне қарай бөлінісі

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

Сауалнама сұрақтары саяси мәдениеттің трансформациясын айқындайтын негізгі критерийлер мен индикаторларға (саяси білім деңгейі, саяси құндылықтық бағдарлары және саяси қатысу формаларының дәстүрлі офлайн және жаңа онлайн үлгілері) сүйене отырып құрастырылды.

Сауалнама 08.04-20.04.2025 жылы 12 күн аралығында жиналды. Зерттеу жүргізуге рұқсат 2025 жылғы 27 ақпанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жергілікті этикалық комитеті тарапынан берілді (№ IRB-A1546) және бұл рұқсат 2027 жылғы 25 ақпанға дейін жарамды болып табылады. Барлық деректер Google Drive және Excel файлында жинақталып, компьютердің жергілікті дискінде сақтаулы тұрады.

3.1.2 Респонденттердің демографиялық және әлеуметтік сипаттамалары

Сауалнамаға қатысушылардың жыныстық құрылымы - әйелдер 81,2% (457 адам), ал ерлердің үлесі 18,8% (106 адам) болды. Бұл нәтиже жалпы Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарындағы студенттердің жыныстық құрылымын толық бейнелей алмайды. Мұндай ара-қатынас, негізінен, сауалнама жүргізілген жоғары оқу орындары мен мамандықтардың ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан. Зерттеуге қатысқан студенттердің басым бөлігі гуманитарлық және педагогикалық бағыттарда білім алатындықтан, аталған бағыттарда қыз студенттердің саны дәстүрлі түрде көп болуына байланысты осындай көрсеткіш болды.

Жас ерекшелігі бойынша респонденттердің көпшілігі 18–19 жас аралығындағылардан құралды: 18 жастағылар – 42,3%, 19 жастағылар – 28,2%. Сонымен қатар, 20 жастағы респонденттердің үлесі 18,5%, 21 жас – 8%, 22 жас – 2,1%, ал 23 жастағы студенттердің үлесі – 1%. Сауалнама ерікті түрде жүргізілгендіктен, оған негізінен 18–19 жас аралығындағы студенттер белсенді қатысқан. Сонымен қатар, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарында студенттердің негізгі бөлігін 18–20 жас аралығындағы жастар құрайтынын және студенттердің ішінде әйелдердің үлесі жоғары екенін (Сурет 4) ескерсек,

іріктеменің жас және жыныстық құрылымы жалпы жағдайға толық пропорционалды болмаса да, белгілі бір деңгейде сәйкес келетінін ескеру қажет.

Ұлты жағынан респонденттердің негізгі бөлігін қазақтар құрады (92,5%). Орыс ұлтының өкілдері – 2,3%, басқа ұлттардың өкілдері – 5,2% болды. Бұл көрсеткіш зерттеудің қазақ студенттері арасында жүргізілгенін айқын көрсетеді.

Туған өңірі бойынша респонденттер ірі қалалар мен басқа аймақтарға бөлінді (Сурет 8):



Сурет 8 - Респонденттердің өңірлік үлесі

Сауалнама Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында жүргізілгенімен, олардың қатарында еліміздің әртүрлі аймақтарынан келген жастар бар. Бұл студенттердің саяси мәдениетке деген көзқарастары мен қатысу формалары әртүрлі болуы мүмкін екенін көрсетеді, себебі әр өңірдің саяси тәжірибесі, құндылықтары мен әлеуметтік менталитеті ерекшеленеді. Алайда, зерттеу барысында респонденттердің туған өңірлері бойынша жеке талдау жүргізілмеді, сондықтан алынған нәтижелер жалпы студенттік контингентке қатысты деп қарастырылды. Аймақтық ерекшеліктер мен ішкі миграция ықтимал фактор ретінде қарастырылғанымен, олардың нақты әсерін анықтау үшін қосымша зерттеу қажет.

Жоғары оқу орны бойынша респонденттердің үлесі төмендегідей бөлінді:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 16,5% (93),
- Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – 16% (90),
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – 14,7% (83),
- «Тұран» университеті – 24,2% (143),
- Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті – 19,3% (114),
- Нархоз университеті – 6,8% (40).

Мемлекеттік және жеке меншік ЖОО деп топтастырғанда мемлекеттік 47,2%, жеке меншік 52,8%-ды құрады.

Оқу курсы бойынша респонденттердің көпшілігі 1-курс студенттері (34,3%) және 2-курс студенттері (35,2%) болды. 3-курс студенттері 19,4%, 4-курс студенттері 11,2% құрады.

Білім беру бағыттары бойынша:

- Гуманитарлық ғылымдар саласында білім алушылар – 58,6%,
- Педагогикалық ғылымдар бағыты – 26,1%,
- Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес бағытындағылар – 12,6%,
- Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика бағыты – 1,6%,
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім алушылар – 0,9%,
- НВП/ФКС оқитындар – 0,2%.


Жалпы қорытындылай келе, зерттеуге қатысқан студенттердің басым көпшілігі қазақ ұлтының өкілдері, жас ерекшелігі бойынша 18–19 жастағы жастар, гуманитарлық және педагогикалық бағытта білім алушылар екені анықталды. Алайда, тәуелсіз айнымалы ретінде студенттердің жасы, ЖОО және курсы негізге алынды. Қалған параметрлер студенттердің жалпы сипаттамасын анықтау үшін қарастырылды. Анализ жасау барысында студенттерге салыстырмалы талдау жүргізу үшін басты айнымалы ретінде ЖОО статусы алынды.

3.1.3 Студент жастарының саяси мәдениет көрсеткіштері: сауалнама нәтижелері және интерпретациясы

Сауалнамаға жауап берген студенттердің 73,2%-ы елімізде болып жатқан саяси оқиғаларға қызығушылық білдіреді екен. Қалған 16,9%-ы мүлдем қызықпаса, 9,9%-ы жауап беруге қиналатыны анықталды (Сурет 9). ЖОО статусы бойынша салыстыратын болсақ, мемлекеттік ЖОО студенттеріне қарағанда (69,2%) жеке меншік ЖОО студенттері (76,8%) көбірек қызығатыны белгілі болды (Кесте 17). Мұндай тенденцияны мемлекеттік университеттерге көбіне грант арқылы түскен жастар табиғатынан пассивті болған болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады.

Алматы қаласындағы студент жастардың саясатқа деген жоғары қызығушылығы саяси мәдениеттің трансформациясының маңызды индикаторының бірі болып табылады. Егер бұрынғы ұлттық деңгейдегі зерттеулерде (Шарипова & Бейменбетов, 2021) қазақстандық жастардың шамамен жартысы саясатқа немқұрайлы қарайтыны және тек 50%-ы әртүрлі деңгейде қызығатыны көрсетілсе, бұл зерттеу нәтижелері қалалық ортадағы университет жастары арасында саяси қызығушылықтың айтарлықтай артқанын дәлелдейді [77].

Атап айтқанда, Алматы қаласындағы респонденттердің 73,2%-ы саяси оқиғаларға тұрақты түрде қызығушылық танытатынын атап өткен. Бұл дерек жастардың саяси мәдениетінде пассивті бейқамдық моделінен белсенді ақпараттанған позицияға көшу процесі жүріп жатқанын көрсетеді. Яғни, саяси мәдениет трансформациясының маңызды индикаторы ретінде жастардың саяси қызығушылығының өсуі мен саяси сана-сезімнің артуын атауға болады.



Сурет 9 - Жастардың елдегі саяси оқиғаларға қызығушылығы

Кесте 17 - Жастардың саяси оқиғаларға қызығушылығы (ЖОО статусы бойынша)

		ЖОО статусы	
		мемлекеттік ЖОО	жекеменшік ЖОО
1. Сіз еліміздегі саяси оқиғаларға қызығасыз ба?	Иә	69,2%	76,8%
	Жоқ	20,3%	13,8%
	Жауап беруге қиналамын	10,5%	9,4%


Саяси білімның базалық деңгейін тексеру мақсатында “Қазақстандағы биліктің үш тармағын атаңыз?” деген сұраққа мемлекеттік ЖОО студенттерінің 98,4%, ал жеке меншік ЖОО 97,6%-ы дұрыс жауап берген (Сурет 10). Бұл көрсеткішке сүйене отырып, мемлекеттік ЖОО студенттерінің базалық саяси білім деңгейі сәл жоғарырақ деген тұжырымға келуге болады. Сәйкесінше, мемлекеттік ЖОО-дағы оқу бағдарламаларында қоғамдық-саяси пәндердің рөлі жоғарырақ болуы мүмкін деген гипотеза жасауға мүмкіндік береді.

Саяси мәдениеттің трансформациясына тікелей әсер ететін фактордың бірі ретінде білім беру жүйесі мен жоғары оқу орындарындағы саяси білімді арттыруға арналған бағдарлардың дамуы болып табылады.



Сурет 10 - Саяси білімнің базалық деңгейі: билік тармақтарын білуі (мемлекеттік және жекеменшік ЖОО студенттері арасында)

Сондай-ақ, саяси партиялар туралы білімін тексеру үшін “Сізге қандай ресми тіркелген ҚР саяси партиялары белгілі?” деген сұрақ қойылды. Жауап берген респонденттердің 93,1%-ы “Аманат” партиясын білетіні анықталды. “Ақ жол” партиясын студенттердің 50,8%, “Қазақстан халық партиясын” 39,8%-ы танитындығы анықталды. “Ауыл” партиясын 32,3%, “Республика” 25,2%, “ЖСДП” 10,7% және “Байтақ” партиясын 8,5% респондент білетіндігі белгілі болды. “Бірде бір партияны білмеймін” деп жауап берген студенттердің үлесі 3,9% құрады. «Аманат» партиясы (бұрынғы «Нұр Отан») – Қазақстандағы ең танымал саяси партиялардың бірі болғандықтан, жастардың 93,1%-ы бұл партияны танитынын көрсеткен (Сурет 11).



Сурет 11 - Саяси партиялар туралы хабардарлық

Дегенмен, студенттердің барлығында саяси білім толық және жоғары деңгейде қалыптасқан деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Алайда алынған

сауалнама нәтижелері студенттердің басым бөлігінің саяси құрылымның негізгі элементтері туралы базалық түсінікке ие екенін көрсетеді.

"Демократия" ұғымын қалай түсінетінін анықтау арқылы жастардың саяси мәдениетіндегі демократиялық құндылықтардың орны мен мәнін, сондай-ақ олардың демократияға қатысты көзқарастарын бағалау мақсат етілді. Бұл сұрақ жастардың саяси сана-сезімі мен құндылықтық бағдарларын айқындауға мүмкіндік берді.




Сурет 12 – Жастардың демократия туралы түсінігі

Жоғарыда берілген Сурет 12 Қазақстан жастарының "демократия" ұғымын қалай қабылдайтынын көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі демократияны "халық билігі және еркін таңдау құқығы" (71,0%), "пікір білдіру еркіндігі" (53,6%) және "адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау" (51,2%) секілді базалық құндылықтармен байланыстырады. Жастардың демократия туралы түсініктері көбінесе жалпы ұғымдық және декларативті деңгейде екенін, ал нақты саяси және құқықтық механизмдерге онша мән берілмейтінін байқатады. Алайда "демократия – тек теориялық ұғым" (6,0%) және "мен демократия туралы аз білемін" (5,7%) деген жауаптар саяси сенімсіздік пен енжарлықтың да белгілі бір деңгейде орын алатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, демократиялық институттардың маңызды құрамдас бөліктері саналатын "адал сайлау және биліктің ауыспалылығы" (29,5%) мен "заң үстемдігі және теңдік" (14,4%) көрсеткіштері төмен деңгейде қалып отыр. Бұл олардың сайлау рәсіміне сенімі төмен деңгейде екенімен байланысты болуы мүмкін.


Сурет 13 сәйкес, студенттік жастардың 39,3%-ы сайлау рәсіміне сенім артса, 31,3%-ы сенбейтінін және 29,4%-ы жауап беруге қиналатынын айтқан. Бұл жастардың саяси мәдениетінде сенімсіздік пен бейтараптық деңгейлері әлі де жоғары екенін көрсетеді.



Сурет 13 - Жастардың сайлау рәсіміне деген сенімі

Бұл көрсеткіш жастардың саяси мәдениетінде институционалдық сенімнің жеткілікті деңгейде қалыптаспай отырғанын айғақтайды. Жастардың бір бөлігі сайлау институтына сенімсіздік танытса, тағы бір бөлігі бейтарап қалып, нақты ұстаным білдіруден қашқақтайды. Мұндай үрдіс саяси мәдениеттің транзиттік сипатын көрсетеді, яғни бір жағынан, жаңа буын демократиялық рәсімдердің маңызын түсінгенімен, екінші жағынан, саяси институттарға толық сенім қалыптастырмаған. Бұл жағдай Алмонд пен Верба сипаттаған «бағынышты-қатысушы» үлгісіне сәйкес келеді, яғни бодандық саяси мәдениет типі басым екенін дәлелдейді. Бұл типте азаматтар өздерін саяси процестің қатысушысы ретінде қабылдағанымен, саяси жүйеге деген сенім толық орнықпаған. Демек, жастар арасындағы сенімсіздік пен бейтараптық деңгейінің жоғары болуы Қазақстандағы саяси реформалар аясында саяси институттардың легитимділігін нығайту қажеттілігін алға тартады.


Студенттер өздерінің саяси құқықтарын орташа деңгейде, яғни “жалпы түсінігім бар” деп бағалайды (Сурет 14).



Сурет 14 - Жастардың саяси құқықтарын білу деңгейі


Олар өздерінің “сайлау құқығын” жақсы білсе, “петиция жазу” және “бейбіт жиындарға қатысу” құқығын аз білетіні анықталды. Алып отырған мәліметтер негізінде студент жастардың саяси құқықтары туралы білімі фрагменттелген сипатқа ие екендігі анықталды. Атап айтқанда, олар сайлау құқығы секілді негізгі және кеңінен танымал құқықтар туралы жақсы хабардар болғанымен, петиция жазу және бейбіт жиындарға қатысу сияқты белсенді азаматтық қатысуды талап ететін құқықтар жөнінде төмен деңгейде ақпараттандырылған. Бұл студенттердің саяси қатысу формалары туралы білімін арттыру қажеттігін көрсетеді [64]. Демек, жастардың саяси сауаттылығын кешенді түрде дамыту, соның ішінде олардың құқықтық мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат беру - саяси әлеуметтену мен азаматтық белсенділікті нығайтудың маңызды алғышарты болып табылады.

Саяси реформалардың ішінде ең танымалы “Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру тәртібін өзгерту, ұйымдастырушылардың, қатысушылардың, бақылаушылардың құқықтары мен міндеттерінің аражігін ажырату”, одан кейін “Саяси партиялар құру үшін тіркеу талабын 20 мыңнан 5 мың адамға дейін азайту”, “2021 жылдан бастап ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу” және “Онлайн-петициялар институтын заң жүзінде ресімдеу” реформалары болып тұр (Сурет 15) .



Сурет 15 - Саяси реформалар туралы хабардарлық деңгейі


Ал бұл реформалардың әсері туралы көпшілігі “орташа” әсер еткендігін айтады. Салыстырмалы түрде жеке меншік ЖОО студенттеріне көбірек әсер еткендігін Сурет 16-тен байқауға болады.



Сурет 16 - Саяси реформалардың жастарға әсері (ЖОО статусы бойынша)

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттер саяси реформалар туралы жалпы деңгейде хабардар болғанымен, өздерінің саяси құқықтарын пайдалану механизмдері жөнінде толыққанды білімге ие емес. Бұл жағдай жастардың саяси ақпаратты қабылдауда үстірт көзқарас танытып отырғанын және саяси-құқықтық білім беру саясатының жетілдірілуі қажеттігін айғақтайды. Яғни, студенттер реформалар туралы "бірдеңе өзгерді" деп естігенімен, бірақ сол өзгерістер өздерінің күнделікті өмірінде қандай құқық береді, қалай қолдануға болады деген сұрақтарға нақты жауап бере алмайды.

Жалпы студенттердің 30,2%-ы 2020 жылдан бері онлайн петицияларға қол қойғанын көрсетсе, 15,5%-ы eOtinish ақпараттық сервисі арқылы өтініш білдірген (Сурет 17). Бұл дерек студент жастардың белгілі бір қоғамдық мәселелерге онлайн форматта өз ұстанымдарын білдіруге ниетті екенін көрсетеді. Онлайн петициялар – белгілі бір мәселе немесе бастама төңірегінде қоғамдық қолдау жинау тәсілі болса, eOtinish сервисі жеке немесе топтық талап-арыздарды тікелей құзыретті мемлекеттік органдарға жолдауға мүмкіндік береді. Осылайша, студенттердің цифрлық құралдар арқылы саяси және азаматтық белсенділік таныту формалары біршама әртүрлі сипат алуда.




Сурет 17 - Онлайн петицияға қол қою және eOtinish сервисін пайдалану

Студенттердің жалпы 27,8%-ы сайлауға қатысқан (Сурет 18), ал оның ішінде президенттік сайлауға 11,1%, парламенттік сайлауға 9,4%, жергілікті сайлауға 7,7%, референдум бойынша сайлауға қатысқандар 0,3% құрайды. Қалған 72,2% студенттер сайлауға қатыспаған. Оның ішінде өткен сайлау кезінде 18 жасқа толмағандар 26,5% болса, ешқашан қатыспағандар 26,6% болды. Бұл сұраққа жауап беруге қиналғандар 0,4% құрайды (Кесте 18).

Келесі сайлауға қатысуды жоспарлап отырғандар 16,2% болғаны олардың болашақта саяси белсенділік танытуға әлеуеті бар екенін аңғартады. Бұл жалпылама сайлауға қатысқан респонденттер арасында мемлекеттік ЖОО студенттеріне қарағанда жеке меншік ЖОО студенттерінің үлесі жоғары екенін байқауға болады (Сурет 19). Нәтижесінде, белсенді қатысушылардың ішінде жеке меншік ЖОО студенттері басым екенін көреміз.



Сурет 18 - Жастардың сайлауға қатысуы




Сурет 19 - Жастардың сайлауға қатысуы (ЖОО статусы бойынша)

Кесте 18 - Жастардың нақты сайлау түріне қатысуы (Жалпы және ЖОО статусы бойынша)

		Жалпы %	Мемлекеттік ЖОО	Жекеменшік ЖОО
Сіз - парламенттік / президенттік / жергілікті (әкімдер) сайлауға қатысып көрдіңіз бе? Қатысқан болсаңыз, қайсысына?	Иә, парламенттік сайлауға қатыстым	9,40%	7,9%.	14,10%
	Иә, президенттік сайлауға қатыстым	13,10%	12,80%	18,20%
	Иә, жергілікті сайлауға қатыстым	7,70%	6,40%	11,80%
	Жоқ, өйткені мен 18 жасқа толмаған едім	26,50%	37,20%	26,60%
	Жоқ, бірақ келесі сайлауға қатысуды жоспарлап отырмын	16,20%	19,90%	18,90%
	Жоқ, ешқашан	26,60%	33,10%	30,60%
	Басқа: Референдумға қатыстым	0,30%	0,40%	0,40%
	Жауап беруге қиналамын	0,10%	0,40%	0,00%


Сонымен қатар, 2015 жылғы президенттік сайлауға қатысқан барлық азаматтардың ішіндегі 18-29 жас аралығындағы жастардың үлесі 25,7% болғанын ескерсек, бүгінгі көрсеткішпен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріс байқалмайды, яғни жастардың саяси қатысуында тұрақты пассивтілік сақталып отыр («Стратегия» әлеуметтік-саяси зерттеулер орталығы жүргізген Exit-poll мәліметінше) [64].

“Сіз соңғы 5 жыл ішінде қандай да бір саяси шараларға (мысалы, митингтер, ереуілдер, демонстрациялар және т.б.) қатыстыңыз ба?” деген сұраққа 44% респондент “бұндай оқиғаларды жаңалықтардан бақылап отырамын” деп жауап берген. Яғни, бұл олардың саяси оқиғалардан әр түрлі ақпарат алу көздерінен бақылап отыратындығын көрсетеді. Ал белсенді қатысушылар үлесі 7,8%, бақылаушылар үлесі 6%, ал болашақта қатысуды жоспарлайтын респонденттер 11,4% және мүлдем қатысуды жоспарламайтындар 30,4% құрайды (Сурет 20). Бұл Алмонд пен Верба типологиясына сәйкес, студент жастар арасында бодандық саяси мәдениет типінің элементтері сақталғанын көрсетеді. Студент жастардың басым көпшілігі тікелей саяси қатысудан гөрі, саяси оқиғаларды онлайн бақылаумен шектеледі. Тәуекелге бармай, митингтер, ереуілдер мен демонстрацияларға тікелей қатыспауы ішкі қорқыныштың, институционалдық сенімнің төмендігінің, саяси қатысудың қауіпсіз арналарын таңдауға ұмтылатынын білдіреді. Бұл үрдіс авторлық концепцияда негізделген гибридті модельді дәлелдейді. Яғни, бодандық элементтер мен цифрлық белсенділіктің қатар өмір сүретінін, және саяси мәдениеттің жаңа трансформациялық формасы қалыптасып жатқанын көрсетеді.




Сурет 20 - Соңғы 5 жылда қатысқан саяси іс-шаралар (мысалы, митингтер, ереуілдер, демонстрациялар және т.б.)

Саяси қатысумен қатар жүретін азаматтық қатысуды зерттеу мақсатында “Сіз соңғы 5 жылда қандай да бір қоғамдық маңызы бар іс-шараларға (мысалы, экологиялық, спорттық, волонтерлік, қайырымдылық және т.б.) қатыстыңыз ба?” деген сұрақ қойдық. 44% ешқандай іс-шараға қатыспаған болса, 23,7% қайырымдылық акцияларға, 16,8% экологиялық акцияларға, 19,5% спорттық іс-шараларға және 29,8% волонтерлік акцияларға қатысқан. Қалған 0,2% жауап беруге қиналатынын айтқан (Сурет 21).



Сурет 21 - Соңғы 5 жылда қатысқан қоғамдық іс-шаралар (мысалы, экологиялық, спорттық, волонтерлік, қайырымдылық және т.б.)



Сурет 22 - Соңғы 5 жылда қатысқан қоғамдық іс-шаралар (мысалы, экологиялық, спорттық, волонтерлік, қайырымдылық және т.б.) (ЖОО статусы бойынша)

Сурет 23 бойынша, ЖОО статусымен салыстырсақ, мемлекеттік университеттің студенттері жеке меншік ЖОО студенттеріне қарағанда белсендірек екені байқалады. Бұл мемлекеттік ЖОО-ларда қоғамдық-әлеуметтік бағыттағы іс-шаралар жиі ұйымдастырылғандықтан, студенттерді патриоттық, азаматтық жауапкершілікке баулу жұмыстары жүйелі жүргізілгендіктен болуы мүмкін. Алайда, айырмашылық 0,4%-дан 1,8%-ға дейін құрайды.

Респонденттердің жартысынан көбі саяси партиялардың және ұйымдардың, клубтардың, қоғамдардың мүшесі еместігін айтады. Бар жоғы 3,7% респондент саяси партияның мүшесі екенін, ал 19,9%-ы белгілі бір ұйымдардың мүшесі екендігін байқауға болады. Ал қазіргі уақытта мүше болуды жоспарлап жүргендердің үлесі 16,2% және 10,5% құрайды (Сурет 23). Бұл студенттердің саяси қатысудан азаматтық қатысуы жоғарырақ екендігін білдіреді.




Сурет 23 - Саяси партия және қоғамдық ұйымдарға мүшелік

Студенттердің 65,7%-ы саяси ақпаратты интернет ресурстар (Google/Yandex, сайт, форумдар) және 53,6%-ы арқылы әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы алатыны анықталды. Егер интернет ресурстарды пайдаланатын болса, олар саяси ақпаратты мақсатты және ерікті түрде іздейтінін білдіреді. Бұл олардың саяси ақпаратқа қызығушылығы артқанын байқауға болады. Одан кейін теледидар (21,8%), достар мен таныстар (18,8%), ата-ана мен жақын туыстардан (14,9%) алады. Сурет 24 бойынша жауаптар жиынтығы 100%-ға тең емес, себебі респонденттер 3 жауапқа дейін таңдау жасаған.

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының 2013 жылғы жүргізген зерттеуіне сәйкес, саяси жаңалықтарды 18-23 жас аралығындағы азаматтардың 76%-ы теледидардан, 32%-ы интернет сайттардан, 25%-ы форумдар мен әлеуметтік желілерден, 15%-ы газеттен, 10%-ы достарымен талқылау арқылы және 3%-ы радиодан алатындығы анықталған [66].

Зерттеу нәтижелерін «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының 2013 жылғы деректерімен салыстырғанда, жастардың саяси ақпаратты қабылдау арналары айтарлықтай өзгергенін байқауға болады. Егер 2013 жылы жастардың басым бөлігі (76%) саяси жаңалықтарды теледидардан алса, қазіргі зерттеу нәтижесі бұл көрсеткіштің 21,8%-ға дейін төмендегенін көрсетті. Керісінше, интернет ресурстар мен әлеуметтік желілердің рөлі бірнеше есеге артып, жастардың негізгі ақпарат көздеріне айналды (65,7% және 53,6%). Бұл үрдіс жастардың саяси ақпаратты пассивті түрде қабылдаудан мақсатты әрі ерікті түрде іздеуге көшкенін білдіреді. Сонымен қатар бейресми ортадан алынатын ақпараттың үлесі де өскен. Достар мен таныстар арқылы ақпарат алу көрсеткіші 18,8%-ға жетіп, ата-ана мен жақын туыстардан саяси ақпарат алатындар 14,9%-ды құрады. Мұндай өзгеріс жастардың саяси ақпаратты тек ресми дереккөздерден ғана емес, әлеуметтік ортамен өзара байланыста қабылдайтынын көрсетеді. Газеттер мен радиодан ақпарат алу деңгейі айтарлықтай төмендеген. Бұрынғы жылдары жастардың бір бөлігі үшін маңызды рөл атқарған бұл арналары қазір маргиналды деңгейде қалып отыр.

Жалпы алғанда, аталған салыстыру жастардың саяси мәдениетінде үш негізгі өзгерісті айқындайды. Атап айтқанда, дәстүрлі БАҚ-тан цифрлық ортаға көшу; саяси ақпаратты тұтынудың сипатының өзгеруі (пассивті қабылдаудан саналы ізденіске көшу); бейресми ортадағы ақпарат алмасудың артуы. Бұл өзгерістер жастардың саяси мәдениетінде жаңа сапалық кезеңнің қалыптасқанын көрсетеді.



Сурет 24 - Жастардың саяси ақпаратты алу көздері


Жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуінің замануи факторларының бірі - ақпараттық кеңістік екендігін Әуелғазина Т.Қ. (2007) баяндайды [56]. Бұл тұжырым жастардың саяси мәдениетіндегі ақпарат алу арналарының рөлімен үндеседі. Мәселен, «Қазақстан жастары» 2022 жылғы баяндамасында көрсетілгендей, жалпы жастардың 60,3%-ы әлеуметтік желілер, блогтар мен мессенджерлер арқылы саяси ақпаратты алады екен. Ал олардың көп бөлігі Whatsapp, Instagram, Youtube, TikTok қосымшаларын атаса, жартысынан аз бөлігі Telegram, ВКонтакте және Facebook желісін қолданатынын айтқан.

Біздің сауалнамадағы “Саясат туралы ақпарат/жаңалықтарды қандай әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы аласыз?” деген сұраққа респонденттердің 81,7%-ы Instagram, 63,4%-ы Tiktok, 27% YouTube, 20,1% Telegram желісін белгілеп жауап берген. Одан кейін Whatsapp (12,6%), Facebook (9,8%), X (Twitter) (4,6) желілері таңдалған (Сурет 25). Яғни, бұл желілер студент жастары арасында танымалдылығы аз деген тұжырым жасауға болады.

2022 жылғы жалпы 14-29 жас аралығындағы жастар саяси ақпаратты көбіне Whatsapp, Instagram, Youtube, TikTok желілерінен алса, 18-23 жас аралығындағы студент жастар Instagram, Tiktok, YouTube, Telegram желілерінен алатындығы анықталды. Әлеуметтік желіде саяси ақпаратты мақсатты түрде іздемесе де, БАҚ парақшалары арқылы қолданушының басты бетіне шығып тұрады.


АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің сайлауалды аггитация жүргізу барысында жастардың қолдауын көбірек алу үшін TikTok желісін тиімді пайдаланған. Нәтижесінде, демократтарға қарағанда жастардың дауысын жинауда басып озды.

Қазақстан контекстінде де бұл тәжірибені назарға алу маңызды екенін ескеру қажет. Себебі сауалнама нәтижесінде жастардың көпшілігі саяси ақпаратты Instagram мен TikTok арқылы алатыны белгілі болды. Сондықтан саяси партиялар мен сайлауға түсуді көздейтін үміткерлерге жастар дауысына ие болу үшін дәл осы екі платформаны белсенді әрі креативті түрде пайдалану ұсынылады.




Сурет 25 - Саяси ақпаратты алатын әлеуметтік желілер

Жастардың онлайн кеңістіктегі саяси белсенділік деңгейін анықтау мақсатында сауалнамада келесі сұрақ қойылды: «Сіз әлеуметтік желілерден саяси ақпарат алған кезде оны басқа адамдармен талқылайсыз ба, пікір жазасыз ба немесе тек оқисыз ба?» Бұл сұрақ респонденттердің саяси ақпаратқа қатысты әрекет ету формаларын – яғни талқылау, пікір білдіру немесе пассивті қабылдау екендігін айқындауға бағытталды. Жалпы басқалармен талқылайтындардың үлесі 36,8%-ды құраса, ақпаратпен бөлісетіндер 25,9% және пікір жазатындар 7,8% құрады. Ал ақпаратты тек оқып, саяси жаңалықтарды қадағалап отыратындар үлесі көбірек, 40% болды. Саясат туралы ақпаратқа қызықпайтындар мен жауап беруге қиналатын респонденттердің үлесі сәйкесінше 10,7% және 8% құрайды. Осы нәтижелерді жоғары оқу орнындарының статусына қарай талдасақ, жеке меншік университеттердің студенттері айтарлықтай белсенді екенін байқауға болады (Сурет 26).



Сурет 26 - Респонденттердің саяси ақпаратқа қатысты әрекет ету формалары

Жастар үшін ақпаратты тұтыну барысында оның қауіптерін де ескеру қажет. Жастардың онлайн белсенділікке көшуі, ақпарат алу көзінің өзгеруі шынайы ақпаратты жалған ақпараттан ажырата білуінің маңызын көрсетеді. Себебі, онлайн кеңістікте “ақпараттық соғыс” ұғымы бар. Сол арқылы пропаганда жүргізіп, халықтың ойын өзгертуге болады. Азаматтар дер кезінде ақпараттың шынайылығына қол жеткізсе, бұндай қауіптер азаятын еді. Осы мақсатта жастардың ақпаратты қаншалықты тексеретіндігін анықтау үшін “Сіз әлеуметтік желілер мен интернет порталдардағы жаңалықтардың дәлдігін қаншалықты жиі тексересіз?” деген сұрақ қойдық (Сурет 27).



Сурет 27 - Әлеуметтік желілер мен интернет порталдардағы жаңалықтардың дәлдігін тексеру жиілігі

Сурет 27 сәйкес, жастардың саяси ақпараттың шынайылығын тексеру дағдыларының әркелкі деңгейде екені байқалады. Көпшілігі (43,5%) ақпаратты кейде ғана тексеретінін көрсетсе, үнемі тексеретіндердің үлесі (21,8%) салыстырмалы түрде төмен. Бұл жастардың едәуір бөлігі саяси ақпаратты сүзгіден өткізбей қабылдауы мүмкін екенін аңғартады. Ал сирек (20,1%) немесе

мүлде (7,8%) тексермейтіндердің бар болуы ақпараттық сауаттылық деңгейінің әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл жағдай жастар арасында жалған ақпараттың таралуына бейімділікті арттырып, олардың саяси көзқарастары мен қатысу формаларына әсер етуі ықтимал. Сондықтан ақпаратты тексеру мәдениетін қалыптастыру – саяси мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Ақпараттың шынайылығын тексеру тәсілдеріне тоқталсақ, студенттік жастардың басым бөлігі (51,9%) әртүрлі дереккөздерді салыстырып, талдау арқылы ақпараттың дұрыстығына көз жеткізуге тырысады. Ал 40,1% сенімді деп танылған бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтеріне сүйенетінін білдірген. Сонымен қатар, 21,8% респондент арнайы ақпараттың шынайылығын тексеру сайттарын қолданатынын атап өтті (Сурет 28).




Сурет 28 - Ақпараттың шынайылығын тексеру тәсілдері

Қызығы, "ешқашан тексермеймін" деген респонденттердің үлесі "сарапшылардың пікіріне сүйенемін" деп жауап бергендерден жоғары болып шықты. Бұл жастар арасында ақпаратты сарапшылар көзқарасы арқылы тексеру әлі де кеңінен таралмағанын көрсетеді. Алайда, сарапшылардың пікіріне сүйеніп, нақты сарапшылардың атын атаған студенттер де баршылық.

Жастардың ішінде жалпы 85 жарамды жауап жиналып, қалғандары ешқандай сарапшыны білмейтінін жазған. Алайда оның ішінде саясаттанушы, саясаткер сарапшылардан бөлек тәуелсіз БАҚ өкілдері, шетелдік эксперттер, саясатқа қатысы жоқ эксперттер мен мүлдем таныс емес адамдардың есімдері болды. Сапалы талдау жасай келе, ең көп аталған 5 саясаттағы эксперт таңдалып алынды. Ең көп аталғаны Досым Сәтпаев (90 рет), Айдос Сарым (23 рет), Талғат Мамырайымов (12 рет), Толғанай Үмбеталиева (10 рет), Данияр Әшімбаев (5 рет) және Данияр Мурат (5 рет) болды (Сурет 29). Данияр Мурат, “Jurttyn balasy” никнеймымен YouTube-та ішкі және сыртқы саяси жаңалықтарға шолу жасап, астарлы әзіл қосып, жеке аналитикалық көзқарасымен бөліседі.

Эксперттердің арасында ең көп аталған Досым Сәтпаев Қазақстандағы саяси оқиғаларға сыни әрі ашық пікір білдіретін тәуелсіз саясаттанушылардың бірі. Жастар үшін шынайылық пен батылдық әрқашан сенім ұялатады. Жастар оның эксперттік ойына қызығушылық танытуының тағы бір себебі-ол күрделі

саяси жағдайларды жеңіл әрі түсінікті етіп жеткізеді. Әлеуметтік желілерде белсенділік танытып, YouTube арналарда көптеген подкасттары мен интервьюлары, оның үстіне жастар жөнінде бірнеше еңбектері де бар.



Сурет 29 - Жастар арасында жиі аталған сарапшылардың жиілік көрсеткіші

Сонымен қатар, төрт реттен аталғандар қатарында Гүлмира Илеуова (әлеуметтанушы), Дәулет Мұқаев (жас Мәжіліс депутаты) және «Лодырь Датчанин» лақапатымен белгілі TikTok авторы болды. Бұл тұлғалар да жастар аудиториясына танымал екендігін байқатады және олардың әрқайсысы саяси ақпаратты таратуда өзіндік платформа мен тәсіл қолданады. Қалған сарапшылар мен белсенділердің есімдері Қосымша В кестесінде көрсетілген (Қосымша В).

Студенттік жастардың саяси институттарға деген сенім деңгейі әртүрлі сипатқа ие (Кесте 19). Дегенмен, Үкіметке (30,6%), Парламентке (29,8%), жергілікті басқару органдарына (29,1%) және әсіресе саяси партияларға (28,4%) деген сенім көрсеткіштері салыстырмалы түрде төмен болып отыр. Бұл жастар арасында аталған институттарға толық сенімсіздік емес, керісінше, белгілі бір күмән мен күту бар екенін аңғартады. Басқаша айтқанда, жастардың елеулі бөлігі партиялар мен өкілді органдарды өз мүдделерін шешім қабылдау процесінде жеткілікті деңгейде қорғайтын құрылым ретінде қабылдамайды. Мұндай институционалды сенімнің әлсіздігі жастардың саяси мәдениетінде сенім дағдарысының бар екенін айқындайды. Партиялардың жастар мәселелерін бағдарламалық деңгейде елемеуі және сайлауалды науқандарда нақты шешімдер ұсынбауы бұл тенденцияны күшейтіп отыр. Соның салдарынан жастар дәстүрлі саяси қатысу формаларынан алыстап, әлеуметтік желілердегі белсенділікке немесе бейресми наразылық формаларына көбірек тартылуда.

Сенім деңгейі бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ең жоғары көрсеткішке ие болды: жастардың 19%-ы сенетінін, 21,5%-ы толықтай сенетінін мәлімдеген. Бұл жеке тұлға – Президенттің имиджі мен қоғамдық қабылдануы саяси институттармен салыстырғанда жоғары екенін білдіреді. Президентке деген сенім жеке көшбасшылық факторымен, сондай-ақ жүргізіліп жатқан реформалармен байланысты болуы мүмкін.

Сондай-ақ ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті де жастар арасында жоғары сенімге ие институт ретінде көрініс тапты (сенемін – 18,7%, толықтай сенемін – 15,3%). Бұл көрсеткіштер қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелерінің жастар үшін маңыздылығын білдіреді.

Кесте 19 - Жастардың саяси институттарға сенім деңгейі

	мүлдем сенбеймін	өте аз сенемін	нейтралды	сенемін	толықтай сенемін
Президент Қ.К.Тоқаев	11,2%	15,3%	33,0%	19,0%	21,5%
Үкімет	13,7%	22,6%	33,2%	17,6%	13,0%
Парламент (Мәжіліс, Сенат)	14,2%	21,7%	34,3%	16,3%	13,5%
Жергілікті басқару органдары (мәслихат, әкімдік)	15,8%	22,4%	32,7%	17,4%	11,7%
Саяси партиялар	15,6%	21,7%	34,3%	16,9%	11,5%
Сот жүйесі	14,4%	21,0%	34,8%	17,4%	12,4%
ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті	12,3%	20,6%	33,2%	18,7%	15,3%
ҚР Әскері	14,6%	20,6%	31,8%	17,9%	15,1%
Полиция	17,1%	21,8%	32,0%	15,1%	14,0%

Мүлдем сенбейтін саяси институт ретінде полиция (17,1%) мен жергілікті басқару органдары (мәслихаттар мен әкімдіктер) 15,8% анықталған. Ал өте аз сенім білдірілген институттардың қатарында Үкімет 22,6% және жергілікті басқару органдары (мәслихаттар мен әкімдіктер) 22,4%. Бұл көрсеткіштер жастар арасында саяси институттарға деген сенімнің айтарлықтай әркелкі екенін көрсетеді.

Алматы қаласының азаматтары қоғамдық белсенділік танытып, жергілікті билікпен байланыс орнатуға тырысқанымен, әкімдіктің жабық әрі бюрократиялық сипаты олардың сеніміне кері әсер етуде. Әкімдік құрылымындағы әлсіз коммуникация мен шешім қабылдау процесіне азаматтардың шектеулі қатысуы жастардың саяси жүйеге деген сенімсіздігін күшейтеді. Бұл жағдай жастардың билікке деген сенім деңгейінің төмен болуына себепші негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Қазақстандағы жастардың саяси институттарға төмен сенімінің себептері көпқырлы және өзара байланысты. Біріншіден, институционалды деңгейде шынайы саяси бәсекелестіктің шектелуі, партиялардың идеологиялық айқын бейнесінің болмауы және олардың көбіне формалды сипатта әрекет етуі

сенімсіздіктің басты негізін құрайды. Екіншіден, әлеуметтік тұрғыдан жастардың арасындағы білім беру сапасы, жұмыспен қамту, тұрғын үйге қолжетімділік сияқты негізгі проблемалары жеткілікті дәрежеде шешілмей, саяси институттардың олардың мүддесіне жауап бермейтіндігі байқалады. Үшіншіден, цифрлық коммуникация дәуірінде жастар ресми институттардан гөрі әлеуметтік желілер мен тәуелсіз ақпарат көздеріне сүйеніп, саяси институттарды сенімді ақпарат көзі ретінде қабылдамайды. Төртіншіден, саяси қудалаулар, азаматтық белсенділер мен жастар арасынан шыққан оппозициялық көзқарастағы тұлғалардың қамауға алынуы немесе қысымға ұшырауы, сондай-ақ 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы тәрізді тарихи-саяси факторлар жастардың институционалды саясатқа деген күмәнін күшейтті. Демек, саяси институттарға деген сенімсіздік жастардың саяси мәдениетінің қалыптасуына да ықпал етіп, олардың саяси белсенділігінің дәстүрлі арналардан тыс, бейресми және цифрлық форматта көрініс табуына алып келді. Сондай-ақ, инфляция, жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік жастардың билікке деген сенімін төмендетіп, саясатқа сын көзбен қарауына әсер етеді. Бұл саяси мәдениеттегі “сенім дағдарысын” көрсететін индикатор ретінде қарастырылады.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, студенттердің 30,2%-ы соңғы жылдары онлайн петицияларға қол қойған, ал 15,5%-ы eOtinish платформасы арқылы өтініш білдірген. Бұл дерек жастардың қоғамдық және саяси мәселелерге енжар қарамай, өз пікірін цифрлық кеңістікте білдіруге ұмтылатынын аңғартады. Онлайн петициялар мен eOtinish сияқты платформалар азаматтардың билік органдарымен жаңа форматта байланыс орнатуына мүмкіндік беріп отыр. Демек, жастардың саяси белсенділігі офлайн ортадан онлайн кеңістікке ауысып, Loader мен Mercea (2011) атап өткен цифрлық азаматтық мәдениеттің қалыптасу үрдісін байқатады [25].

Зерттеу нәтижелері Алматы қаласындағы студент жастардың саяси мәдениетінде бірқатар маңызды өзгерістердің жүріп жатқанын көрсетті. Ең алдымен, саяси қатысу формалары түрленіп келеді: жастар дәстүрлі митинг немесе сайлау сияқты офлайн іс-шараларға қарағанда, онлайн петицияға қол қою, пікір қалдыру, әлеуметтік желілерде ақпарат тарату секілді тәсілдерді жиірек қолданады. Сонымен қатар, студенттердің саяси қызығушылығының артқанын сауалнамаға қатысқандардың 73,2%-ы саяси жаңалықтарды тұрақты түрде қадағалап отыратынан байқауға болады. Бұған қоса, ақпарат алу арналары да айтарлықтай өзгергенін жастардың бұрынғыдай теледидар немесе баспасөзге емес, көбіне әлеуметтік желілер мен интернет-платформаларға жүгінетінінен байқауға болады. Алайда, ресми саяси процестерге қатысу деңгейі төмен болғанымен, жастардың онлайн белсенділігі жоғары. Бұл олардың саяси санасының артып, дәстүрлі қатысу формаларынан гөрі заманауи, жылдам және ашық коммуникацияны жөн көретінін көрсетеді.

Осы факторлардың жиынтық ықпалы жастардың саяси ұстанымдарының қалыптасу логикасын айқындайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Алматы қаласындағы студент жастардың саяси ұстанымдары институционалдық сенім деңгейінің төмендеуі, саяси партиялар мен мемлекеттік органдардың жастар

мүддесіне жеткілікті деңгейде жауап бере алмауы, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілмеуі, сонымен қатар жүргізіліп жатқан саяси реформалар мен науқандардың мазмұны мен тиімділігі әсер етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен интернет-платформалар арқылы алынатын ақпарат жастардың саяси оқиғаларды қабылдауына ықпал етіп, олардың дәстүрлі саяси процестерге қарағанда онлайн форматтағы қатысуды жиірек таңдауына себеп болады. Нәтижесінде жастардың саяси ұстанымы ресми саясатқа толықтай сенім артудан гөрі, оны бақылап, бағалап отыруға, сондай-ақ реформаларды, әлеуметтік өзгерістерді бағалай отырып өз пікірін балама жолдармен білдіруге бағытталып отыр.

3.1.4 Саяси мәдениет индикаторлары мен реформалар туралы хабардарлық арасындағы корреляциялық байланыстар

Зерттеу гипотезасына сәйкес саяси реформалар жастардың саяси қызығушылығына, дәстүрлі (конвенционалды) және дәстүрлі емес (конвенционалды емес) саяси қатысуына, онлайн белсенділігіне әсер ететінін IBM SPSS бағдарламасындағы корреляция талдауын қолдану арқылы анықтадық. Әр реформаны білу/есту бойынша жеке бағандар жасалып, олардың саяси мәдениет компонеттерімен байланысы анықталды (Кесте 20).

Кесте 20 - Корреляция талдауы: реформалар мен саяси мәдениет компонеттері арасындағы байланыс

		Саяси оқиғаларға қызығушылық	Сайлауға қатысу	Парламенттік сайлауға қатысу	Президенттік сайлауға қатысу	Жергілікті сайлауға қатысу	Митинг, ереуіл, тб. қатысу	Онлайн петицияға қол қою	eOtinish сервисін қолдану
Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру тәртібін өзгерту	Пирсон корреляциясы	,083	,114**	,148**	,001	,051	,224**	,009	,130**
	Маңызы (екіжақты)	,050	,007	,000	,984	,226	,000	,824	,002
	N	563	560	563	563	563	561	563	563
Саяси партиялар құру үшін тіркеу талабын 20 мыңнан 5 мың адамға	Пирсон корреляциясы	,046	,108*	,093*	,094*	,104*	-,006	,053	,010
	Маңызы (екіжақты)	,273	,010	,027	,026	,014	,895	,207	,804

дейін азайту	N	563	560	563	563	563	561	563	563
Әйелдер, жастар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін 30 пайыздық міндетті квота	Пирсон коррелляциясы	,119**	,077	,096*	,041	,069	,054	,096*	,122**
	Маңызы (екіжақты)	,005	,070	,023	,330	,101	,200	,022	,004
	N	563	560	563	563	563	561	563	563
2021 жылдан бастап ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу	Пирсон коррелляциясы	,090*	,010	,022	,082	,073	-,006	,082	-,039
	Маңызы (екіжақты)	,032	,807	,596	,053	,083	,895	,050	,356
	N	563	560	563	563	563	561	563	563
Саяси партиялардың Парламентке өту шегін 7%-дан 5%-ға дейін төмендету	Пирсон коррелляциясы	,060	,074	,129**	,079	,094*	,011	,019	,066
	Маңызы (екіжақты)	,155	,080	,002	,062	,026	,798	,654	,116
	N	563	560	563	563	563	561	563	563
"Барлығына қарсы" бағанын енгізу	Пирсон коррелляциясы	,051	,065	,072	,114**	-,025	,086*	,149**	,050
	Маңызы (екіжақты)	,231	,126	,089	,007	,556	,041	,000	,234
	N	563	560	563	563	563	561	563	563
Онлайн-петициялар институтын заң	Пирсон коррелляциясы	,012	-,042	-,074	,022	-,082	-,036	,086*	,024

жүзінде ресімдеу	Маңызы (екіжақты)	,777	,326	,080	,607	,053	,400	,042	,569
	N	563	560	563	563	563	561	563	563
**. Корреляция 0,01 деңгейінде маңызды (екіжақты)									
*. Корреляция 0,05 деңгейінде маңызды (екіжақты)									

1.Сайлауға қатысу процесіне (r = 0,090; p < 0,05), оның ішінде парламенттік сайлауға (r = 0,148; p = 0,000) қатысуға әсер еткен реформалардың ішіне "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру тәртібін өзгерту, ұйымдастырушылардың, қатысушылардың, бақылаушылардың құқықтары мен міндеттерінің аражігін ажырату" кіреді. Бұл реформа мен жастардың митинг, ереуілдер, демонстрацияларға қатысуы арасында оң әрі өте маңызды корреляция (r = 0,224; p < 0,01) барын және жастардың бейбіт жолмен өз пікірін білдірудің құқықтық реттелуін маңызды деп санайтынын көрсетеді. Сауалнама нәтижелері жастардың бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру тәртібіне көзқарасы мен олардың институционалдық саяси қатысу ниеті (сайлау мен парламенттік сайлау) арасында статистикалық тұрғыдан маңызды оң байланыс бар екенін көрсетті (r = 0,114 және r = 0,148; p < 0,01). Бұл жастар тек дәстүрлі сайлау формаларына ғана емес, сонымен қатар бейбіт жиналу, өз пікірін ашық білдіру құқықтарына да мән беретініне дәлел. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру тәртібін өзгерту реформасы мен eOtinish сервисін қолдану арасында оң және статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс байқалады (r = 0,130; p = 0,002). Бұл – жастардың цифрлық саяси қатысу мен азаматтық белсенділікті қолдайтынын, әрі құқықтық реттелген бейбіт жиналыстарға қатысу арқылы заңды түрде өз пікірлерін білдіруге ұмтылатынын білдіреді.

2.Саяси партиялар құру үшін тіркеу талабын жеңілдету және сайлауға қатысу (r = 0,108; p = 0,010) арасында әлсіз байланыс болғанымен, жастардың партиялық плюрализмге деген сұранысы барын байқатады. Бұл реформа парламенттік (r = 0,093; p = 0,027), президенттік (r = 0,094; p = 0,026) және жергілікті (r = 0,104; p < 0,01) сайлаулардың барлығымен байланысын көрсетеді. Демек, бұл сайлау процесіне қызығушылықты арттыруы мүмкін, себебі нақты балама болған жағдайда ғана саяси қатысуға мотивация күшейеді. Бұл реформаны президент Қ.К.Тоқаев бастапқыда осы мақсатты көздей отырып қабылдаған болатын. Осы талдау арқылы жастарға және олардың саяси қатысуына әлсіз болса да, оң әсер еткенін байқай аламыз. Реформалар ұзақ мерзімді перспективада жасалатынын әрі нәтижесі бірден емес, уақыт талап ететінін ескеру қажет.

3."Партиялық сайлау тізімінде әйелдер, жастар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін 30 пайыздық міндетті квотаның енгізілуі" жастардың саяси қызығушылығына әсер еткен реформа ретінде (r=0,119; p < 0,01) анықталды. Бұл жастардың саяси процестерге белсенді қызығушылығы олардың теңдік пен

өкілділікке негізделген реформаларды қолдау ықтималдығын арттыратынын білдіреді. Сондай-ақ, парламенттік сайлауға қатысу (r=0,096; p < 0,05), онлайн петицияға қол қою (r=0,096; p < 0,05) мен eOtinish сервисін қолдану (r=0,122; p < 0,05) арасында корреляция бары анықталды. Корреляция коэффициенттері әлсіз болса да, бірізді оң белгілері жастар арасында “мен сияқты топтардың саясатта көрінуі” маңызды мотивациялық факторға айналып келе жатқанын аңғартады.

4.“2021 жылдан бастап ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу” (r = 0,090; p < 0,05) реформасы жастардың саяси оқиғаларға қызығушылығымен байланыс бары байқалады. Нәтижесінде, жастар арасында жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы өзгерістерге оң көзқарас немесе хабардарлық деңгейінің сәл де болса жоғары екенін көрсетеді. Жергілікті өзін-өзі басқару реформаларының әсері көбіне ауылдық/аймақтық контекстпен байланысты болғандықтан, урбандық студенттік үлгіде байланыс шектеулі көрінеді.

5.“Саяси партиялардың Парламентке өту шегін 7%-дан 5%-ға дейін төмендету” парламенттік (r = 0,129; p < 0,05) және жергілікті (r = 0,094; p < 0,05) сайлау арасында байланыс барын көрсетеді. Бұл жастардың парламенттік және жергілікті сайлауларда балама партиялардың болуын маңызды деп санайтынын және Парламенттегі әртүрлілікті қолдайтынын көрсетеді. Яғни, бұл реформа жастардың саяси қатысуын ынталандырып, қатысуға мотивациясын арттыруда.

6."Барлығына қарсы" бағанын енгізу туралы реформа сәйкесінше президентік сайлауға қатысумен (r = 0,114; p < 0,01) оң байланысты көрсетеді. Реформаның мақсаты – азаматтардың сайлауға қатысуын және дауыс беру белсенділігін арттыру, сондай-ақ азаматтардың сайлауда нақты таңдау жасамай, тек өз наразылығын білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Бұл көрсеткіштен, "Барлығына қарсы" бағанын енгізу реформасы жастардың президенттік сайлауға қатысуын ынталандырғанын көруге болады. Митинг, ереуілдерге қатысу мен "Барлығына қарсы" бағанын енгізу арасындағы байланыс әлсіз, бірақ статистикалық тұрғыдан маңызды (r = 0,086; p = 0,041), ал онлайн петицияға қол қою мен "Барлығына қарсы" бағанын енгізу арасындағы байланыс статистикалық тұрғыдан өте маңызды (r = 0,149; p = 0,000) болып табылады. Бұл реформаның мәні – жүйені толықтай қолдамайтын, бірақ саяси процеске “іштен” қатысқысы келетін жастар үшін институционалдық протест формасын ұсыну. Корреляциялық байланыстардың өзі “протестік көңіл күй” офлайн (митинг) және онлайн (“барлығына қарсы”, петиция) арналарда қатар көрінетін гибридті қатысу моделін көрсетеді.

7.Бастапқы гипотезаға сәйкес, онлайн-петициялар институтын заң жүзінде ресімдеу реформасы онлайн петицияға қол қою арасындағы байланыс статистикалық тұрғыдан маңызды (r = 0,086; p = 0,042) мәнге ие болып отыр. Эффект әлсіз болғанымен, статистикалық мәнділігі жастардың бұл реформаны цифрлық саяси қатысудың легитимді каналы ретінде қабылдайтынын білдіреді. Яғни, құқықтық регламенттеу онлайн белсенділікті «бейресми наразылықтан» заңды азаматтық қатысу формасына біртіндеп ауыстыруға ықпал етуде.

Сондай-ақ, реформалардан бөлек жастардың цифрлық саяси қатысуына қатысты тағы бір маңызды корреляциялық байланыс “онлайн петицияларға қол қою” мен “eOtinish сервисін пайдалану” арасында анықталды (Кесте 21).

Кесте 21 - Онлайн петицияларға қол қою мен eOtinish сервисін пайдалану арасындағы корреляция

		eOtinish сервисін қолдану
Онлайн петицияға қол қою	Пирсон корреляциясы	,318**
	Маңызы (екіжақты)	,000
	N	563
**. Корреляция 0,01 деңгейінде маңызды (екіжақты)		
*. Корреляция 0,05 деңгейінде маңызды (екіжақты)		

Онлайн петицияға қол қою мен eOtinish сервисін пайдалану арасындағы Pearson коэффициенті r = 0,318 (p < 0,01) деңгейінде, яғни орташа күшті байланыс бар. Бұл цифрлық саяси мәдениеттің маңызды белгісі: студенттердің бір бөлігі цифрлық кеңістіктегі азаматтық белсенділікті эпизодтық немесе бір реттік әрекет ретінде емес, өзара байланысты бірнеше құрал арқылы жүзеге асырады. Петицияға қол қойған жастардың едәуір бөлігі ресми электрондық өтініш жүйесін де қолданатыны, цифрлық режимдегі “гибридті қатысу стилін” қалыптастырғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, корреляция коэффициенттері негізінен әлсіз (0,08–0,31 диапазонында), бірақ бірізді түрде оң бағытта және гипотеза күткен жаққа қарай бағытталған. Бұл реформалардың жастардың саяси мәдениетінің әртүрлі компоненттерімен (қызығушылық, сайлаулар мен митингтерге қатысу, онлайн петициялар, eOtinish) статистикалық тұрғыдан байланысты екенін көрсетеді, алайда себеп-салдарлық қатынасты түпкілікті дәлелдей алмайды. Реформалар жастардың саяси мәдениет трансформациясымен статистикалық тұрғыдан байланысты және гибридті-цифрлық саяси мәдениеттің қалыптасуын жанама түрде қолдайды.

3.2 Алматы жастарының саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшелігі

3.2.1 Сараптамалық сауалнама әдістемесі: эксперттерді таңдау және сапалық талдау тәсілдері

Алматы жастарының саяси мәдениетінің трансформациялану ерекшеліктерін айқындау мақсатында сапалық зерттеу жүргізіліп, негізгі әдіс ретінде сараптамалық (эксперттік) сауалнама алынды. Сауалнама 6 ашық және 7 жабық сұрақтан тұрады. Сараптамалық сауалнамаға барлығы 13 эксперт кері байланысқа шығып, жауап беруге келісті. Эксперттер - қызмет ету саласы,

тәжірибесі, олардың “жастардың саяси мәдениеті” төңірегіндегі зерттеу жұмыстары негізге алына отырып таңдалды.

Респонденттердің арасында ғылыми-зерттеу саласында 6, білім беру саласында 6 эксперт жұмыс жасаса, 1 эксперт жастар бойынша қоғамдық ұйымда қызмет атқарады. Академиялық этикаға сай сауалнама анонимді сипатта болғандықтан, сарапшылардың пікірлері диссертациялық жұмыста құпиялылықты сақтау мақсатында “№1 эксперт”, “№2 эксперт” және т.б. түрінде берілді. Мұндай тәсіл сарапшылардың еркін пікір білдіруіне жағдай жасап, зерттеу нәтижелерінің объективтілігіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, ғылыми қызығушылық туындап, сарапшылардың нақты тізімімен танысу қажеттілігі туған жағдайда, этикалық нормаларды сақтай отырып, тек ғылыми жетекшінің немесе диссертациялық кеңестің ресми сұрауы негізінде жеке түрде таныстыру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл қадам деректердің құпиялығын қамтамасыз етіп қана қоймай, зерттеу процесінің академиялық ашықтығын да қамтамасыз етеді.

Сауалнаманың жабық, оның ішінде шкалалық сұрақтары статистикалық және жиілік талдау әдістері арқылы өңделсе, ашық сұрақтары мазмұндық талдау (контент-анализ), тематикалық сараптау арқылы өңделді. Сонымен қатар, әр сарапшының пікірін нақты көрсету арқылы дәйексөзге негізделген сапалық талдау жүргізілді. Сараптамалық сауалнама жүргізуге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жергілікті этикалық комитеті тарапынан рұқсат берілді (№ IRB-A1546). Барлық деректер Google Drive және Excel файлында жинақталып, компьютердің жергілікті дискінде сақтаулы тұрады.

Эксперттердің қызмет ету саласы мен кәсіби тәжірибесіне талдау жасау олардың пікірлерінің мазмұндылығын және зерттеу тақырыбына қатысты сараптамалық тереңдігін айқындауға мүмкіндік береді. Сарапшылардың көпшілігі әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылыми және практикалық қызметте ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келеді. Атап айтқанда, №2, №7 және №12 эксперт – ғылыми-зерттеу саласында 15 жылдан аса уақыт қызмет етіп келе жатқан жоғары білікті мамандар. Ал №1, №3 және №10 эксперт – осы салада 10-15 жыл аралығында тәжірибесі бар кәсіби зерттеушілер.

№4, №8 және №11эксперт – 15 жылдан аса еңбек өтілі бар, білім беру саласының тәжірибелі өкілдері. Эксперт №5, №6 және №13 – білім беру жүйесінде 10–15 жыл көлемінде қызмет атқарып жүрген мамандар қатарында.

№9 эксперт – қоғамдық ұйым саласында жұмыс істейтін, 1–5 жыл аралығында кәсіби тәжірибесі бар жас маман. Оның пікірі азаматтық қоғам мен жастар ұйымдарының қазіргі жағдайын түсінуге сеп болады.

3.2.2 Жастардың саяси мәдениетінің ерекшеліктері: сарапшылар көзқарастары мен бағалары

Қазіргі жастардың саяси мәдениетінің ерекшелігін нақтылау үшін сарапшыларға “Сіздің ойыңызша, қазіргі Қазақстан жастарының саяси мәдениеті мен алдыңғы буындардың саяси мәдениетінің басты айырмашылықтары қандай?” деген ашық сұрақ қойдық.

Сарапшылардың көпшілігі алдыңғы ересек буынның саяси мәдениеті кеңестік жүйенің әсерінен дәстүрлі, сақ және институционалды сипатта болса,

кейінгі жастар білімді, сыни ойлай алатын, еркін, әлемге ашық тәуелсіз елдің ұрпақтары болғанымен ерекшеленетінін айтады. Әсіресе, глобализацияның әсерінен қазіргі жастардың саяси мәдениеті цифрландырылған, интернет пен әлеуметтік желіні пайдалануға мүмкіндігі болғандықтан саяси ақпаратқа қол жетімділігі жоғары деп пайымдайды.

№3 эксперт пайымдауынша: “Қазіргі жастардың саясатқа актор ретінде қатысу мүмкіндігі әлдеқайда жоғары. Бұл саяси институттар санының артуымен байланысты – жастар қанаттары бар саяси партиялар көбейді, қоғамдық кеңестер пайда болды, электронды петициялар тетігі әзірленді. Дегенмен, жастардың саясатқа қызығушылық деңгейі шамамен бұрынғы буынмен бірдей. Мемлекеттік және әкімшілік лауазымдарда жұмыс істеу белсенділігі де ұқсас деңгейде”.

№4 эксперт қазіргі жастардың саяси сауаттылығының төмендігін атап өтсе, №10 эксперт бүгінгі жастардың саясатқа бейжай қарайтынын, яғни саясатқа немқұрайлы екенін алға тартады. Бұл пікірлер жастардың саяси мәдениетінде белсенді қатысудан гөрі енжарлық басым екенін көрсетеді.

Сарапшылардың пікірінше, Қ.К. Тоқаевтың қабылдаған реформаларының ішінде жастардың саяси белсенділігіне ең елеулі әсер еткен өзгеріс – онлайн-петициялар институтының заңдастырылуы. Бұл реформаны 7 сарапшы қолдады. Сонымен қатар, "Барлығына қарсы" бағанының енгізілуі мен ауыл әкімдерін тікелей сайлау реформалары әрқайсысы 3 реттен аталса, қалған реформалар екі реттен таңдалған. Алайда, №1 және №7 эксперт бұл аталған реформалар ешқандай әсер етпеді десе, №11 сарапшы жеке реформа емес, саяси өзгерістердің тұжырымдамалық негізі ретінде қарастырылатын «Саяси либерализация» мен «Еститін мемлекет» идеясын жастардың белсенділігіне ықпал етуші фактор ретінде атады. Алайда, аталған реформалар осы екі концепцияның құрамына кіреді және қосымша заңнамалық өзгерістерді қамтиды.

Ал аталған реформалардың тиімділігін эксперттердің 54%-ы тиімділігі “өте төмен, нашар” деп бағаласа, 23%-ы “орташа, қанағаттанарлық” деген баға қойса, қалған 23%-ы оң баға береді:

«Институционалдық және рәсімдік деңгейде бірқатар маңызды өзгерістер орын алды, бұл алдағы уақытта нақты нәтижелерге қол жеткізуге негіз бола алады» (№3 эксперт).

«Жастардың саяси өмірге белсене араласқаның көріп, оң баға беруге болады» (№9 эксперт).

«Позитивті өзгерістер – кері байланыстың арналарының кеңеюі мен саяси хабардарлықтың артуы; ал негізгі шектеулер – формализм мен сенімнің жетіспеушілігі» (№11 эксперт).

“Соңғы жылдары Қазақстан жастарының саяси процестерге қатынасы қалай өзгерді?” деген сұраққа сарапшылар 1-ден 5-ке дейін Лайкерт шкаласы бойынша баға берді. Бұл жауаптарға статистикалық талдау жүргізілді (Кесте 22).

Кесте 22 - Статистикалық талдау

Көрсеткіш	**Мәні**
N (Респондент саны)	13
Орташа мән (Mean)	3.31
Медиана (Median)	3
Мода (Mode)	3
Минимум	2
Максимум	5
Стандартты ауытқу	≈ 0.83

Зерттеуге барлығы 13 сарапшы қатысып, олардың бағалары негізінде жастардың саяси процестерге қатынасына қатысты орташа арифметикалық мән 3,31-ге тең болды. Бұл көрсеткіш жастардың саяси белсенділігі аздап жақсару бағытына бет алғанын білдіреді. Дегенмен, медиана мен мода мәні 3 болғандықтан, бұл – сарапшылардың басым бөлігі (6 адам) жастардың саяси қатынасы өзгермеген деген пікірде екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ең төмен баға – 2 екі рет кездессе, ең жоғары баға – 5 тек бір респондент тарапынан берілген.

Жастардың саяси процестерге қатынасын сарапшылардың 46,2%-ы өзгерген жоқ деп бағаласа, 15,4% аздап нашарлағанын, 38,5% аздап жақсарғанын және 7,7% айтарлықтай жақсарғанын айтады. Бұл деректер жастардың саяси қатынасына қатысты оптимистік көзқарас бар екенін көрсеткенімен, қоғамда бұл өзгерістің тұрақтылығына және ауқымына қатысты бірыңғай пікір қалыптаспағанын аңғартады. Өзгеріс оң бағытта жүріп жатқанымен, ол елеулі әрі кең ауқымды трансформация деңгейіне жете қойған жоқ дегенді білдіреді.

Осы тұста эксперттер жастардың саяси мәдениетінің трансформациясын қандай индикаторлар бойынша бағалайтынын анықтадық. Негізгі индикаторларды төмендегідей бөлуге болады:

1. Институционалдық қатысу: электоралдық белсенділік, яғни сайлауға қатысу, сайлауға кандидат (әкім, депутат) ретінде қатысу;
2. Институционалдық емес қатысу: протест, митинг, пикеттер мен байкоттарға қатысу;
3. Азаматтық қатысу: волонтерлік, қоғамдық іс-шараларға қатысу;
4. Онлайн белсенділік: әлеуметтік желілерде саяси мәселелерді талқылау, онлайн петицияға қол қою.
5. Саяси ақпараттану және білім деңгейі;
6. Саяси құндылықтар мен сенім;
7. Саяси қызығушылық.

Қорытындылай келе, бұл индикаторларды зерттеу арқылы жастардың саяси мәдениетінің трансформациясын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

“Қазіргі таңда Қазақстан жастарының саяси мәдениетіне ең көп әсер ететін факторлар қандай?” деген сұраққа сарапшылардың басым көпшілігі (53,8%) цифрландыру, интернет және әлеуметтік желі сияқты факторларды атап өтті. Экономикалық даму да жастардың саяси мәдениетіне әсер етуші фактор ретінде, яғни №13 эксперттің айтуы бойынша экономикалық өркендеу оң әсер етсе, “жұмыссыздық, әлеуметтік тұрақсыздық немесе болашаққа деген сенімсіздік жастардың саясатқа қызығушылығын төмендетуі мүмкін.” (№9 эксперт)

Басқа эксперттер “ақпараттандырылу”, “еркіндік, құқықтардың теңдігі, өз ойыңды еркін білдіру мүмкіндігі”, “өз күшіне деген сенімділік, елде бір нәрсені өзгерте алатынына деген сенім”, “президенттік басқару” сияқты факторларды атады.

“Алматы жастары арасында саяси қатысудың қандай түрлері ең кең таралған?” сұрағына сарапшыларға бірнеше жауап таңдау ұсынылды. Жауаптар арасында ең көп аталғаны “Әлеуметтік желідегі белсенділік” - 11 эксперт таңдаса, “Жастар ұйымдарында жұмыс істеу” (6 рет), “Протестік акцияларға қатысу” (5 рет), “Онлайн петицияға қол қою” (5 рет), “Қоғамдық қызметке қатысу” (3 рет), “Бейбіт жиындарға қатысу” (3 рет), “Сайлауларға қатысу” (2 рет) сияқты нұсқалар таңдалған. №5 эксперт қосымша “арт-активизм, аналитикалық жұмыстар, жеке пикеттер және т.б.” бейресми саяси қатысу формаларын атап өтті.

Бұл сарапшылардың пікірінше, Алматы қаласындағы жастар арасында әлеуметтік желідегі белсенділіктің кең таралғандығын білдіреді. Ең аз таралған саяси қатысу - электоралдық белсенділік екені анықталды. Жалпы, эксперттік жауапқа сүйенсек, жастар сайлауға аз қатысады екен. Бұны біздің және еліміздің сайлау бойынша статистикалық деректері де дәлелдейді. Біз жүргізген студенттік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, барлық респонденттердің 27,8%-ы ғана сайлауға қатысқан. Алматы қаласындағы ресми статистикаға сүйенсек, 2022 жылы президенттік сайлауға 28,72% [162], 2023 жылғы Парламенттік сайлау кезінде тұрғындардың 25,82%-ы дауыс берген [160]. Яғни, студенттік жастар мен жалпы Алматы тұрғындарының сайлауға қатысу көрсеткіші төмен деңгейде қалып отыр.

Келесі “Алматы жастарының қоғамдық-саяси өмірге (сайлау, митингтер, еріктілер қозғалысы және т.б.) қатысуын қалай бағалайсыз?” деген сұраққа эксперттер 1-ден 5-ке дейін, мұнда 1-өте пассивті, 2-пассивті, 3-нейтралды, 4-белсенді, 5-өте белсенді деген шкала бойынша бағалады. Нәтижелері статистикалық талдау арқылы сараланды (Кесте 23)

Кесте 23 - Статистикалық талдау

Көрсеткіш	**Мәні**
N (Респондент саны)	13

Орташа мән (Mean)	2.85
Медиана (Median)	3
Мода (Mode)	3
Минимум	1
Максимум	5
Стандартты ауытқу	≈ 0.96

Кесте 23 бойынша статистикалық талдау нәтижелеріне сүйенетін болсақ, сарапшылар Алматы қаласы жастарының қоғамдық-саяси белсенділігін орташа деңгейде бағалайтынын көрсетеді. Атап айтқанда, 13 сарапшының бағасына негізделген орташа мән 2.85-ке тең, бұл бейтарап көзқарасқа (3 балл) жақын, алайда пассивтілікке сәл бейім екенін білдіреді. Медиана және мода мәндерінің екеуі де 3 болғаны – сарапшылардың көпшілігі жастардың қоғамдық-саяси белсенділігін нейтралды деп есептейтінін дәлелдейді.

Сонымен қатар, бағалаудың ең төменгі мәні – 1 (өте пассивті), ал ең жоғары мәні – 5 (өте белсенді) болғаны сарапшылар арасында көзқарастардың біршама әртүрлі екенін аңғартады. Алайда стандартты ауытқудың 0.96 шамасында болуы сарапшылардың жауаптары орташа мәннен айтарлықтай ауытқымайтынын, яғни пікірлердің салыстырмалы түрде біркелкі екенін көрсетіп, жастардың қатысуы шамалы пассивтілікке бейім орташа деңгейде екенін пайымдайтынын аңғартады.

Сарапшылардың пікірі жастардың саяси мәдениетінде қарама-қайшылық бар екенін көрсетеді: бір жағынан, цифрлық белсенділік жоғары, екінші жағынан, формалды саяси қатысу төмен. Бұл жағдай Р.Қ. Қадыржанов сипаттаған посттоталитарлық сана ерекшеліктерімен сәйкес келеді. Ғалымның пікірінше, саяси жүйенің институционалдық реформалары қоғамда демократиялық мәдениет орнықпайынша толыққанды нәтиже бермейді [49]. Алматы жастарының тәжірибесі бұл тұжырымды дәлелдейді, яғни онлайн кеңістікте демократиялық еркіндікті меңгерген жастар ресми саяси институттарға сенімсіздікпен қарайды, ал саяси пассивтілік әлі де сақталуда.

Саяси партияларды тіркеу шегінің 7%-дан 5%-ға төмендеуі, партиялық тізімдерде және депутаттық мандатты бөлуде жастар, әйелдер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған 30% квота енгізілуі сияқты реформалардың жастардың билік өкілдігіне әсері зерттелгенімен, жастардың мемлекеттік қызметпен айналысу статистикасына сүйенсек, жалпы көрсеткіш жыл сайын тұрақты түрде төмендегенін, ал 2023 жылы екі есе артқанын байқауға болады (Кесте 23). Әрине, №3 эксперттің айтуы бойынша, институционалдық және рәсімдік өзгерістер енгізілді. Енді болашақта айтарлықтай нақты нәтижелер болатынына сенеміз, және оны бақылау үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын әлі де жүргізу маңызды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің (ҚР МҚІА) деректеріне сүйенсек, мемлекеттік қызметтегі жастардың саны (29 жасқа дейін) жыл сайын тұрақты түрде төмендеп, 2023 жылы жастардың жасы 35-ке ұлғайтылғандықтан өскенін көрсетеді.

Кесте 24 – ҚР 29 және 35 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің саны

Жыл	**Мемлекеттік қызметшілер (саны)**	**Мемлекеттік қызметшілердің нақты санының пайызы**	**Жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілердің үлесі (Алматы қаласы)**
2019*	20 504	23,00%	31%
2020*	19 107	21,60%	29,70%
2021*	15 861	19,20%	25,20%
2022*	14 990	17,90%	23,20%
2023**	29 362	35,40%	46,60%
* 29 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілер ** 35 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілер			

Дереккөз: ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігі

ҚР МҚІА 2022 жылдың бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардағы жастардың үлесі 17,9% болса, 2024 жылдың қаңтар айындағы есебіне сәйкес жас мемлекеттік қызметкерлердің саны екі есе 35,4%-ға өскен. Бұл көрсеткіш 2005 жылдан бері біртіндеп төмендеп жатқанын көрсетеді. Аталған көрсеткіштің төмендеуі жастардың табиғи түрде 29 жастан асуымен байланысты, ал 2023 жылдан бастап жастар санаты 35 жасқа дейін ұлғайтылды [114]. Жергілікті атқарушы органдардағы 35 жасқа дейінгі мемлекеттік қызметшілердің үлесі Қазақстанның барлық өңірлері бойынша да екі есе артқан, Алматы қаласы бойынша 46,6% құрайды.

Бұл өсім негізінен жас шегінің ұлғаюымен байланысты деп айтуға болады, яғни 29 жастан 35 жасқа дейін жастар санатын кеңейтудің нәтижесі. Бұл жастардың мемлекеттік қызметке қызығушылығының немесе белсенді қатысының өскенін білдірмейді. Өлшем тек жас санатына байланысты, яғни бұрын «жастар» санатына кірмеген адамдар енді осы категорияға кіргендіктен деп есептеуге болады. Алдағы жылдары бұл көрсеткіштің өсетіні немесе төмендейтіндігін бақылау арқылы жастардың мемлекеттік қызметке нақты қызығушылығы мен белсенді қатысуынның динамикасын бағалауға болады деп тұжырымдауға болады.

Ал мемлекеттік институттар жастарды тартуда қаншалықты белсенді әрі ашық екенін анықтау мақсатында сарапшыларға “Мемлекеттік институттар жастарды шешім қабылдау үдерісіне тартуда қаншалықты ашық?” (1-ден 5-ке дейін бағалаңыз, мұнда 1 – өте жабық, 2 –жабық, 3 – бейтарап, 4 – ашық, 5 – өте ашық) деген сұрақ қойдық. Бұл сұраққа эксперттердің 5-еуі, яғни 38,5%-ы “2-жабық” деп баға берген. Орташа мәннің 2.46 болуы және медиана мен

моданың 2 деңгейінде тұрақтауы – "жабық" бағасының басым екенін көрсетеді. Ең төменгі бағаның 1 (өте жабық), ал ең жоғарғысының 4 (ашық) болуы сарапшылар арасында біршама айырмашылық бар екенін аңғартқанымен, стандартты ауытқудың 0.88 болуы жауаптардың орташа мәннен айтарлықтай ауытқымағанын білдіреді. Бұл мемлекеттік институттар тарапынан жастардың шешім қабылдау процестеріне толыққанды тартылмайтынын және институционалдық ашықтықтың төмендігін көрсетеді (Кесте 25).

Кесте 25 - Статистикалық талдау

Көрсеткіш	**Мәні**
N (Респондент саны)	13
Орташа мән (Mean)	2.46
Медиана (Median)	2
Мода (Mode)	2
Минимум	1
Максимум	4
Стандартты ауытқу	≈ 0.88

Ал жастардың шешім қабылдау үдерісіне тарту деңгейі төмен болуының себептерін анықтауда сарапшылар бірнеше себептер ұсынады (Кесте 26).

Кесте 26 - Эксперттердің “Мемлекеттік органдардың жастарды шешім қабылдау процесіне тартуға ашық еместігінің басты себебі неде деп ойлайсыз?” сұрағына берген жауаптары

Эксперт	**Жауаптар**
№1	Жастардың белсенділігінің артуынан қауіптенеді
№2	Өзара сенімнің жетіспеушілігі
№3	Сайланбалы лауазымдардың саны аз
№4	Мемлекеттік қызметкерлер өздерін бәрін білеміз деп есептейді және құжаттар асығыс дайындалады
№5	Иерархия, коррупция, ашықтықтың болмауы
№6	Басшылықта шынайы түсінігі жоқ, шектеулі адамдар отыруы
№7	Авторитарлы саяси жүйе
№8	Коммуникацияның нақты әрі тиімді тетіктері жоқ
№9	Жастардың саяси мәселелерді шешу тәжірибесі жеткіліксіз

№10	Жастар мемлекеттік органдарға тек "массовка" ретінде ғана қажет
№11	Бюрократиялық ойлау, мемлекеттік аппараттың консерватизмі, мемлекеттік бағдарламаларды формалды жүзеге асыру, диалог тетіктерінің болмауы
№12	Бюрократизм
№13	Бұл саяси жүйеге байланысты деп ойлаймын

Бұл жауаптарды саяси жүйе мен мемлекеттік аппараттың басқару стилі, институционалдық және құрылымдық шектеулер, сенімсіздік пен өзара диалог тапшылығы, кәсіби даярлық пен қабілеттіліктің әлсіздігі сияқты негізгі категорияларға топтастыруға болады. Аталған факторлар жастар мен билік арасындағы өзара әрекеттестіктің әлсіздігін және диалогтың нақты механизмдерінің жоқтығын көрсетеді.

Мемлекеттік жүйе мен басқару құрылымындағы тосқауылдар жастардың ресми саяси қатысу мүмкіндіктерін шектейді, ал әлеуметтік медиа платформалары осындай шектеулерді айналып өтіп, жастарға саяси пікір білдірудің, жұмылудың және ақпарат алудың балама арнасын ұсынады.

Кесте 27 - Әлеуметтік медиа платформаларының жастардың саяси қатысуына әсер ету факторларының жиілігі

Фактор	**Қайталану саны (n)**	**Пайызы (%)**
Мобилизация (жұмылдыру)	10	76.9%
Саяси пікірталас	6	46.2%
Жастардың саяси белсенділігі	6	46.2%
Хабардарлықты арттыру	5	38.5%
Дезинформация (жалған ақпарат)	5	38.5%

*Ескерту: Бұл сұрақта респонденттерге бірнеше жауап нұсқасын бір уақытта таңдауға мүмкіндік берілді. Сондықтан көрсетілген жиіліктер респонденттер санына тең болмауы мүмкін.


Кесте 27 сәйкес, эксперттердің арасында ең жиі аталған фактор - мобилизация (76.9%), әлеуметтік желілер жастарды саяси науқандарға, митингтерге, онлайн-петицияларға жұмылдыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Саяси пікірталас пен жастардың саяси белсенділігі (әрқайсысы 46,2%) факторлары саяси ойлармен алмасу, пікірталасқа қатысу арқылы белсенділікті дамытатынын білдіреді. Ал хабардарлықты арттыру мен дезинформация (әрқайсысы 38.5%) - әлеуметтік медиа бір жағынан ақпарат көзі, екінші жағынан – жалған ақпараттың таралу арнасы екендігін білдіреді.

Студенттік сауалнама нәтижелері де бұл үрдісті дәлелдейді. Жастардың 43,5%-ы ақпаратты кейде ғана тексерсе, үнемі тексеретіндер – небәрі 21,8% құрайды. Ал сирек (20,1%) немесе мүлде (7,8%) тексермейтіндер де бар. Бұл

жастар арасындағы ақпараттық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігін және манипуляцияға бейімділікті аңғартады.

Қорыта келе, әлеуметтік медианың жастарды жұмылдыруда, олардың саяси белсенділігінің артуында, ақпараттандыру процесінде маңызды рөл атқарады. Алайда, ақпараттану барысында жалған ақпаратты шынайы ақпараттан айыра білудің маңызын ескерген жөн.

Эксперттердің ойынша, Алматы жастары саяси институттарға қаншалықты сенетінін анықтау үшін жалпы 9 институтты 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалауын сұрадық (Сурет 30).



Сурет 30 - Жастардың саяси институттарға сенімі (сарапшылардың пікірінше)

Сарапшылардың пікірінше, жастар президентке (53.9%) ең көп сенім артады. Үкімет, парламент, жергілікті органдар мен саяси партияларға жоғары сенім білдіргендер саны төмен. 1 немесе 2 баға бергендер 60%–77% аралығында, әсіресе жергілікті басқару органдарына (мәслихат, әкімдік) және саяси партияларға сенім өте төмен (1 және 2 бергендер – 77%) екені байқалады. ҚР әскеріне сенім орташа жоғары – 3 бағасы 46.2% және 4 бағасы 23.1%, Полиция, ҰҚК, сот жүйесіне сенімді біршама төмен (1–2 баға бергендер 46.2%–53.9%) бағалайды.

Бұл нәтижелер біздің сауалнама нәтижелеріне де сәйкес келеді. Себебі, жастардың арасында ең көп сенімге ие болған президент Қ.К.Тоқаев, ең аз сенім білдіретін институттар қатарында полиция (17,1% мүлде сенбейді, 21,8% өте аз сенеді), жергілікті басқару органдарына (15,8% мүлдем сенбесе, 22,4% өте аз сенеді) және саяси партиялар (15,6% мүлдем сенбейді, 21,7% өте аз сенеді) бар. Мұндай нәтижелер сарапшылар ұсынған бағалармен үйлесім тауып, жастардың саяси институттарға деген таңдамалы сенім үлгісін нақтылай түседі. Яғни, олар жекелеген билік өкілдеріне белгілі бір деңгейде сенім артқанымен, саяси жүйенің құрылымдық элементтеріне қатысты скептицизм білдіреді.

Ю.О. Булуктаевтың (2013) монографиясында Қазақстандағы партиялық жүйенің институционалдық тұрғыдан әлсіздігі, айқын идеологиялық бағдардың

болмауы, сондай-ақ саяси партиялардың қоғамдағы рөлінің шектеулі екендігі атап өтіледі. Оның пікірінше, партиялар азаматтардың мүдделерін білдіруден гөрі билік құрылымдарына бейімделуге көбірек ұмтылады, бұл өз кезегінде электоралдық бәсекенің жеткілікті деңгейде дамымауына алып келеді. Сонымен қатар, партиялардың әлеуметтік базасының әлсіздігі, жастардың және азаматтық қоғам топтарының саяси процестерге белсенді араласпауы олардың әлеуметтік лифт ретіндегі функциясын әлсіретеді. Идеологиялық фрагментация мен саяси ұйымдар арасындағы нақты бағдардың болмауы партиялардың қоғамдағы беделін төмендетіп, билікке тәуелділігін арттырады [44]. Мұндай жағдай жастардың партияларға деген сенімсіздігі мен дәстүрлі саяси институттарға селқостығын күшейтіп, олардың саяси белсенділігін көбіне әлеуметтік желілер мен бейресми арналар арқылы білдіруіне алып келуде.

3.2.3 Сарапшылар ұсынған жастардың саяси мәдениетін арттыру тетіктері

Эксперттер 10-15 жылдан астам тәжірибесіне сүйене отырып, жастардың саяси мәдениетін арттыру үшін бірнеше шаралар қабылдауды ұсынады. Бұл ұсыныстарды бірнеше негізгі бағыт бойынша топтастыруға болады.

1. Азаматтық патриотизм мен құндылықтық негізді нығайту. Жастардың саяси мәдениетінің іргетасы ретінде азаматтық патриотизмді нығайту ұсынылады. Патриоттық тәрбие – ұлттық бірегейлікті сезіну мен қоғамдық жауапкершілікті арттырудың маңызды құралы. Сарапшылар бұл бағытты жастардың саяси жүйеге сенімін күшейтуге жол ашатын алғышарт ретінде қарастырады (№1).

2. Саяси білім беру мен ақпараттық мәдениетті жетілдіру. Жастардың саяси сауатын арттыру мақсатында сарапшылар саяси білімді реформалауды ұсынады. Бұл ретте "Саясаттану" пәнін жүйелі оқыту, пікірталас клубтарын ұйымдастыру, гуманитарлық пәндердің саяси аспектілерін күшейту, жаңалықтарды талдау және тәуелсіз БАҚ-тың дамуына жағдай жасау маңызды саналады (№11, №4, №5). Мұндай қадамдар жастардың сыни ойлауын дамытып, саяси процестерге саналы түрде қарауына мүмкіндік береді.

3. Жастардың саяси белсенділігін күшейту және саяси қатысуды кеңейту. Саяси мәдениеттің маңызды индикаторы – саяси қатысу. Сарапшылар жастардың саяси жүйеге тікелей қатысуын қамтамасыз ету үшін сайланбалы лауазымдардың санын арттыруды (№3), жастар парламенттері мен кеңестері секілді құрылымдарды дамытуды ұсынады, өйткені мұндай органдар жастардың пікірін есепке алып, шешім қабылдауға ықпал етуге жол ашады (№9) .

4. Еркін пікір айту мен демократиялық кеңістікті кеңейту. Саяси мәдениеттің дамуы үшін жастардың пікірін ашық жеткізе алуына жағдай жасалуы тиіс. Осы ретте жастарға өз ойларын еркін білдіру мүмкіндігін беру және саяси бәсекелестікке жағдай жасау ұсынылады (№6, №7). Бұл демократиялық қағидаттарды күшейтіп, авторитарлық тенденциялардың әлсіреуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл бастамалардың сәтті жүзеге асуы үшін биліктің ішкі ерік-жігерін қалыптастыру керек (№8).

5. Экономикалық дербестік пен саяси сенім арасындағы байланыс. Кей сарапшылар жастардың жеке меншігі, бизнесі және мүлік иеленуі саяси еркіндік пен сенімділіктің негізі болатынын атап өтеді (№10). Экономикалық дербестік – азаматтық жауапкершілік пен саяси белсенділіктің артуына себепші болуы мүмкін.

6. Институционалдық реформалар және саяси жүйенің сапалық өзгерісі. Бұл ретте сарапшылар саяси институттардың автономиясын күшейтуді, нақты қатысу механизмдерін енгізуді және жастар бастамаларын қолдауды ұсынады (№11, №12). Сонымен қатар, Қазақстандық қоғамның тарихи сабақтастығын ескере отырып, саяси әлеуметтену институттарының сапасын арттыру, саяси белсенділікті көтеру секілді ұзақ мерзімді бағыттар ұсынылады (№13). Сарапшылар саяси білім беру, институционалдық реформа, жастардың саяси қатысуын арттыру, патриоттық құндылықтарды насихаттау және экономикалық дербестік сияқты бір-бірімен тығыз байланысты салалар бойынша ұсыныстар береді. Бұл пікірлер жастардың саяси мәдениетін арттыруды қамтамасыз ететін стратегиялық негіз ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорыта келе, жүргізілген сараптамалық сауалнама нәтижелері қазіргі жастардың саяси мәдениеті күрделі әрі көпқырлы сипатқа ие екенін көрсетті. Сарапшылардың пікірінше, жастардың саяси мәдениеті алдыңғы буыннан біршама ерекшеленеді: олар цифрлық ортада еркін, ақпаратқа қолжетімділігі жоғары, әлемдік үрдістерге ашық болғанымен, саяси сауаттылық пен институционалдық сенім деңгейі төмен күйінде қалып отыр. Саяси реформаларға қатысты көзқарастар да екіұшты болып тұрғанын байқауға болады. Бір жағынан онлайн-петициялар институты, “Барлығына қарсы” бағанының енгізілуі, ауыл әкімдерінің тікелей сайлануы сияқты өзгерістер жастардың саяси белсенділігіне оң әсер еткені байқалады. Екінші жағынан, реформалардың тиімділігі туралы сарапшылардың едәуір бөлігі “өте төмен” немесе “қанағаттанарлық деңгейде” деп баға берген. Бұл жастардың саяси қатысуында әлі де институционалды сенім дағдарысы бар екенін айғақтайды.

Сонымен қатар, сарапшылар жастардың қоғамдық-саяси белсенділігін негізінен орташа деңгейде бағалады. Жастардың электоралдық белсенділігі мен ресми саяси қатысуы төмен болғанымен, бейресми және онлайн белсенділігі жоғары екенін, сондай-ақ олардың саяси процестерге қатысуының негізгі арнасы әлеуметтік желілер екенін көрсетті. Бұл тенденция жастардың саяси мәдениетінде трансформация жүріп жатқанын, бірақ оның дәстүрлі саяси институттарға сенімсіздікпен қатар өрбитінін білдіреді. Сарапшылар жастардың саяси мәдениетін арттыру үшін патриоттық құндылықтарды нығайту, саяси білім беруді жетілдіру, жастардың тікелей қатысуын қамтамасыз ететін институттарды дамыту, еркін пікір білдіру кеңістігін кеңейту және экономикалық дербестікті күшейту қажеттігін алға тартады. Демек, жастардың саяси мәдениетінің трансформациясы белгілі бір оң серпінге ие болғанымен, оның институционалдық деңгейде орнығуы үшін легитимділікті арттыру сияқты кешенді және ұзақ мерзімді шаралар қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық жастардың саяси мәдениетін зерттеу барысында Алмонд пен Вербаның ұсынған типологиясы заманауи трансформация үдерістерін түсіндіруде маңызды құрал ретінде алынды. Алматы қаласындағы жастардың саяси реформаларға көзқарасы, саяси қатысу деңгейі, цифрлық кеңістіктегі белсенділігі олардың саяси мәдениетінің қатысушы типке жақындай түскенін көрсетеді. Алмонд пен Вербаның классикалық типологиясынан бастап заманауи зерттеулерге дейінгі еңбектер көрсеткендей, саяси мәдениет қоғамның демократиялық дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайында ол патриархалдық және бодандық элементтердің сақталуымен қатар, жастар арасында цифрлық белсенділік пен жаңа қатысушылық мәдениеттің қалыптасуымен ерекшеленеді. Бұл құбылыс саяси мәдениеттің динамикалық сипатын айқындап, ұлттық ерекшеліктер мен жаһандық үрдістердің тоғысында трансформацияланып жатқанын дәлелдейді.

Зерттеу гипотезасына сәйкес, Қазақстанда билік транзитінен кейін қабылданған саяси реформалар жастардың саяси мәдениетіне белгілі бір дәрежеде ықпал еткені анықталды. Дегенмен трансформация толық көлемде жүзеге асты деп бағалау мүмкін емес, өйткені ол әрдайым түбегейлі өзгерістерді емес, ішінара жаңғыруды да қамтиды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың бір бөлігі саяси санасы мен азаматтық белсенділігін арттырса, басым бөлігі әлі де формалды қатысумен шектелуде және билікке деген сенім деңгейі төмен болып отыр. Осыған сәйкес, қойылған зерттеу гипотезасы ішінара дәлелденді.

Диссертацияның теориялық-әдістемелік бөлімінде талданған тұжырымдамалар мен эмпириялық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, студенттік жастардың саяси мәдениетін түсіндіретін интегративті авторлық концепция қалыптастырылды. Бұл концепция жастардың саяси мәдениетін тарихи-мәдени мұраның, қазіргі институционалдық реформалардың және цифрлық қатысу тәжірибесінің тоғысында қалыптасатын көпқабатты динамикалық құрылым ретінде қарастырады. Зерттеу нәтижелері студенттік жастардың саяси мәдениетінде дәстүрлі саяси бағдарлар мен жаңа цифрлық белсенділік элементтері қатар өмір сүретін гибридті модельдің пайда болғанын көрсетті. Сонымен бірге, саяси реформалар жастардың саяси қатысу арналарына ықпал етіп, онлайн-платформалар арқылы белсенділік артып келеді. Әзірленген концепция классикалық саяси мәдениет теорияларын цифрлық қоғамның жаңа үрдістерімен біріктіретін кешенді түсіндіру моделін ұсынады.

Қазақстандағы саяси мәдениеттің өзгерісі қарама-қайшылықтарға толы ұзақ процесс болып отыр. Демократиялық институттарды нығайтуға бағытталған реформаларға қарамастан, әлеуметтік теңсіздік, туыстық-рулық қатынастар, иерархиялық дәстүрлер мен гендерлік шектеулер олардың толыққанды іске асуына кедергі келтіреді. Мұндай факторлар жастардың саяси белсенділігі мен мемлекеттік құрылымдарға сенімін әлсіретсе де, қоғамда

ашықтық пен әділдікке деген сұранысты арттырып, болашақта саяси мәдениеттің жаңаруына серпін беруде.

Бұл қайшылықтарды еңсеру үшін жастарға тең мүмкіндіктер жасау, сапалы білім мен әлеуметтік лифттерді қолжетімді ету, мемлекеттік басқаруда меритократия қағидатын орнықтыру және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету қажет. Сонымен бірге, жастардың цифрлық белсенділігін ресми қатысу алаңдарымен ұштастыру, билік институттарының ашықтығын арттыру және азаматтардың шешім қабылдау процесіне араласуына жол ашу саяси мәдениеттің демократиялық әрі инклюзивті дамуына жағдай жасайды.

Жастарды саясатқа тарту үшін олардың қажеттіліктері ескеріліп, кедергі болатын факторлар жойылуы тиіс. Егер негізгі әлеуметтік мәселелері шешілмесе, жастар саяси процеске қатысуға құлықсыз болып, бұл мемлекеттік институттарға сенімнің төмендеуіне әкеледі. Сенім дағдарысы наразылықтың артуына және саяси тұрақтылыққа қауіп төндіруі мүмкін.

Жастардың саясаттан алыстауы толық бейқамдық емес, яғни олар дәстүрлі институттарға сенімсіздік танытып, саяси ұстанымдарын әлеуметтік желілерде білдіруді жөн көреді. Онлайн белсенділік наразылық көңіл-күйінің жаңа формасына айналып, саяси мәдениеттің трансформациясын айқындайды. Жастардың саяси институттарға сенімсіздігі саяси бәсекенің шектеулілігі, партиялардың формалды әрекеті, әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі және 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы сияқты факторлармен байланысты. Соның салдарынан жастар ресми арналардан гөрі цифрлық кеңістікке жүгінеді.

Зерттеу нәтижелері жастардың саяси ақпаратты негізінен Instagram, TikTok, YouTube секілді әлеуметтік желілерден алатынын көрсетті. Сондықтан партиялар мен үміткерлер жастардың назарын аудару үшін дәл осы платформаларды креативті пайдалану қажет деп тұжырымдаймыз.

Саяси реформалар мен цифрландыру студент жастардың саяси мәдениетіне бір-бірімен тығыз ықпал етеді. Реформалар институционалдық негіз қаласа, цифрлық орта жастардың саясатқа қатысуын тездетіп әрі жеңілдетеді. Бұл өзара әрекеттестік жастардың саяси белсенділігін жаңа сапалық деңгейге шығарады. Саяси реформалар жаңа қатысу формаларын заңдастыру арқылы оң ықпал етті, бірақ институционалдық сенім дағдарысы әлі де сақталуда. Сарапшылар жастардың ресми саяси белсенділігі төмен екенін, алайда онлайн және бейресми белсенділігі жоғары екенін атап өтті. Жастардың саяси мәдениетін нығайту үшін саяси білім беру, еркін пікір білдіру кеңістігін кеңейту және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту қажет.

Бүгінгі таңда жастарға технологиялар, жаһандану және саясаттан тыс түрлі мүмкіндіктер ұсынылғанымен, олардың саяси әлеуметтенуі үшін нақты әлеуметтік лифттер мен даму жолдары қажет. Бұл ретте жас саясаткерлер мектебі, партиялардың жастар қанатын күшейту, кәсіби бағдар беру бағдарламалары, жастар көшбасшыларын танытатын PR-кампаниялар және партия құрылымдарына жастардың шынайы қатысуын қамтамасыз ету

маңызды. Мұндай тетіктер жастардың саяси жүйеге енуіне ықпал етіп, олардың саяси мәдениетін қалыптастырады.

Саяси білімді арттыру – жастардың саяси мәдениетінің дамуының негізгі шарты. Қазақстан мектептерінде қазіргі оқу бағдарламасында 9–11 сынып аралығында "Құқық негіздері", "Адам. Қоғам. Құқық" (бұрынғы "Адам және қоғам") пәндері бар, алайда бұл пәндерде саясаттану бөлігі көбіне үстірт қаралады. Бұл бағытта мектеп бағдарламасына “Саясат негіздері” сияқты элективті пәндерді енгізу жастардың саясатқа деген қызығушылығын арттырып, олардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал жоғары оқу орындарында “Саясаттану”, “Әлеуметтану”, “Мәдениеттану” пәндерін тәжірибелік бағытта оқыту маңызды. “Саясаттану” пәнінің практикалық сабақтары аясында әкімшілік, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы сияқты мемлекеттік институттарға апарып, ішкі механизмдерімен таныстыру; студенттерді Астанадағы Парламентке апарып тағылымдамадан өткізу, заң шығару жұмыстарының ерекшеліктерімен танысу, экскурсия жасау сияқты шаралар өткізу жастардың саясатқа қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Бұл тәсіл БҰҰ Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде ұйымдастырылатын ақылы экскурсиялар тәжірибесімен ұқсас келеді. БҰҰ-дағы турлар арқылы азаматтар халықаралық саясаттың құрылымын көзбен көріп, маңызды шешімдердің қалай қабылданатынын түсінуге мүмкіндік алса, Парламентке жасалатын экскурсиялар мен тағылымдамалар Қазақстан жастарының отандық саяси жүйеге деген қызығушылығы мен сенімін арттырып, олардың саяси мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай шара жастарды тек көрермен емес, болашақ саяси шешімдер қабылдаушы ретінде дайындаудың бір жолы. Бұндай тәжірибе 2016 жылы Астана мен Алматы студенттерінің, ал 2023 жылы Қызғызстан студенттері мен мектеп оқушыларының қатысуымен болған екен. Яғни, бұл сирек емес, жыл сайын өткізілетін шара ретінде қалыстастыруы қажет.

Сонымен қатар, қазіргі жастар дәстүрлі телевизиялық арналарға қарағанда онлайн-контентті жиі тұтынатындықтан, YouTube платформасында саяси мәселелерді талқылайтын ток-шоулар мен подкасттар ұйымдастыру қажет. Бұл жастардың пікірталас мәдениетін дамытуға және саяси сауаттылықты арттыруға ықпал етеді. Қазіргі таңда мұндай контент өте аз, сондықтан осы бағыттағы жобаларды жүйелі түрде қолдау өзекті болып табылады. Жастардың саяси мәдениетін дамыту үшін қосымша семинарлар, пікірталас алаңдары ұйымдастырылып, еркін пікір білдіру мәдениеті қалыптастырылуы тиіс. Бұл олардың патриотизмін, азаматтық жауапкершілігін арттырып, ұлттық дамуға үлес қосуына мүмкіндік береді.

Саяси жүйенің сапалы трансформациясы үшін әлі де институционалдық реформалар қажет. Сайлау процесінің әділеттілігін қамтамасыз ету, билік өкілдерінің ашықтығын арттыру, жемқорлықты жою және жастардың билікке келуіне жол ашу демократиялық дамудың басты шарттары болып табылады. Ал саяси реформалар кезеңінде жастардың рөлін күшейту мақсатында бірнеше маңызды бағыттарды назарға алу қажет. Біріншіден, жастарды саяси реформаларды жүзеге асыру процесіне тікелей қатыстыру олардың азаматтық

белсенділігін арттырып, саяси жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Екіншіден, жастарды тек электоралды ресурс немесе саяси құрал ретінде емес, толыққанды саяси шешім қабылдаушы субъект ретінде қалыптастыру қажет. Үшіншіден, мемлекет жастардың қозғаушы күші ретіндегі әлеуетін мойындап, олардың саяси процестерге белсенді араласуына жағдай жасауы тиіс.

Соңында, «Естітін мемлекет» тұжырымдамасы аясында Үкіметтің ашықтығын одан әрі күшейту маңызды. Мемлекеттік органдар халықтың мұң-мұқтажына дер кезінде жауап беріп қана қоймай, қоғамдық ұйымдар мен белсенділерді шешім қабылдау процесіне кеңінен тартуы қажет. Бұл қадам қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтып, жастардың да саяси жүйеге деген қызығушылығы мен сенімін арттыра алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Almond, G. A., & Verba, S. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Princeton University Press, 1963. – 390 p.

2 Dahl R. A. Who Governs? Democracy and Power in an American City. New Haven: Yale University Press, 1961.

3 Norris P. Democratic Deficit: Critical Citizens Revisited. Cambridge: Cambridge University Press, 2011.

4 Huntington S. P. The Clash of Civilizations and the Remaking of World Order. – New York: Simon & Schuster, 1996. – 367 p.

5 Huntington S. P. Political Order in Changing Societies. – New Haven: Yale University Press, 1968. – 488 p.

6 Inglehart R., Welzel C. Modernization, Cultural Change, and Democracy: The Human Development Sequence. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – 320 p.

7 Pye L. W. Aspects of Political Development: An Analytic Study. 2nd ed. Boston: Little, Brown, 1966.

8 Wilson R. W. American Political Culture in Comparative Perspective // Political Psychology. – 1997. – Vol. 18, № 2. – P. 503–517.

9 McLean I., McMillan A. The Concise Oxford Dictionary of Politics. 3rd ed. Oxford: Oxford University Press, 2009.

10 Nguyen M. G. *Political culture: A literature review*. Thu Dau Mot University Journal of Science, 6(2), 2024. p. 168–178. https://doi.org/10.37550/tdmu.EJS/2024.02.542

11 Jennings M. Kent, & Niemi R. G. *The Political Character of Adolescence: The Influence of Families and Schools*. Princeton University Press, 1974

12 Mezey, S. G. Political socialization and political participation among university students in Thailand. Asian Survey, 15(6), 1975. p. 499–509. https://doi.org/10.2307/2643262

13 Abrahams, J., & Brooks, R. Higher education students as political actors: evidence from England and Ireland. Journal of Youth Studies, 22(1), 2019. p. 108–123. https://doi.org/10.1080/13676261.2018.1484431

14 Pfaff N. Youth culture as a context of political learning: How young people politicize amongst each other // Young. – 2009. – Vol. 17(2). – P. 167–189. – DOI: 10.1177/110330880901700204.

15 Milner H. The Political Knowledge and Political Participation of Young Canadians and Americans: Working Paper No. 56. – Paris: The American University of Paris, 2007. – Режим доступа: https://www.researchgate.net/publication/228943466 (қаралған күні: 16.04.2024).

16 Dalton, R. J. The Good Citizen: How a Younger Generation Is Reshaping American Politics. CQ Press, 2008. - 284 p.

17 Ekman J., Amna E. Political participation and civic engagement: Towards a new typology // Human affairs, 2012. - No22. - P. 283-300. doi: 10.2478/s13374-012-0024-1

18 Bennett, W. L. Changing citizenship in the digital age. In W. L. Bennett (Ed.), *Civic life online: Learning how digital media can engage youth* (pp. 1–24). Cambridge, MA: MIT Press, 2008.

19 Yamamoto M., Kushin M. J., Dalisay F. Social media and mobiles as political mobilization forces for young adults: Examining the moderating role of online political expression in political participation // New Media & Society. – 2015. – Vol. 17(6). – P. 880–898.

20 Vitak J., Zube P., Smock A., Carr C. T., Ellison N., Lampe C. It's complicated: Facebook users' political participation in the 2008 election // Cyberpsychology, Behavior and Social Networking. – 2011. – Vol. 14(3). – P. 107–114.

21 Bode L., Dalrymple K. E. Politics in 140 characters or less: Campaign communication, network interaction, and political participation on Twitter // Journal of Political Marketing. – 2016. – Vol. 15(4). – P. 311–332.

22 Feezell J. T. Agenda setting through social media: The importance of incidental news exposure and social filtering in the digital era // Political Research Quarterly. – 2018. – Vol. 71(2). – P. 482–494.

23 Gaby S. The civic engagement gap(s): Youth participation and inequality from 1976 to 2009 // Youth & Society. – 2017. – Vol. 49(7). – P. 923–946.

24 Schafer J. Delayed gratification in political participation // American Politics Research. – 2020. – Vol. 49(3). – P. 304–312.

25 Loader, B. D., Mercea, D. Networking democracy? Social media innovations and participatory politics // *Information, Communication & Society.* – 2011. – Vol. 14, № 6. – P. 757–769. – DOI: 10.1080/1369118X.2011.592648.

26 Smyth T.N., Best M.L. Tweet to trust: Social media and elections in West Africa // Proceedings of the Sixth International Conference on Information and Communication Technologies and Development. – 2013. – Vol. 1. – P. 133–141.

27 Miller P.R., Bobkowski P.S., Maliniak D., Rapoport R.B. Talking politics on Facebook: Network centrality and political discussion practices in social media // Political Research Quarterly. – 2015. – № 68(2). – P. 377–391.

28 Lonkila M., & Jokivuori P. Sharing and liking as youth nano-level participation: Finnish students' civic and political engagement in social media. Journal of Youth Studies, 26(6), 2023. p. 803–820. https://doi.org/10.1080/13676261.2022.2049731

29 Chen X. (Xuemei), Cao R., Hashim N. B., Kamarudin S. B., Ren C., & He Y. Navigating new media: The impact of short video platforms on political news consumption among Chinese university students. Environment and Social Psychology, 10(1), 3393, 2025. https://doi.org/10.59429/esp.v10i1.3393

30 Gupta S. Role of media on political socialization of graduate & post graduate students in West Tripura District. Journal of Research in Humanities and Social Science, 10(8), 2022. p. 276–278. Retrieved from https://www.questjournals.org/jrhss/

31 Гаджиев К. С. Введение в политическую науку: учебник для высших учебных заведений. М.: Логос, 2001. 544 с.

32 Панарин А. С. Политология. Западная и Восточная традиции: учебник для вузов. М.: Книжный дом «Университет», 2000. 320 с.

33 Бухнер А.А. Политическая культура молодежи как фактор развития гражданского общества // *Вестник Международного института рынка*. – 2021. – № 1. – С. 57–64.

34 Клімова, Г. П. ФЕНОМЕН ПОЛІТИЧНОЇ КУЛЬТУРИ: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧНИЙ ДИСКУРС. *"Вісник НЮУ імені Ярослава Мудрого". Серія: Філософія, філософія права, політологія, соціологія*, *2*(45), 2020. Стр. 56–70. https://doi.org/10.21564/2075-7190.45.200887

35 Рязанов А. В., Морохова Е. И. Российская политическая культура: динамика и тенденции // Social Philosophy. 2020. Т. 13, № 1. DOI: 10.30853/manuscript.2020.1.31.

36 Тульчинский Г. А. Российская политическая культура: особенности и перспективы. М.: Алетейя, 2014. 176 с.

37 Ордуханян Э. Особенности политической культуры при постсоветских интеграционных и демократизационных процессах // Вестник Ереванского университета. Международные отношения, Политология. – 2017. – Т. 2, № 23. – С. 58–66.

38 Поснова Т. Особенности формирования политики и культуры молодёжи // Социальная психология. 2004. № 6.

39 Ключникова Т. Н., Исаева Е. Ю. Факторы трансформации политической культуры российской студенческой молодежи // Гуманитарий Юга России. 2021. № 4(50). С. 72–82. DOI: 10.18522/2227-8656.2021.4.5.

40 Расторгуев, С. В. Политическая идентичность и политическая культура современной российской молодежи. *Власть*, *31*(4), 2023. Стр. 126-131. https://doi.org/10.31171/vlast.v31i4.9702

41 Норманская А. В., Кривчик В. В. Специфика трансформации современной политической культуры молодежи Рос сийской Федерации // Вестник Восточно-Сибирского государственного института культуры : научный журнал по искусствоведению, культуро логии, историческим наукам. – 2024. – № 1(29). – С. 78-89.

42 Старосоцкая Е. В. Динамика политической культуры молодежи: от нигилизма к зрелости // Культура, личность, общество в современном мире: Методология, опыт эмпирического исследования: XX Международная конференция памяти проф. Л. Н. Когана, Екатеринбург, 16–18 марта 2017 г. – Екатеринбург: УрФУ, 2017. – С. 585–593.

43 Борисова А. Б. Трансформация политической культуры молодежи в эпоху перестройки // Урал индустриальный: Бакунинские чтения: материалы IX Всероссийской научной конференции. – Екатеринбург: Изд-во "Автограф", 2009. – Т. II. – С. 299–303.

44 Притчина Е.В. Трансформация политической культуры: теоретическая модель // Известия Алтайского государственного университета. – 2003. – № 4. – С. 79–84.

45 Нысанбаев А. Н. (ред.) Политология: учебник. Алматы, 1998. 367 с.

46 Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А. Эволюция политической системы Казахстана: в 2 т. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – Т. 1. – 351 с.

47 Машан М.С. Посттоталитарная трансформация политической системы Казахстана Автореф. дис. на соиск. учен. степ. д.полит.н., Спец. 23.00.02 / [Казах. гос. нац. ун-т им. аль-Фараби]. — Алматы 2000. — 50, [4] с.

48 Машан М.С. Политический плюрализм в переходном обществе (на примере Республики Казахстан): Автореф. дисс. ...канд. полит. наук. – Алматы, 1996. – 20 б.]

49 Қадыржанов Р.К. Консолидация посткоммунистической политической системы: вопросы теории и опыт Казахстана Автореф. дис. на соиск. учен. степ. д.полит.н., Спец. 23.00.01, Спец. 23.00.02 / М-во образования и науки Респ. Казахстан, Ин-т философии и политологии. — Алматы 2001. — 44, [2] с

50 Чеботарев А. Е. Политическая мысль суверенного Казахстана: истоки, эволюция, современность. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2021. – 312 с.

51 Rystina I. S. Evolution of the political culture of the youth of Kazakhstan // Procedia – Social and Behavioral Sciences. 2013. Vol. 89. P. 293–298. DOI: 10.1016/j.sbspro.2013.08.869.

52 Sairambay Y. Political Culture and Participation in Russia and Kazakhstan // Slavonica. 2021. Vol. 26, No. 2. P. 116–127. DOI: 10.1080/13617427.2021.1983095.

53 Карабекова Ж. Развитие политической культуры Казахстана. 2014. С. 6. URL: https://ehistory.kz/media/upload/1466/2014/06/26/848a69457f36d2ae1b74769a2011a855.pdf (қаралған күні: 10.01.2025).

54 Курганская В. Д., Дунаев В. Ю., Сагикызы А. Ценности и нормы политической культуры в общественном сознании казахстанцев // Социологические исследования. 2023. № 6. С. 94–100.

55 Мұсатаев С.Ш. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам қалыптасуының саяси-әлеуметтік мәселелері: С.ғ.к.автореферат. 2007: 23.00.02. - 45 б.

56 Әуелғазина, Т.Қ. Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуі [Мәтін]: саяси ғ.д. автореферат:23.00.02-Саяси институттар,этносаяси конфликтология,ұлттық және саяси процестер мен технологиялар. – Алматы, 2007: Абай ат.ҚҰПУ. - 53 б.

57 Алияров Е. Қ. Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақпараттық саясаты жаһандану жағдайында: саясаттану ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2006. – 317 б.

58 Сұлтанбаева Г. С. Саяси коммуникацияның негіздері мен тәжірибесі: монография. – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2006. – 162 б.

59 Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында / Л.Ю. Зайниева. –Өңдел.тол. 2-ші бас. – Алматы : Дайк-Пресс, 2009. - 284 бет

60 Абдирайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 224 б.

61 Абдирайымова Г.С., Шнарбекова М.К. Политические устремления казахстанской молодежи // Świat Idei i Polityki. 2016. С. 312–329.

62 Шадинова Г. А., Колеген Г. Б. Развитие политического самосознания молодежи в современном казахстанском обществе // Теория и практика современной науки. – 2019. – № 5(47). – С. 636.

63 Төлен Ж. Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетінің қалыптасу ерекшелігі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2020. № 71(3). С. 7–17. DOI: 10.51889/2020-3.1728-8940.01.

64 Насимова Г. О., Кенесов А. А. Қазақстан республикасында студенттік жастардың құқықтық және саяси мәдениетінің өзара қатынас ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және мәдениеттану сериясы. 2018. № 60(2). С. 228–236.

65 Кульбаева Д. Д., Омирзакова Д. Д. Анализ ценностей и культуры современной Казахстанской молодежи // Вестник Dulaty University. 2024. № 3. С. 50–56. DOI: 10.55956/IRZU5489.

66 Kilybayeva S., Nassimova G., Massalimova A. The Kazakhstani's Youth Engagement in Politics // Studies of Transition States and Societies. 2017. Vol. 9, No. 1. P. 53–71.

67 Акесина А., Тоқтаров Е. Қазақстандық жастардың саяси белсенділігі: социологиялық өлшем // Қоғам және дәуір. – 2022. – № 76(4). – Б. 6–22. – DOI: 10.52536/2788-5860.2022-4.01.

68 Nessipkaliyev D. E., Tufekcioglu H. Political socialization of students: A comparative analysis in a large city // Хабаршы. Психология және социология сериясы. – 2022. – № 1(84). – С. 54–68. – URL: https://doi.org/10.1234/journal.abc.123 (қаралған күні: 03.04.2025).

69 Саитова Н., Халикова Ш. Трансформация политического сознания студенческой молодежи Казахстана // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2018. – Т. 55, № 1. – С. 235–242. – URL: https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/246 (қаралған күні: 03.04.2025).

70 Khalikova S., Nassimova G., Saitova N., Kamaldinova A. Determinants of the political culture of Kazakhstani students // Global Journal on Humanities & Social Sciences. – 2016. – Vol. 4. – P. 843–850. – URL: http://sproc.org/ojs/index.php/pntsbs (қаралған күні: 03.04.2025).

71 Assylbekovna K. A., Orlenbaevna N. G., Alekseevna S. N., Bahitzhanovna K. S. Development of political culture of Kazakhstani students: Political and cultural determinants // Global Journal on Humanities & Social Sciences. – 2016. – Vol. 04. – P. 145–150. – Режим доступа: http://sproc.org/ojs/index.php/pntsbs

72 Жампетова А. О., Атай Ф., Алкан С. Я. О политических ценностях и предпочтениях студенческой молодежи Казахстана // Социологические исследования. – 2024. – № 4. – С. 148–152. – DOI: 10.31857/S0132162524040135.

73 Tolen Z., Aitymbetov N., Ismagambetov T., Toktarov Y., Alisherova A. The Impact of Digitalization on Political Engagement Among Kazakh Youth: A Comparative Study Before and After Qandy Qantar (Sanguinary January) of 2022 // Journal of Social Studies Education Research. – 2023. – Vol. 14(3). – P. 97–116.

74 Айтымбетов Н. И., Набиева Л. И. Цифрландыру жағдайында қазақстандық жастардың саяси белсенділігінің қалыптасуы // Әл-Фараби. – 2023. – № 1(81). – DOI: 10.48010/2023.1/1999-5911.13.

75 Айтымбетов Н. Ы., Нышанбаев Н. К. Қазіргі қазақстандық жастардың саяси мәдениетінің өзгеруіне цифрлы технологиялардың ықпалы // Хабаршы. Философия сериясы. – 2021. – № 2(101). – Б. 109–118. – DOI: 10.26577/JH.2021.v101.i2.13.

76 Тілеген Ә., Решетняк А., Бейсембаев С. Аңғарылмайтын алуандық: Қазақстандағы саяси құндылықтар ландшафтысы // PaperLab. – 2024. – URL: https://paperlab.kz/qazaqstandagy-saiasi-qundylyqtar-landshaftysy (қаралған күні: 03.04.2025).

77 Шарипова Д., Бейменбетов С. Молодежь в Казахстане 2021: оценка ценностей, ожиданий и стремлений. – Алматы: Friedrich-Ebert-Stiftung Kazakhstan, 2021. – 72 с.

78 Сатпаев Д. Молодежь принесет в политику национал-патриотические и религиозные идеи / Тлеубай А. // Youth.kz. – 2021. – 20 октября. – URL: https://youth.kz (қаралған күні: 03.04.2025).

79 Жунусканов Т. Конституционное законодательство Нового Казахстана: новые проблемные вопросы структуры // Вестник СПбГУ. Право. – 2024. – № 2. – С. 544–560. – DOI: 10.21638/spbu14.2024.216.

80 Duisen G. M., Aitzhanova D. A. Prospects for a New Level of Bilateral and Multilateral Relations of the Central Asian Countries // Adam alemi. – 2023. – T. 3(97). – P. 116–123.

81 Junisbai, B., & Junisbai, A. Are Youth Different? The Nazarbayev Generation and Public Opinion in Kazakhstan. *Problems of Post-Communism*, *67*(3), 2018. Pp. 251–263. https://doi.org/10.1080/10758216.2018.1520602

82 Sinha N. Political Cognition: The Unconscious Mechanisms Underlying Political Beliefs and Action // Sinnott J.D., Rabin J.S. (eds.) The Psychology of Political Behavior in a Time of Change. Identity in a Changing World. Cham: Springer, 2021. DOI: 10.1007/978-3-030-38270-4_9.

83 Greenstein F. I. A note on the ambiguity of «Political Socialization» // Journal of Politics. 1970. Vol. 32, No. 4. P. 969–978.

84 O'Donnell G., Schmitter P. C., Whitehead L. Transitions from Authoritarian Rule: Tentative Conclusions about Uncertain Democracies. Baltimore: Johns Hopkins University Press, 1986.

85 Turan I. The Evolution of Political Culture in Turkey. In: Evin, A. (eds) Modern Turkey: Continuity and Change. Schriften des Deutschen Orient-Instituts. VS Verlag für Sozialwissenschaften, Wiesbaden. 1984. https://doi.org/10.1007/978-3-663-01177-4_5

86 Karini, A. Politico-Administrative Culture and Public Service Reform in Post-Independence Kazakhstan. *Administrative Sciences*, *14*(10), 2024. P. 268. https://doi.org/10.3390/admsci14100268

87 Ашимбаев М.С. Политический транзит: от глобального к национальному измерению. Астана: Ел орда, 2002. — 304 С.

88 Дьяченко С. Политический транзит в современном Казахстане [Текст] /... – Астана : Елорда, 2001. - 384 с. Дьяченко С., Кармазина Л., Сейдуманов С. Политические партии Казахстана, 2000 год (справочник). Алматы, 2000. С. 289.

89 Булуктаев, Ю. Дьяченко, С. Кармазина, Л. Политические партии Казахстана: Справочник (Алматы, ИПК), 1998. – 77 стр.

90 Булуктаев Ю.О. Партийно-политическое строительство в Республике Казахстан (1991-2012 гг.): монография; Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан- Алматы, 2013: КИСИ при Президенте РК.– 500 экз. . – 978-601-7242-68-8

91 Kevlahan R. Threading a needle: Kazakhstan between civic and ethno-nationalist state building // Nations and Nationalism. – 2013. – Vol. 19, No. 2. – P. 337–356.

92 Қойгелді М. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди / Құраст.: Қойгелді М. – Алматы: Қаз ақпарат, 2015. – URL: https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/storage/upload/iblock/a96/a969cc6848c1d1865e58c00be79cbf2f.pdf&ln=kz (қаралған күні: 03.04.2025).

93 World Bank. Kazakhstan poverty and equity assessment 2024. World Bank, 2024.

94 OECD. Youth Well-being Policy Review of Kazakhstan. OECD Publishing, 2023.

95 Isaacs R. The Kazakhstan Now! Hybridity and Hipsters in Almaty // In The Nazarbayev Generation. Youth in Kazakhstan. – New York: Lexington Books, 2019. – P. 227–243.

96 Caron C., Raby R., Mitchell C., Thewissen-LeBlanc S., Prioletta J. From concept to data: Sleuthing social change-oriented youth voices on YouTube // Journal of Youth Studies. – 2017.

97 Симтиков Ж.К. Особенности формирования и реализации молодежной политики в республике Казахстан на современном этапе : автореферат дис. ... доктора политических наук : 23.00.02. – Алматы, 2004. - 58 с.

98 Кенжалин Ж. О. Баспасөз – халық рухын көтерудің, ұлт намысын оятудың қуатты құралы [мәтін] // Ұлт порталы, 2016. – URL: (кіру күні: 13.08.2025).

99 Килыбаева Ш. Е. Политическая активность молодежи Казахстана и Кыргызстана: сравнительный анализ: дис. … д-ра полит. наук. – 2018. – Режим доступа: https://m.eruditor.one/file/3092726/

100 Жампетова А. О. Замануи қоғамның жаңғыруы контекстіндегі саяси құндылықтар: дис. … докт. – 2024. – Режим доступа:

file:///C:/Users/user/Downloads/3795612232676d4453409109718287 07_Диссертация%20Жампетова%20АО_.pdf (қаралған күні: 03.04.2025).

101 Niemi R. G., Junn J. Civic Education: What Makes Students Learn. – New Haven, CT: Yale University Press, 1998.

102 Delli Carpini M. X., Keeter S. What Americans Know About Politics and Why It Matters. – New Haven, CT: Yale University Press, 1996.

103 ҚАЗАҚСТАН-2023: қазіргі үрдістер мен болашақ бейнесі: ұжымдық монография. – Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2024. – 260 б.

104 Yakasai B. A., Alisherova A. Need to implement political and civic education in post-soviet schools // Материалы Международной научно-практической конференции "Education and Psychological, Pedagogical Science: System, Continuity, Innovation". – Алматы: Казахский университет, 2023. – С. 593.

105 Alisherova A. B. Enhancing Political Awareness Among Kazakhstani Youth: Strategies for Improvement // Reviews of Modern Science. – 2024. – №6. – Режим доступа: https://ojs.scipub.de/index.php/RMS/article/view/3597

106 Dalton R. Democratic Challenges, Democratic Choices: The Erosion of Political Support in Advanced Industrial Democracies. – Oxford: Oxford University Press, 2004.

107 Inglehart R. F. Changing Values among Western Publics from 1970 to 2006 // West European Politics. – 2008. – № 1–2. – P. 130–146.

108 Працко Г. С., Шпак В. Ю. Политические реформы и революции // Философия права. – 2014. – № 3. – С. 56–60.

